


Қ.М. Байтанасова

ӘДЕБИЕТТАНУҒА КІРІСПЕ

Оқу құралы



ЭБЕРО
Алматы, 2018



ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 қаз) я 73
Б 17

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.*

Жауапты редактор – ҰҒА академигі, филология ғылымдарының
докторы, профессор **С.А.Қасқабасов**

Пікір жазғандар:

Қ.Алпысбаев – филология ғылымдарының докторы,
профессор.

М.Оразбек – филология ғылымдарының докторы, профессор.

Б17 Байтанасова Қ.

Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2018.
116 б.

ISBN 978-601-310-926-8

Кітапта әдебиеттануға кіріспе пәнінің негізгі мәселелері,
мән-маңызы, әдеби әдіс, жанр, әдеби бейне, көркем туындыға
қатысты саралаулар, олардың ерекшелігі, көркем мәтінді талдау
түрлері бүгінгі күн тұрғысынан зерделеу арқылы айқындалып,
бастапқы ғылыми-теориялық ұғымдар беріледі.

Бұл еңбек жоғары, арнайы оқу орындарының филолог
студенттеріне, мамандарына және мектеп мұғалімдеріне арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 қаз) я 73

ISBN 978-601-310-926-8

© Байтанасова Қ., 2018
© Эверо, 2018

КІРІСПЕ

Алғашқы әдебиеттанушылық білімді беретін – «Әдебиеттануға
кіріспе» пәні мамандыққа деген кіріспеден, шолу, жинақтаудан
тұрады. Яғни, күні кеше орта білім деңгейінде әдеби білімді меңгеріп
келген шәкірт жоғары оқу орнында өзінің мамандыққа таңдауын,
ұғымын осы пәнде қалыптастырады. Бұрын пәндер саласында қатар
оқылған пән – Әдебиетті енді маман ретінде, филологиялық білім
ретінде меңгереді. Міне, осы ретте «Әдебиеттануға кіріспе» пәні
әдеби білімге деген алғышарт, алғашқы баспалдақ болып табылады.
Енді филолог-студент әдеби білімді кәсіби түрде меңгеруге тиіс.

Филолог-маманның өз мамандығына деген алғашқы білік-икемі
мәтінді меңгеруден басталады. «Әдебиеттануға кіріспе» пәні
студенттерге әдеби терминдердің, әдеби-теориялық ұғымдар мен
категориялардың мәнін аша отырып, көркем мәтінді талдау
жолдарын игертуді көздейді. Әдебиеттануға кіріспе пәні әдебиеттану
ғылымы, көркемөнер, әдеби бейне, көркем шығарма, әдеби жанр,
көркем туынды тілі, әдеби үдеріс, әдеби шығармашылық, стиль
сияқты әдебиеттанудың басты категорияларын саралайды.

Әдебиеттануға кіріспе пәнін оқытудағы мақсат – білім
алушыларға әдебиеттанудың қалыптасуын, басты ағым-бағыттарды
айқындау, негізгі әдеби мектептер мен ондағы жетекші
ұстанымдардың, категориялар мен терминдердің мәнін ашу, әдеби
бейне, көркем мәтін, әдеби жанр, көркем шығарманың тілі сияқты
әдебиеттанудың басты категорияларын игерту.

Оқу пәнінің міндеттері:

- әдебиеттану ғылымы және оның салаларын білу;
- әдеби даму, әдіс, ағым, бағыт ұғымдарын меңгеру;
- әдеби бейне, оның түрлері мен жасалу жолдарын тану;
- көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын, мазмұны мен
пішінін, тілін оқып үйрену;
- әдеби жанр, оның түрлерін, өзіне тән ерекшеліктерін білу;
- көркем шығарманың стилін, суреткердің дербес стилін
талдауды меңгеру.

«Әдебиеттануға кіріспе» пәні студенттерге әдеби бейне, көркем
мәтін, әдеби жанр, тақырып пен идея, мазмұн мен пішін, көркем
шығарманың тілі, көркемдегіш құралдар т.б. әдебиеттанудың басты
категорияларын саралап, отандық әдебиеттануда орныққан

теориялық тұжырымдарды саралап, ғылыми ізденістер жасауға бағыттайды.

Оқу құралы негізгі тақырыптардан, практикалық бағыттағы сұрақтардан, тапсырмалардан, тест сауалдарынан тұрады.

ӘДЕБИЕТТАНУҒА КІРІСПЕ ПӘНІ, САЛАЛАРЫ

Мақсаты: Әдебиеттануға кіріспе пәні, мақсаты мен міндеті және оның салалары туралы мәлімет беру.

1. Әдебиеттану ғылымы, салалары
2. Әдебиет тарихы
3. Әдебиет сыны
4. Әдебиет теориясы
5. Әдебиеттануға байланысты негізгі ұғымдар

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: Филология, әдебиеттану, әдебиет сыны, тарихы, теориясы, библиография, текстология.

Филология – адам баласының рухани мәдениетінің мәні мен тарихын жазба мәтіндерді тілдік және стилистикалық тұрғыдан талдау арқылы танып білуге негізделетін лингвистика, әдебиеттану, тарих секілді гуманитарлық пәндердің бірлестігі, жиынтығы. Екінші жағынан филология көне әдебиеттер қолжазбасында орныққан жанама филологиялық дерек, әдебиеттанушылар мен лингвистер қатар меңгеруге тиісті әдістеме. Бұл болашақ мамандар үшін жалпыфилологияның өзекті мәселелерін зерттеуде маңызды орын иеленеді.

Филологияның негізгі тірегі – мәтін. Мәтінге баса назар аударатын отырып, оған түсініктемелер бере отырып, филология адам болмысын, әсіресе, адамның рухани әлемін барынша танып-білуге ұмтылады.

Филология ғылымы екі үлкен салаға бөлінеді:

1. Тіл білімі
2. Әдебиеттану

Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін, әдебиет туралы ғылым. Бұл ғылымға беташар тәрізді әдебиеттің табиғатына тән ең бір қарапайым қағидалар, түсініктер «Әдебиеттану ғылымына кіріспе» деп аталатын арнаулы пән арқылы талданады. Әдебиеттану ғылымы, негізінен, мынадай үш ғылыми салаға бөлінеді:

1. Әдебиет тарихы
2. Әдебиет сыны
3. Әдебиет теориясы

Әдебиет тарихы адамзат тарихында көркем әдебиеттің қалай пайда болғанын, қалыптасқанын, қандай жолмен дамығанын зерттейді. Қай халықтың болсын жазу-сызуы жоқ кезеңнің өзінде ауыз әдебиетінің өрбігені, одан бері жазба әдебиеті туып, дамығаны белгілі. Әр халықтың осындай көркемдік даму жолын саралап, сын көзімен сұрыптап сарапқа салатын - әдебиеттің тарихы.

Әдебиеттанудың қазіргі кейбір ұғым-түсініктері де тарихи дамудың қилы кезеңдерін бастан өткере отырып қалыптасқан. Бұл тұрғыдан жанрлар мен стиль, жекелеген көркемдік тәсілдер, композициялық құрылым белгілер, сондай-ақ ұқсас сюжеттер мен сарындардың (мотив) тарихи қалыптасуын айтуға болады. Әдебиетке қатысты әр түрлі ұғымдардың, көркемдік құралдарының тарихи жолын айқындау - әдебиет тарихының, оның ішінде тарихи поэтиканың өзекті мәселерінің бірі.

Әдебиет тарихы әдеби шығармаларды әдеби - сын еңбектерді зерттейді, жекелеген қаламгерлер мен сыншылардың шығармашылықтарын сараптайды, сол сияқты көркемдік әдістерінің, әдеби түрлер мен жанрлардың тарихи орнын және тарихи өзгерістерін таразылайды. Әдебиет тарихы сөз өнерінің дамуына қатысты тарихи өзгерістердің ықпалы болатынын да байқатады.

Әдебиет сыны өз тұсындағы әдеби үдеріске белсене араласып, өзінің әдеби туындыны жан-жақты талдап, оның идеялық - көркемдік мәнін ашып, қаламгер шығармаларының сапа-қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетіп, оның шығармашылық өсуіне тікелей қолғабыс жасаса, екінші жағынан оқырмандарға көркем шығарманың байыбына барып, оны жете түсініп, дұрыс бағалауға баулиды. «Сын» сөзінің төркіні грек тілінде «талдау, талқылау» деген мағына береді. Әдебиет жайындағы сыни ойлар әдебиеттің өзімен қатар пайда болған.

Антикалық дәуірде әдеби дамудың бір саласы ретінде бөлініп шыққан әдебиет сыны ұзақ уақыт бойына шығармаға жалпылама баға беру, оны оқырмандарға таныстыру, оқуға кеңес беру, шығарма авторын дәріптеу немесе сынау сияқты қарапайым ғана міндеттер атқарып келді. Дәуір өткен сайын әдебиеттің дамуы кемелденіп, эстетикалық қыры тереңдеуіне байланысты әдебиет сынының да мақсаты күрделене түсіп, оған қойылатын талаптар да, жауапкершілік те күшейді.

Қазіргі таңда әдебиет сыны көркем шығарманы эстетикалық, әлеуметтік, этикалық т.б. көзқарастар тұрғысынан жан - жақты қарастыруға ұмтылады. Әдебиет сыны өмірді танып - білумен ғана шектелмейді, сонымен қоса оған әсер етуге де талпынады. Бұл мақсатқа жету жолында сыншының орны айрықша.

Әдебиет теориясы - әдеби шығармашылықтың табиғаты мен қоғамдық міндетін зерттейтін әдебиеттану саласы. Әдебиет теориясы әдебиеттің негізгі әдіснамасын айқындап, көркемдік-эстетикалық, әдіс-бағыт, жанр, автор мен шығармашылық, туындының сюжеті мен құрылымы, стилі, баяндауы сияқты басты мәселелерді саралап, жалпы әдеби үдерістің дамуын қадағалайды. Әдебиеттің дамуында теориялық-әдіснамалық мәселелер үнемі тереңдеп отырады. Әдебиет теориясы тарихи-әдеби үдерістің жиынтығы арқылы дамып, кемелденеді.

Аталған үш сала бір-бірімен өзара ықпалдаса дамиды. Мәселен, әдебиет теориясы әдебиет тарихы қол жеткізген тарихи дәйек, деректерге және сын зерттеулердегі жетістіктерге сүйенсе, әдебиет тарихы әдеби үдерістің даму жолын айқындау барысында әдебиет теориясы негіздеген басты ұстанымдарды жетекшілікке алады, әдеби сын еңбектердің нәтижелеріне сүйенеді. Әдебиет сыны теориялық негізгі қағидаларды басшылыққа ала отырып, өзі талдау нысанына алған туындының жаңалығы мен мәнділігін сараптауда өзіне дейінгі әдебиет тарихындағы мәлімет көздеріне сүйенеді.

Бұлардан басқа әдебиеттанудың бірнеше жанама салалары бар. Бұл топқа историография, текстология, библиография, архивтану, полеография т.б. жатады. Историография - тарих ғылымы бойынша деректер мен айғақтарды, олардың түпнұсқаға қатынасын салыстыра зерттейтін сала. Текстология - бұл қаламгер мәтінін (қолжазба немесе баспа түріндегі), оның алғашқы нұсқасын тауып, мәтінің шығу тарихын, туындының шығармашылық болмысын салыстыра, сыни тұрғыда зерделей зерттейтін сала.

Библиография - белгілі бір сала бойынша ғылыми жүйеленген әдебиеттер көрсеткіші. Библиографиялық ақпарат жеке бір сала бойынша немесе дербес автор еңбектері бойынша хронологиялық түрде түзіледі.

Архивтану - мұрағат ісі теориясы пен практикасын, құжат тарихын, ғылыми құжаттардың сақталу заңдылығын зерттеп қарастыратын кешенді жүйе.

Полеография – жазу тарихын, оның графикалық пішінінің шығу заңдылығын, көне жазу тарихын зерттейтін тарих ғылымының жанама саласы.

Тұжырым.

Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым. Оның үш ғылыми саласы өзара тығыз байланысып, бір-бірінің жетістіктерін пайдалана отырып дамиды. Мәселен, әдебиет теориясы әдебиет тарихы кол жеткізген тарихи дәйек, деректерге және сын зерттеулерге сүйенсе, әдебиет тарихы әдеби үдерістің даму жолын айқындап, әдебиет теориясы негіздеген ұстанымдарды басшылыққа алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш// Шығармалары. – Алматы, 1989.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. (Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы, 1997.
4. Әдебиеттану. Хрестоматия. Құраст. С.Мақпыров – Алматы, 1991.

КӨРКЕМ ӨНЕР. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ – СӨЗ ӨНЕРІ

Мақсаты: Жалпы көркем өнер туралы, сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктері туралы түсінік беру.

1. Жалпы өнер түрлері туралы түсінік.
2. Көркем әдебиет – сөз өнері.
3. Көркем шығарманың мәні.

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: Көркем өнер, сөз өнері, көркем шығарма, шығармашылық, ұлттық ерекшелік.

Әдебиет пен өнер – қоғамдық сананың ең көне формасы. Басқа да қоғамдық ғылымдармен (тарих, философия, саясаттану) қатар сөз өнері қоғамға, оның рухани және психологиялық ахуалына ықпал етеді. Әлемді танудың көне формасы синкреттілікке (бірнеше түрдің тоғысуы) негізделді. Ұзақ уақыт бойы өнер түрлерінің арасында шекара болмады. Бірте-бірте әр өнер түрінің сипатына тән көркемдік тәсілдердің шығуы, өнер түрлерін ажыратудың қажеттігін аңғартты.

Жалпы адамзат мәдениетінде көркем өнердің алар орны ерекше. Ежелгі гректер мен римдіктер жасаған мүсіндер, Шекспир туғызған трагедия, Моцарт пен Глинка шығарған музыка, Абай жазған лирика, Рафаэль мен Репин салған суреттер уақыт сынына мүдірместен адамзатқа қызмет етіп келеді. Ал, осы адамдардың парасат дүниесіне қызмет ететін өнердің бірнеше түрі бар. Олар: сәулет, мүсін, бейнелеу, музыка және сөз өнері. Осылардың қай-қайсысында сөз өнерінің ықпалына сүйенеді. Мәселен, Абайдың мүсінін жасау үшін шебер сөз өнерін тірек етеді. Яғни, Абайдың поэзиясын оқып, «Абай жолымен» танысады. Сөйтіп, Абайдың ақындық, адами қасиет-пайымдарын игереді. Соны танып-білгеннен кейін, туындысының толыққанды сипаты ашылады. Сөз өнері – әмбебап өнер. Оның бойында бейнелеу, мүсін, музыка өнеріне тән қасиеттер тоғысқан. Сөз арқылы бейне, сурет, мүсін, әуен өнерін түсінуге болады.

Қазақ халқы сөз өнеріне ерекше мән берген. Халқымыздың тарихында жасаған би-шешендер күрделі әлеуметтік мәселенің шешімін қиыннан қиыстырылған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен айтып берген. Орынды айтылған сөзге, тоқтау-қазақ

халқының ұлттық ерекшелігі. Не бір қиын мәселелерді шешуге ел билеген әкімдерден гөрі, шешендер, көркем сөзбен кесте тоқыған акын-жыраулар көбірек араласқан. Сөйтіп сөз өнерін қадірлейтін акын-жыраулар халықтың ұлттық талғамымен бірге эстетикалық көзқарастарын да дамытқан. Сөздің өзі-ойлаудың көрінісі. Ойлау-ұдайы өзгеру үстінде болады. Осыған байланысты сөз өнерінің қалыптасып, дамуы барысында әдебиет те өзге өнер түрлерінен тарлана бастады.

Әдебиетті «өміртану құралы», «адам жанының айнасы» дейді. Әдебиеттің мұндай сипаттарды иеленуінің бір сыры оның өмірдегі көкейкесті мәселелерді көтеріп, адам жанының құпия қойнауларына тереңдей үңіліп, талдап тануға бейімділігінде жатыр. Көркем өнердің өзге түрлеріне қарағанда әдебиеттің көркемдік әлемі жан-жақты байланыстырып, жинақтаудың ең жоғарғы дәрежесіне жеткен. Әдебиеттің бойында ой айту, идея ұсыну сияқты сипаттардың басқа өнердің барлығынан басым болуының сыры да осында. Әдебиеттегі көркем бейнелерді көзбен көріп, қолмен ұстау мүмкін емес. Өнердің басқа түрлерінен әдебиеттің өзіндік ерекшелігі бар. Бейнелеу, мүсін, оның өнер түрлері қандай да бір зат (бою, тас, әуен) арқылы жүзеге келсе, әдебиеттің құралы-сөз.

Әдебиетті түсіну үшін сезіммен қатар сана да қызмет етуі қажет. Әдеби шығармалардың басым бөлігінде адамның өмірі, мақсат-мұраты, ой-сезімі, күрес-тартысы негізгі орын алады. Қандай бір көркем шығарма болсын, ол оқырманға бұрын беймәлім өмірді, шындықты, бейтаныс заманды, адамды танытады.

Сонымен бірге қоғамдық қарым-қатынастарға, адамның қоғамдағы өміріне зейін қоя отырып, әдебиет адамзатқа тән ой-сезімдерді тәрбиелеуге, оның қоғам алдындағы парызын түсінуге ықпал етеді. Оқырманды жазушының шығармашылық әріптесі ету арқылы әдебиет оның бойындағы көркемдікті тану қабілетін дамытады. Әдебиетті оқу ойлау жүйесінің дамуына түрткі болады, тілді байытып, жетілдіреді. Әдебиет адамзаттың сан ғасырлық мәдениетін жинақтайды, білімнің аса маңызды қайнар көзі, өзін-өзі тәрбиелеу құралы болып табылады. Көркем туынды адамның танымын, қиялын жетілдіріп, шығармашылық әлемнің ерекшелігін түсінуге жетелейді. Көркем шығарма арқылы адамның эстетикалық қабылдауы, адамгершілік мұрат-мақсаттары тереңдейді.

Тұжырым.

Көркем өнердің өзге түрлеріне қарағанда, әдебиеттегі көркемдік әлемнің әмбебаптық сипаты терең. Сөз өнері өзге өнер түрлеріне тән сипатты кең қамтып, жинақтайды. Сөз өнері бейнелеу мен музыка өнеріне жақын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. (Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы, 1997.
3. Введение в литературоведение. М., 2002.

ӘДЕБИ АҒЫМ-БАҒЫТТАР

Мақсаты: Әдеби ағым-бағыттар туралы жалпы түсінік бере отырып, әдеби ағым-бағыттардың даму жолдарын ұғындыру

1. Көркемдік әдіс, ағым - тарихи категориялар
2. Классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм, модернизмнің дамуы.

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: ағым, бағыт, әдіс, әдеби мектеп, топ, классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм, модернизм.

Әдебиеттануда көркемдік әдіс ұғымымен ұқсас бағыт, ағым, стиль, әдеби мектеп, әдеби топ деген түсініктер бар. Олар әдебиеттің тарихи тұрғыдағы қызметін саралап, әдеби үдерісті айқындайды. Бұлардың барлығы да түптеп келгенде бірнеше суреткер шығармашылығына тән ортақ сипат-белгілерден туындайды. Ортақ белгілерге жазушының әлеуметтік, идеялық, ұстаным тұрғысындағы ұқсастығы жатады. XIX ғасырда әдеби бағыт белгілі бір ұлттық әдебиеттің немесе оның дамуының бір кезеңіндегі идея мен мазмұнның жалпы сипатын танытты. Әдеби бағыт қоғамның тарихи, мәдени, әлеуметтік дамуымен іргелес дамиды. Әрбір әдеби ағымды қоғамдағы жағдай туғызады сонымен қатар әдеби ағым – әр дәуірдегі идеологиялық күрестің әдебиеттегі көрінісі.

Әдеби ағым – тарихи категория ретінде жалпы қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңіндегі саяси-әлеуметтік сипатына сәйкес туады да, сонымен бірге дамып, бірге жоғалып отырады.

Әдеби ағым белгілі бір бағыт аясында идеологиялық және көркемдік ұстанымдары жағынан ортақтығы бар қаламгерлер тобын біріктіреді. Ағым – белгілі бір әдебиетте, қандай да бір бағыттың аясында көрінетін әдеби үдерістің кіші бірлігі.

Бұл топ өздерінің шығармашылығын белгілі бір идеялық-көркемдік ұстанымдарға негіздейді. Әдеби мектеп – бірыңғай көркем ұстанымдардың негізінде өздерінің мақала, манифест, ғылыми және публицистикалық еңбектері арқылы тұжырымдарын қалыптастырған әдебиетшілердің шағын тобы.

Бір мектепке жататын қаламгерлер тобы белгілі бір әдеби құбылыстарды (тақырып, стиль, тіл) қалыптастырады.

XVIII ғасырда туып, XIX ғасыр бас кезіне дейін ұласқан өнер атаулының бәрінде, әсіресе Батыс Еуропа әдебиетінде кең өріс алған әдеби ағым-классицизм латынша «классикус – үлгілі, өнегелі бағыт» дегенді білдіреді. Классицизм ағымының XVIII ғасырда Францияда көрінуі кезінде мемлекетте абсолютизм нығайып, мемлекеттік билік бір қолға шоғырланып, ұлттық тұтастық идеясы нығая бастаған болатын.

Елдің қоғамдық өмірінде жаңа әлеуметтік топ – буржуазияның ықпалы арта түсті де, аталмыш әлеуметтік топқа абсолюттік монархия да, дворян қауымы да бірдей қатысты болды. Қоғамдық өмірде пайда болған жаңалықтар мен өзгерістер өнерге де жаңа талаптар қоя бастады. Нәтижесінде осыған дейін өнер әлемінде үстемдік еткен барокко стилімен күрес үстінде жаңа бағыт дүниеге келді. Бұл бағытты қолдайтындар өз шығармаларында антикалық әдебиеттің озық үлгілерін өнеге етуіне байланысты классицизм деп атады.

Классицизм – өнер мен әдебиетте орын алған бағыт. Классицизм деген атау бұл бағыттың үлгілі, мінсіз деп танылуынан туды. Олар көне антикалық өнермен үндестікте болып, ондағы көне мотивтер, сюжеттер, бейнелер мен мифология элементтерін жарасым тапты. Классицизм поэзиясы мен поэтикасының бастаушысы XVIII ғасырдағы француз ақыны Франсуа де Малерб болды. Күрес үстінде қалыптасып, таныла бастаған француз классицистің поэтикасы Н.Буалоның «Поэтикалық өнер» аталатын еңбегінің алғашқы тарауында жан-жақты жүйеленген сипатқа ие болды. Еңбекте XVIII ғасырдағы француз әдебиетінің тәжірибелері жинақталып, қортындыланды. Классицизмге тән сипат асқақ азаматтық тематика, шығармашылық нақты қағидалар мен ережелерді қатаң сақтау болып табылады.

Бұл ұстанымдар Қайта өрлеу дәуірінде қалыптасқан жақсы дәстүрлерді белгілі бір дәрежеде дамытқанымен, кемшіліктер де болмай қалған жоқ. Классицистер туындыларында кейіпкер мінездерін жан-жақты жанды сипатта көрсетуден гөрі, біржақтылық, схематизм орын алды. Олар негізінен мінсіз, жасампаз қаһармандар болды. Француз классицизмның ерешеліктері әсіресе, драматургияда айрықша байқалды. XVIII ғасырда Француз әдебиетінде үш

драматургтың есімі әйгілі болды. Олар: Мольер, Корнель, Расин. Драматург әрі ақын Пьер Корнель француз театр тарихында ерекше шығарма ретінде танылған «Сид», одан соң «Гораций» трагедияларын тудырды. Жан Батист Расин шығармашылығында «Андромаха», «Британик», «Федра» трагедиялары көркемдік-идеялық жағынан ерекшеленді. Француз классицистік трагедияларының негізіне жеке адам мүддесі мен азаматтық парыз арасындағы қақтығыстар алынды. Өз кейіпкерлерінің жан дүниесіндегі карама-қайшылықтарды көрсете отырып, Корнель мен Расин адамның ішкі әлемін бейнелеу тұрғысынан жаңалықтар жасады. Трагедия кейіпкерлері – ер жүрек, қатал, өздерін мемлекет мүддесіне арнаған жандар еді.

Сентиментализм (сезім) - батысеуропа мәдениетінде өрістеп, орыс әдебиетінде ХУІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың басында пайда болды. Классицистер ұстанған қоғамның жоғарғы топтарын «жоғарғы жанрларда» бейнелеу қағидасына сентименталистер қарсы шықты. Олар классицизмнің жасампаздықты дәріптейтін сипатына күнделікті өмірдегі қарапайым жандарды бейнелеу арқылы қарсылық жасады. Соның нәтижесінде әдебиеттегі билік пен дәулет иелерінің орнына буржуазиялық-мещандық ортаны орташа адамы келді, Көркем туынды өзегіндегі кесек тарихи оқиғалардың орнына адамның жеке тіршілігі алынды. Сентиментализм өмірдің табиғи болмысын қуаттап, абстрактілікті, шарттылықты терістеді. Сентиментализм неғұрлым ілгерішіл сипатта болды, онда адамның көңіл-күйі, эмоциясын, ішкі дүниесін беру жағынан реализм белгілерін байқатты. Бұл бағыт адамның жеке болмысын, дербес тұлғасын көрсетуді ұстанды.

Сентиментализмнің жанрлары – элегия, арнау, эпистолярлық роман, жол жазбалар, күнделіктер, қаһармандар мінәжатын мазмұндайтын уағыздаушылық сарыны басым жанрлар болды. Бұл жанрлық түр қоғамдағы түрлі топтардың өмірін кең қамтуға немесе кейіпкерлердің ой-сезімдерін, көңіл толғаныстарын тереңдете ашуға жәрдемдесті.

Романтизм (ерекше) – қалыпты өмірлік құбылыстардан ерекше, жарқын, ертегілік сипаттағы жоғары рухани ортаны табуға ұмтышысты білдіреді. Әдебиетте романтизм бірнеше мән иеленеді. Егер бұл ұғымды нақты аударсақ, «роман тілдерінде жазылған шығармалардың жалпы атауы» болады. Бұл тілдік (роман-герман)

топ өздерінің бастауып латыннан ала отырып, Орта ғасырларда дами бастады. Адамның жоғары күштермен байланысы Жана дәуір романының тақырыбы мен проблемасына шешуші ықпал етті. Ұзақ уақыт бойы «романдық» және «романтистік» ұғымдары синонимдер деп танылды. Романтизм әдебиет пен өнерде пайда болғаннан бастап, жеке тұлғаның биік рухы, күшті сезім-күйі, асқақ болмысы айқын көріне бастады. Бұл әдістің өкілдері шынайы болмысты терістеп, неғұрлым озық өмірді, алдағы жақсы күнді дәріптеп, қоғамдағы құндылықтардың өзгеруі үшін күресті. Романтикалық қаһармандар негізінен жалғыз-жарым күресіп, оқшау тірлік кешіп, көбіне трагедиялық күйге ұшырады.

Реализм (шынайы) – әдебиет пен өнердегі шынайылықты бағыт еткен, нақты типтік жағдайды көрсететін көркемдік әдіс. Реализм адам болмысын өз ортасына сай нақты тарихи-әлеуметтік жағдайдың аясында көрсетуге күш салды. Реалист қаламгерлер өмірді тура, шынайы қабылдайды. Суреткер өзінің шығармашылығында өмірлік шындықты ұстаным етіп, болмыстың нақты сипатын барынша бейнелеуге тырысты. Реализм әдісі өмірдің құбылыстарын нақты ұғындырып, оның әлеуметтік-тарихи себебін ашуды мұрат етеді. Яғни, тарихсыз реализм жасалмайды. Тарихилық – жазушы-реалистің дүниетанымдық және көркемдік әдісінің негізі. Қаламгер болмыстың жағымсыз құбылыстарын, оның туу себептерін терең ашуға тырысады. Сонымен қатар, реализм бағытына өмірлік пафосты, ұлтжандылықты, елін сүю, жалпы бұқараның ахуалын түсіну, ұнамды кейіпкерді жасау да кіреді. Реалистік әдебиет жеке адам мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасты көрсетуді жетекші нысана етеді. Бұл әр түрлі жанрларда (эпикалық, лирикалық, драмалық, лироэпикалық, сатиралық) көрініс береді.

Символизм (белгі) – ХІХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХ ғасырдың басында еуропа және орыс әдебиеті тарихында пайда болған көркемдік бағыт. Шынайы ортадағы дәрекілік пен жауыздықты көріп, осы әділетсіз әлеуметтік көріністермен күресуге дәрмені болмаған соң, символистер шынайы болмыстан аулақтап, өзге әлемді аңсап, өздерінің ішкі сезімдеріне, ішкі әлеміне тереңдеді. Олар ортасының қоғамдық заңдылығының мызғымайтын, қол жеткізбейтін сипатымен келіспей, өздерінің онша толық таныла қоймаған, өзгеше, оқшау көзқарастарын

берді. Символистер жасырын, көзге шалына бермейтін әлемнің құпиясына бойлағысы келді. Осы ерекшелігімен символистер мифологияға, мифтворчествоға жақын болып келеді. Символизм мистикалық мазмұнға басымдық беріп, оны бейнелеуде символды тірек етті. Басқаша айтқанда, бейне модель, шынайылықтың жаңа белгісі ретінде алынды. Символ жасырын құбылысты айқындауға көмектесті. Яғни, символ жер бетіндегі тіршіліктің екінші жағын, өзге, беймәлім әлемді танытуға жұмсалды. Осы тұрғыдан символ заттың қалыпты, баршасына түсінікті мағынасын тереңдетті, құпиялылығын күшейтті.

Акмеизм (биіктік) – өткен дәуірдің алғашқы онжылдығында орыс поэзиясында көрініс берген модернистік ағым. Оның ең белсенді өкілдері С.М.Городецкий, Н.С.Гумилев, А.А.Ахматова, О.Э.Мандельштам. Символистерден ерекшелігі акмеизм өкілдері болмыстағы, заттық әлемдегі құбылыстарды көпқырлы, түрлі-түсті, көп үнді сипатымен көркем түрде қабылдады. Олар адам өмірінің құндылығын жаңаша танып-білуге ұмтылды. Олар сөздің астарлы, көпмағыналы түрін емес, керісінше, оның әу бастағы алғашқы ұғым-мәніне (нақты, заттық) көбірек назар аударды. Акмеистерге модернистік мотив, эстетизм, камералық нақтылық, адам сезімінің эстетизмі, көркемдігі (поэтикалығы) жақын болды. Акмеистердің шығармалары семантикалық жағынан күрделі, әр дәуірдегі әдеби ассоциацияға, мәдени бейнеге толы болды. Сонымен бірге, акмеистерге күнделікті тілді үйлесімді қолдану, нақтылық, қанатты сөздер, эмоционалдық ырғақ, айқын стильдік принциптер де жат емес.

Футуризм (болашақ) - XX ғасырдың алғашқы жиырма жылында белең алған «болашақтың өнеріне» басымдық берген өнердегі көркемдік ағым. Бұл ағымның пайда болуына италияндық ақын Ф.Т.Маринеттидің 1909 жылы «Футуристер манифесінің» жариялануы себеп болды. Манифесте құндылық, өткеннің мұрасы (әлеуметтік құрылым, қоғамдық тәртіп, мораль, дін, өнер, дәстүрлі мәдениет, тіл) терістеліп, оның орнына дүниені қиратуға құрылған күш пен бүлік культі, өмірді өзгерту, адам құқығының сақталуы айтылды. Ресейде футуристер өздерін «будетляны» («болады», «болашақтың адамдары») деп атаған, Футуристер өнерді әлем мен адамды өзгертудің, болашақ үшін, «жаңа әлем», «жаңа адамзат» үшін күрестің құралына айқалдырды. Олар бостандықты тек

шығармашылықтан ғана емес, адамның мінез-құлқынан, тіпті поэтикалық жинақтарының атауынан да көргісі келді. Олар формашыл тәжірибе жасауға мүдделі болды. Яғни, поэтикалық сөздің мағынасын жаңартып, сөзге материал ретінде қарады. Өлең формасын жаңарту мәтінге стилистикалық тұрғыда келіссіз, дөрекі, техникалық термин, математикалық және музыкалық белгілер мен графикалық символдарды беруге дейін барды.


Модернизм - XX ғасырдың басында қоғамдағы, әлеуметтік ортадағы әр қилы тартыс, дағдарыстардың салдарынан пайда болған философиялық-эстетикалық ағымдардың жиынтығы. Оның пайда болуына адамның орта өзгерісін қабылдамай, оған көңілі толмай, санасында орныққан әр қилы ой-ұғымдар жетегінде болуы ықпал етеді. Сөйтіп, өзгеше таным мен түйсік арқылы қоғамға жаңа, өзгеше көзқарас ұсынады.

Тұжырым.

Әдебиеттануда көркемдік әдіс ұғымымен ұқсас бағыт, ағым, стиль, әдеби мектеп, әдеби топ деген түсініктер бар. Әдеби ағым-бағыттар тарихи категориясы жалпы қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңіндегі саяси-әлеуметтік сипатқа сәйкес туады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кәкішев Т. Қазақ әдеби сынының тарихы. – Алматы, 1994
2. Нұрғалиев Р. Әдебиет теориясы, - Астана, 2003
3. Тілешев Е. Суреткер және көркемдік әдіс. А., 2005
4. Жарығапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды, 2009



ӘДЕБИ ДАМУ

Мақсаты: әдеби дамудың ерекшелігін, қоғамдық-әлеуметтік мәнін ашу

1. Әдеби даму
2. Дәстүр сабақтастығы
3. Әдеби даму және жанр

Негізгі ұғымдар: әдеби даму, дәстүр, сабақтастық.

Әдеби даму қоғамның тарихи даму кезеңдерімен іргелес жүреді. Әдеби даму өзіне сабақтаса даму тән. Әрбір дәуірде әдебиеттің өзіндік тұлғатын бейнлейтін шығармашылық өкілдері болады. Олардың әдебиеттің дамуына тигізетін ықпалы басым болатыны сөзсіз. Мәселен, әдебиет тарихында «Абай дәуірі», «зар заман ақындары» деп даралай атаудың өзі сол ақындардың кезең әдебиетіне тигізген ықпалының ерекше екенін байқатады. Әдеби даму әрбір ұлт әдебиетінің даму үдерісін, кемелдену көкжиегін аңдатады. Әдеби даму арқылы әдебиетте жаңа құбылыстар, дәстүр жалғастығы орнығады. Мәселен, XX ғасыр әдебиеті тарихи-қоғамдық өзгерулер мен жаңаруларды бейнелей отырып, идея сабақтастығын, жанрлардың тууын, кейіпкерлер жүйесінің қалыптасуын көрсетті. Идея сабақтастығы дегеніміз - қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі көзге айқын көрінген мәселелерді қаламгерлердің бірлесе, дамыта қозғауы. Бұл идея бірте-бірте белең алып, жаңа сипат иеленеді. Бір дәуірдегі суреткерлердің баршасына ортақ мұрат-мақсатқа айналады. Сол арқылы бұл идея тұтас дәуірлік мәнге ие болады. Мәселен, «еркіндік», «тәуелсіздік» ұғымдары көнеден бастау алып, дәуір өрлеген сайын жаңғырып, ұлғайып отырды, сөйтіп, сөз өнеріндегі мәңгілік тақырыптардың біріне айналды. Оның себебі, адамзат қай кезеңде де еркін, азаттық деген ұғымдарды қастерлеп, сол үшін күресіп отырған. Ол әрі қарай елін, жерін, атамекенін сақтап, қорғауға ұласты.

Әдеби даму кезінде дәстүр мәселесі де маңызды. Дәстүр ұғымы - дамудың, жалғастықтың, жаңашылдықтың кепілі. Заман ілгерілеген сайын адамның санасы, танымы кеңіп, алдағыға көбірек көз тігеді. Сол арқылы жаңа дүниенің, келешектің бейнесін жасайды. Ал, бұл

кезде өткенге қайырылып, тарихтың бейнесін, жақсысын саралап, таразылайды, бұрыннан бар дүниені кеңейтіп, тереңдете түседі. Шығармашылық өкілдері осы дәстүрді сақтап отырған, жалғастырған. Бұдан әрі идея сабақтастығы орнығады. Мәселен, Дулат ақын «Сөз – жібек жіп, жыр – кесте» деп өрнектесе, Абай «Өлең – сөздің патшасы» деп түйін жасаған. Екі ақын да сөзді, поэзияны күдірет көріп отыр. Ендеше, дәстүр мен даму қаламгерлердің әдебиет тарихындағы, әдеби үдерістегі орнын айқындайды. Әдеби даму арқылы дәуір әдебиетіне тән стиль, әдіс, бағыт қалыптасады. Мәселен, М.Дулатов «Қазақ жайы» деген өлеңінде қазақтың өткенін суреттеп, ондағы халықтың еркіндігін, жері кең, дәулетінің молдығын айтады («Көшсе де мың шақырым жері жайлы, аққан бұлақ, шалғыны көк орайлы, жер тар болып көрмеді ол уайымды»). Алайда, бұл өткініші болып шықты. Қазақ ішіндегі алауыздық, көлденең дұшпандары бар екен, әлсізге әлді үстемдік етті. Мұның соны орысқа бағынумен тынды, өз еліндегі халық бұратана атанды, қысым көрді («Сыя алмай кең дүниеге таласушы еді, таршылық енді көріп сығылысқан»). 1868 жылы қазақ жері қазыналық деп жарияланып, қазақтың қайран жерлері қасіретке оранды:

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,
Мұжыққа хош-аман боп барасың ба?
Қасиетті бабамыздың зияраты,
Қалдың ғой көшесінің арасында.
Моншаға зияраттың тасын алып,
Ағашын отқа, мұжық, жағасың да...
Айырылсаң қайран жерден осы күнгі
Топыраққа малды казак, бағасың да... .

Бұл ойлардағы үндес оралымдар өзге жұрттың теперішті тіршілігін көп көрген ақын Ақыт Үлімжіұлында:

Алтайдың асқар басын тұман шалған,
Қайран елім есімде сонда қалған.
Өмірімде Алтайды бір көре алсам,
Қалмас еді көңілімде ешбір арман, - деп
ел мен жер тағдырын толғаған жырымен етенелес. Ал, осы ой жақындығы ақын Танжарық Жолдыұлының тұтқынға алынып

Құлжаға айдалғандағы өлеңімен үндеседі:

Аман бол, уа, дариға, туған жерім,
Білмеген қадіріңді қайран елім!
Аруағы ата-баба кетті қайда,
Ұрпағың болып кетті-ау, телім-телім.

Үш ақын да туған жеріне деген жанашырлығын, туған елінің бағдырына деген сезімдерін жеткізген. Ақындардағы «қайран ел», «қайран жер» тіркестері олардың жүрекжарды ой-аңсарларын білдіреді. Кез келген өнер түрінде дәстүр сақталады. Әр елдің өзінің тарихында аймақтық әдебиет деген ұғым бар. Бұл әдебиет те өзінің әдеби даму, дәстүр бағытын айқындап отырады. Қазақ әдебиетінде «қаратау шайырлары», «сыр бойы ақындары» деген топтарға әдеби даму бағытын кеңейте түседі. Сол сияқты, қазіргі замандағы жыраулық дәстүр, проза мен поэзиядағы миф пен фантастикалық сипат секілді ұғымдар қалыптасты. Әдеби даму әдеби жанрлармен де тығыз байланысты. Өзімізге жақсы таныс эпика, лирика, драмадан басқа жанрлық ықпалдасу, қосжанрлық аталымдар енді. Мысалы, роман-эссе, роман-миф, роман-диалог т.б. бұл ерекшелік сөз өнерінің толысуын, оқырманның эстетикалық-танымдық қабылдауының ілгерілегенін, әдеби жаңарудың сипатын аңдатады.

Тұжырым. Әдеби даму әдеби үдеріс ұғымымен қатарлас. Ол әдебиеттің даму бағыт-бағдарын, көркемдік әдіс-тәсілдердің орнығуын, дәстүр мен жаңашылдықты, дәуір қаламгерлерінің шығармашылық болмысын айқындап отырады. Әдеби даму әдебиеттің ілгерілеуін, кемелденуін бағдарлап, саралайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. (Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы, 1997.
3. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. -Қарағанды, 2005. 4 тарау. Әдеби даму.

ТАҚЫРЫП ПЕН ИДЕЯ

Мақсаты: Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы туралы ұғым бере отырып, тақырып табудағы, көркем шығарманың басты проблемасын айқындаудағы қаламгердің ізденісі туралы мағлұмат беру.

1. Тақырып пен идея
2. Өмір шындығы және идея
3. Тақырып және қаламгер ізденісі

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: тақырып, идея, автор, қаламгер, шығармашылық үдеріс, проблема.

Тақырып – жалпы шығармаға атау болып тұрған сөз. Әдеби туынды оқырманның алдында тұтас мәтін, яғни сөз, сөйлемдердің тізбегі арқылы көрінеді. Қазіргі әдебиеттануда мәтіннің басы мен аяғы (немесе оның бөлігі) рама не рамка терминімен аталады. Мәтін автордың аты-жөні, тақырып, тарауша, арнау, эпиграф, алғысөз (пролог) сияқты компоненттерден тұрады. Негізгі мәтін автордың ескертулерін (беттің төменгі жағында немесе шығарма соңында) де қамтуы мүмкін. Мәтіннің соңы автордың түйін сөзін, тараушаны, сол сияқты ескертуді қамтиды. Драмалық шығармаларда рамкаға «қосалқы» немесе «жанама» мәтін, қатысушылардың тізімі, авторлық ремаркалар жатады. Әдеби шығарманы оқу кезінде біз оның негізіне болмыстан алынған қандай да бір оқиғаның алынғанын байқаймыз.

Суреткер өмірден өзінің шығармасына керекті материалды іздейді. Оған өмірдің өзі, шынайы болмыс туындысының атауын айқындауға көмектеседі. Сонда туынды тақырыбы шынайы болмыспен тікелей қатынаста болады. Яғни, қаламгер жазу алдында өмірдің түрлі құбылыстарымен жан-жақты танысады, кейіпкер болатын бейнені тандайды, жүрегіне жақын тақырып іздейді.

Жалпы, «тақырып» ұғымының мәні әлдеқайда кең. Мәселен, қазіргі кезеңнің өзінде «тақырып» деген термин екі түрлі мағынада қолданылады: 1) көркем туындының атауы; 2) туындыда көтерілген негізгі проблема. Екінші анықтама «тақырып» ұғымының мәнін неғұрлым дәл береді. Көркем шығарманы тұтас дүние ретінде мұқият

қарастырғанда ғана тақырыпты дұрыс анықтауға қол жеткізуге болады. Тақырып сөзі барлық жанрға сәйкесе де бермейді. Мәселен, лирикаға тақырыптан гөрі, «мотив» ұғымы келеді. Мотив – сарын, көңіл-күй жағдайы дегенді білдіреді. Бұдан лирикада тақырып болмайды деген ұғым тұмау керек. Алайда, лирикадағы тақырып нақты атаудан гөрі, меңзеуді, автордың көңіл-күйі мен эмоциясын беруге көбірек келеді.

Суреттелген өмірлік шындықты жан-жақты танып алмайынша, шығармада көтерілген мәселелердің мәніне тереңдеп үніле алмаймыз. Қойылған мәселелердің мәнін айқындау арқылы ғана шығарма тақырыбын нақты ажыратуға болады. Қандай шығарма болса да, қаламгер бейнелеген оқиғалар, мінездер, іс-әрекеттер т.б. барлығы шығарманың бүкіл мазмұнын қамтитын ең негізгі проблеманы шешуге бағытталады.

Қаламгер мақсаты өз шығармасында әлде бір проблемаларды көтерумен ғана шектелмей, сол проблемаларды шешу жолдарын да қарастырады. Ендеше, шығарма тақырыбы оның негізгі идеясымен терең байланысты. Көркем шығарманың тақырыбы дегеніміз – автордың суреттеудің өзегіне алынып, шығармада көрініс тапқан проблеманың жағдайы, құбылыстардың, оқиғалардың жиынтығы.

Суреткердің тақырып табуы – күрделі шығармашылық үдерістің бірнеше кезеңдеріне ортақ әрекет. Шығармашылық үдерістің үш түрі бар: 1. Материал жинау, 2. Жинақталған материалды қорыту, 3. Қорытылған материалды жазу кезеңі.

Әдеби проблема авторлық шешімдерді өзара ұштастыра келіп, туындыдағы көркем идеяны құрайды. Егер тақырып – жазушының суреттеп отырған өмір құбылысы болса, идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, көзқарасы берген бағасы. Тақырып пен идея әрқашан бірлікте болады. Тақырыптан идея, идеядан тақырып туады. Кез келген көркем шығарманың негізінде тақырып пен идея бірін-бірі дамытып, кемелдендіріп отырады. Жазушы өмір шындығын көркем бейнелерге жинақтап, өз шығармасының тек идеялық-тақырыптық негізінде ғана суреттеп көрсете алады. Сонымен қатар бір тақырыптан бірнеше идея тууы мүмкін. Кейде шығарма идеясы тақырып, сюжет, бейнелер арқылы нақты көрінуі де мүмкін. Өнерде, әсіресе, әлеуметтік идеялар маңызды рөл атқарады. Көркем шығармада әлеуметтік идея басты назарда болады да әдебиеттің

әлеуметтік идеялығы оның халықтық сипатынан танылады. Әдеби шығармада бір ғана тақырып пен бір идеяның болуы шарт емес. Проза мен поэзияның шағын түрлерінде, солай болуы мүмкін. Ал көлемді, кесек шығармаларда, әсіресе орта немесе кең көлемді эпикалық түр туындыларында бір емес, бірнеше тақырып, бірнеше идея болады. Мәселен, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятында қоғамның басты әлеуметтік жағдайы, әлеуметтік теңсіздік, қалың мал, ескілікті салттың шырғауы, жастардың махаббаты көрінеді.

Көркем туындының тақырыбы мен идеясы бір-бірімен қатарласа жүретін ұғымдар. Екеуі де шығарма үшін маңызды элементтер. Туындының тақырыбы – ондағы негізгі сарынның, басты мәселенің жиынтығы. Ал, идея – автордың бейнелейтін құбылысқа деген қарым-қатынасы, ойы. Көркем туындыда көркемдік идея, поэтикалық идея, поэтикалық пафостардың да мәні ерекше екені белгілі. Сондықтан да көркем шығарманың идеясы бірден бас-аяғы жинақы болып құрыла бермейді. Автордың идеясы мәтінде оның белгілі бір мәселелерді шешіп, өзінің бағасын берген сәттерде ғана айқындалады.

Поэтикалық идея мәтінде емес, кейіпкерлердің әрекетінде, сөзінде, шығарманың бейнелі-көркемдік жүйесінде беріледі. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы қаншалықты әр тарапты болғанымен, олардың бәріне ортақ желі, дәнекер болады. Ол – идеялық бірлік. Оның өзі шығармаға арқау боп отырған шындықтан туады. Сонымен, бір шығармадағы бірнеше және әр алуан жеке тақырыптар мен идеялардың басын бір жерге қосып, бір арнамен өрбітіп тұрған бірегей, өзекті мәселені негізгі идея дейміз. Жазушының ой өзегі әрқашан қаз-қалпында көркем идеяға айнала қоймайды. Осыдан келіп әр шығармадағы авторлық және объективтік идеялар туралы ұғым туады. Авторлық идея – суреткердің бастағы ой өзегі, объективтік идея – нақты шығармадан туатын мақсатты нәтиже. Бұл екеуі үнемі бірдей бола бермейді. Кейде тіпті авторлық идеяға объективтік идея қарама-қарсы шығуы да мүмкін. Ал оқырманға керегі – автордың идеялық мақсаты ғана емес, шығарманың идеялық нәтижесі.

Тұжырым. Тақырып шығармадағы басты мәселенің атауы, көтерілген негізгі проблема, жазушының шығармасына арқау еткен өмір құбылыстары. Әр алуан жеке тақырыптар мен идеялардың

басын бір жерге қосып, бір ариамен өрбітіп тұрған бірегей, өзекті мәселе идея болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. -Алматы, 1991
2. Қабдолов З. Сөз өнері. -Алматы, 1992
3. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. -Қарағанды, 2004
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. -Алматы, 1997
5. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. -Алматы, 1991

ӘДЕБИЕТТЕГІ ТЕК ПЕН ТҮР

Мақсаты: Әдебиеттегі тек пен түр, оның жіктелу ұстанымдары туралы ұғым беру.

1. Әдебиеттегі текке бөлу принциптері
2. Әдеби түр, оның қолданысы

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: әдеби тек, түр, эпикалық, лирикалық, драмалық сипат, лиризм, драматизм.

Әдеби тек – әдебиеттің өмір сүруінің формасы, шындықты суреттеудің тәсілі. Әдеби тектердің дараланып шығуы алғашқы қауымдық құрылысқа тән көпшіліктің бірлесе орындайтын ырым-жоралғылық синкреттік әрекеттерден бастау алған. Әдебиеттің дербес үш тегі бар: эпос, лирика, драма. Эпосқа халық өмірі, лирикада ішкі толғаныс, драмада тартыс суреттеледі. Әдеби тектердің әрі қарайғы дамуы жанрлық өзгерістер арқылы көрінеді (мәселен, эпос ұғымы эпопея, мысалдан бастап, роман, повесть, әңгімеге ұласты). Одан басқа, әдебиеттегі әр түрлі ағым-бағыттарға байланысты бір жанрдың мән-маңызы төмендесе, кейбір жанрдікі жоғарылады. Кейбір текке басқа белгілер үндесуі арқылы, лиро-эпостық дастандар, лирикалық және эпикалық драма пайда болды. Мәселен, эпикалық түр шығармаға кендік, көпқырлылық, өмірге, айналаға тұтастық түрде қарауды береді.

Эпос – оқиғаны бейнелеп көрсететін баяндауға құрылған тек. Баяндау эпостың негізгі құралы бола отырып, эпикалық бейнелеудің өзге тәсілдерімен – адамды, тұрмыс-тіршілікті, табиғатты, монолог, диалог, авторлық шегіністер арқылы суреттеу - өзара әрекеттеседі. Бұл тәсілдер туындыдағы оқиғаны неғұрлым жан-жақты, терең сипаттауға негіз болады. көркем туындыда үшінші жақтағы баяндау жиі кездеседі.

Эпос прозалық, өлеңді, аралас түрде келіп, көлемді, орта және шағын жанрларды – эпопея, эпикалық поэма, былина, роман (көлемді эпикалық жанрлар), повесть (орта эпикалық жанр), әңгіме, очерк, баллада, мысал, новелланы (кіші эпикалық жанр) біріктіреді. Эпикалық сипат идеялық-эмоциялық тұрғыда драмада да, лирикада да кездесуі мүмкін. Драматизм қарама-қайшылық, тартыс арқылы

көрініді. Ал, лиризм толғаныс, тебіреніс, ерекше көңіл-күй арқылы танылды.

Лирика – ақынның өзіндік «менін», ішкі әлемін бейнелейтін негізгі әдеби тек. Лириканың эпостан айырмасы - сюжетсіз, драмадан ерекшелігі - субъективті. Лирикада кез-келген құбылыс адамның рухани болмысына әсер етіп, ақынның дербес көңіл-күйін, мінез-құлқын танытады. Лирикалық шығарманың жанры әр алуан. Олар: арнау, элегия, сонет, эпиграмма, романс, эпитафия, стансы, эклога, мадригал. Лирикалық шығармалар өзінің қайталанбас сипатымен ақынның дүниетанымдық қабылдау тұтастығын оның шығармашылығының өне бойында үздіксіз байқатып отырады. Лирикалық туындыларды ақынның толғаныс, көңіл-күй эмоциясының ізімен тұтас талдауға немесе бір тақырыптағы бірнеше шығармаларды топтастырып, солардың ішінен басты нысан – идеяны, орталық автор мұратын негіз ете отырып талдауға болады. Лириканың негізі – поэтикалық тіл.

Лирозникалық туынды - эпос пен лириканың сипатын қатар үндестірген шығармалар. Лирозникалық жанр түріне жақын келетіні поэма. Онда эпикалық кеңдік пен лирикалық сезім, сюжеттік болмыс пен лирикалық кейіпкер бейнесінің кең дамуы жарыса көрінеді. Басқа эпикалық формаларға қарағанда поэма дәуірдің ең бір шешуші, өзекті мәселелеріне ертерек жауап бере алды. Поэмада кейде прозаға қарағанда өзекті әлеуметтік мәселе, психология, ұлттық болмыс анағұрлым кеңірек көрініс береді. Лирозникалық жанрларға ода, баллада, мысал жатады.

Драма - белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі кейіпкерлер жүйесін, олардың арасындағы тартысты, күресті көрсетеді. Драманың басты ерекшелігі – әрекеттің болатыны. Эпостан ерекшелігі драмада осы шақтағы әрекет көрсетіледі. Яғни, драмадағы әрекетті автор баяндап бермейді, ол көрермендердің көз алдында сол мезетте өтеді. Драмадағы әрекет оның негізін құрайтын тартыс арқылы көрінеді. Драмалық әрекет пен тартысы бір-бірімен ажырағысыз түрде байланысып, драманың негізгі белгісін айқындайды. Әрекет пен тартыстың дамуы шығарманың сюжеттік ұйымдастырылуынан көрінеді. Драмадағы диалог – әрекет пен тартыстың өрбуін, кейіпкерлердің болмысын ашудағы негізгі тәсіл. Диалог қатысушының ішкі және сыртқы болмысын, өмірін, көзқарасын, өмірлік ұстанымын, сезім-күйін көрсетеді. Драмадағы

кейіпкерлердің тілдік сипатын – монолог та көрсетеді. Монолог – қатысушының өз-өзіне тіл қатуы, диалогтан айырмасы мұнда жауап күтілмейді.

Әдебиеттің тектерін көрсете отырып, оларға сипаттама беруде А.Байтұрсынов Аристотельдің бейнелеу тәсіліне, яғни автордың қатысушына негізделген принципіне қалып қоймайды. Сөйтіп, «Әдебиет танытқыш» авторы әрі қарай ішкі, тысқы деген ұғымдарды қолдана отырып, әуезе, толғау және айтыс-тартыс жөніндегі ойларын тиянақтай түседі. Бұған Гегельдің «Эстетика» еңбегінің әсері байқалады. Неміс философы бұл еңбегінде: «эпос рухани әлемнің сыртқы болмысын кең түрде көрсетеді» десе, лириканы оның мазмұны барлық субъективті нәрсе, ішкі әлем десе, драманы объективті дүние деп бағалайды. Гегельдің лириканы ішкі әлемнің, эпосты сыртқы әлемнің, ал драманы осы екеуінің нәтижесі деуі оның көркемөнерді субъективтілік шығармашылық акт деп санайтын жалпы философиялық көзқарасынан туындап жатыр. Гегельдің «Эстетикасындағы» мұндай жалпылық мәндегі тұжырымдар әрі әдеби жанрға қатысты нақты байламдар орыс сыншысы В.Г.Белинскийдің «Поэзияны тегі мен түріне қарай бөлу» еңбегінде кеңінен пайдаланылды. Оны бүгінгі орыс әдебиеттанушылары да жоққа шығармайды.

Кейінгі қазақ әдебиеттанушылары орыс тіліндегі еңбектерде көрсетілгендей, саяси, махаббат лирикасы деп қана шектелсе, А.Байтұрсынов ұлттық өнердің өз табиғатынан шығарып, марқайыс, намыс, сұқтаным, ойламалдау, сөгіс, күліс, толғау сияқты түрлеріне анықтама береді, мысалдар келтіреді.

Зерттеуші А.Байтұрсынов драманы қазақша «айтыс-тартыс» деп алып, оған мынадай анықтама береді: «Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естиміз, оқиғаның өзін, онда болған адамдарды көреміз. Оқиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданына адамдардың ақылы жеткенше амалдап, қайратына қарай қару қылып, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны мен дауласқаны көз алдыңнан өтеді». Драманың табиғатын ашу үшін зерттеуші мұрат жолына жұмсалған ғамал, мақсатты қайраттан туған ғамал, керме, кедергі, ұстасудың байланыс, шиеленіс, шешіліс сияқты түрлерін атайды.

«Әдебиет танытқыштың» ерекшелігі көркем мәтіндерді берудегі дәлдік, талғампаздық. Зерттеуші мысалға Абай мен Мағжан шығармаларын көп алады. Мұнымен қоса, ауыз әдебиеті үлгілерін, белгісіз авторлардың шығармаларынан үзінділер береді. Бұл еңбегінде зерттеуші әдебиеттану ұғымдарын ұлттық танымға сәйкес табиғи болмыста қолдана қолданады.

Тұжырым. Әдебиетті текке бөлу Аристотельдің «Поэзия өнері туралы» трактатынан басталды. Грек философы еңбегінде әдеби тектер теориясы әр қилы ғылыми және философиялық тұрғыда қарастырылды. Мұнда Аристотель көне грек әдебиетінде жинақталған көркемдік тәжірибелерге сүйенді. Неміс философы Гегель үш текті философиялық-логикалық жағынан негіздейді. Философтың пікірінше, эпос объективтілікке, лирика субъективтілікке құрылып, драма объективтілік пен субъективтілік қасиеттерді тоғыстырады. Канттың, Гегельдің эстетикалық көзқарастарында өнерді жеке тулғаның субъективті шығармашылық қабілеті дүниеге әкеледі деген тұжырым кең орын алды. Мұндай көзқарастар эволюциясы А.Байтұрсыновтың әдеби-теориялық танымына да тән болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. -А., 2003.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы, 2007.
3. Ахметов К. Әдебиеттану әліппесі. –Алматы, 2000.
4. Тілешев Е. Суреткер және көркемдік әдіс. А., 2005.

ӘДЕБИ ЖАНРЛАР

Мақсаты: Әдеби жанрлар туралы түсінік беру, әр жанрдың көркемдік тәсілдері туралы ұғындыру.

1. Әдеби жанрлар туралы түсінік
2. Әдеби жанрлардың қалыптасуы
3. Әдеби түрлер, ерекшеліктері

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: Әдеби жанр, жанрлық түр, эпос, лирика, драма, тарихи даму, көркемдік тәсіл.

Әдебиеттегі «тек» пен «түр», «жанр» ұғымдары бір-бірімен тығыз бірлікте өрбіп жатады. Әдеби жанр термин ретінде шартты екі мағынада қолданылады: әдебиеттердің тектері эпос, лирика, драма; әдеби шығармалардың түрлері - әңгіме, роман, баллада, поэма, комедия, трагедия.

Әдебиет теориясына арналған еңбектерде көбіне әдебиеттің тегі – жанр, әдеби шығарма – жанрлық түр деп танылып жүр.

Әрбір әдеби туындының жанрлық табиғаты әр алуан. Эпикалық шығармада қаламгердің өзін қоршаған дүниені көркемдікпен суреттеумен қатар, өмір шындығын әдеби бейнеге жинақтап, олардың өзара қарым-қатынастарын қат-қабат оқиғалар арқылы ашады. Лирикада өмірдің әр түрлі құбылыстарынан туындаған ой-сезімдер ақынның тікелей бейнелеуіне бағытталады. Драмада алғашқы екеуінің мүмкіндіктерін өз бойына біріктіреді. Яғни пьесадағы түрлі кейіпкерлердің мінездері өздерін-өздері тікелей көрсетуі арқылы ашылады.

Әдебиет тектері тұрақты болады. Адам нақты бір қоғамдық жағдайда дамиды, белгілі бір әрекеттер, ойлар мен толғаныстар арқылы өзін-өзі танытады. Эпос, лирика, драма өзара ұштаса отырып, халық өмірінің тұтастай дәуірін қамтитын аса күрделі қоғамдық үрдістерді бейнелеуден бастап, бір ғана адамның ой-толғаныстарын көрсетуге дейінгі мүмкіндіктерді ашады.

Жанр – үнемі дамып отыратын категория. Әрбір тарихи дәуір әр түрлі жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді. Мұндай ерекшеліктер, бір жағынан, әр әдебиеттің ұлттық сыр-сипатымен тығыз байланысты болса, екінші

жағынан әр жазушының әлеуметтік орта мен әдеби үдерісте атқарар рөліне, алатын орнына байланысты. Жанрлық дамудың өзі – жаңды үдеріс. Жанрлар туады, өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады. Бұл да әр ұлт әдебиетінің тарихи тағдыры мен ерекшеліктеріне ұштасып жатады.

Жанр – нақты тарихи түр. Қазақ эпосы бір кезде батырлар жыры түрінде көрінсе, кейін аралық сипаттағы лиро-эпосқа көшті, одан келе жанрлық табиғатын мүлде жаңартқан жана сападағы поэмаларға ауысты.

Дәстүрлі түрде әдеби тектер үшке бөлініп, әрқайсысы сөздің белгілі бір қызметіне сай келеді де, оның эстетикалық ерекшелігін белгілейді.

1. Эпос, болмысты белгілі бір ауқымда, көлемде, уақыт пен кеңістік аясында және оқиғалар шеңберінде, сюжеттік желі негізінде қамтиды.

2. Лирика, жеке адамның ішкі дүниесін, сезімнің қалыптасып, өзгеруімен, мұң-қиялымен, көңіл ауанымен, қайғы-қуанышымен ашып көрсетеді.

3. Драма - сөздік әрекеттерді эмоционалды ерікті ұмтылысымен, әлеуметтік-психологиялық сипатымен, ішкі еркіндігімен және сыртқы шектеулілігімен, қысқасы екі жақты экспрессивті-сюжеттік қатынастарымен танытады. Сол арқылы әдебиеттің бұл тегі өз бойында лирика мен эпостың сипаттарын қабат ұштастырады.

Эпос - кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі жанр. Эпостың туу, қалыптасу тарихы адам санасының алғаш ояну дәуірлерінен тамыр тартып жатыр. Эпос жан-жақты: эпикалық шығармада адамның өмір жолы кеңінен баяндалады, оның басынан кешкен тағдыры мен тіршілігі толық жинақталады. Кейіпкер бейнесі, әрекет-оқиғалар молынан суреттеліп, тұтас бейнеленеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар әр қырынан айқын көрсетіледі. Өмір шындығын қамту, адам мінезін ашу мүмкіндіктеріне қарай эпикалық жанр үш түрге бөлінеді: шағын көлемді; орта көлемді; кең көлемді эпикалық түр.

Шағын көлемді эпикалық түрге жататын әдеби туындыларда, негізінен, өмір шындығы бір немесе бірер ықшам эпизод мөлшерінде, адам тағдыры бір немесе бірер жинақы оқиға көлемінде ғана көрсетіледі. Оқиғаға қатысатын қаһармандар санаулы, олардың басынан өтетін құбылыстардың бәрі емес, кейбір үзіктері ғана

суреттеледі. Шағын эпикалық шығармалар әдеби тарихының әр кезеңіне тән. Алайда, шағын жанр оңай емес. Себебі, бұл жанрдағы шағындық шығармадағы оқиғаның айқын, жинақы, кейіпкер әрекетінің толымды шығуына кедергі болмауы тиіс. Керісінше, бірер оқиға мен кейіпкерлер арқылы әңгіменің бас-аяғы жинақы, ұғымды болуы керек.

Миф – табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял ғажайып оқиғаға айнадыра бейнелейтін фантастикалық баян. Бұл байырғы халықтардың бәріне тән.

Эпостың көне түрлерінің бірі – аңыз. Бұл да миф секілді әсіре қиял аралас фантастикалық қиял. Алайда, мифтен өзгешелігі – аңыздың негізінде шындыққа жанасымды, көбіне өмірде болған халық есінде сақталған оқиғалар жатады. Шағын көлемді эпикаға тән жанрлық түрлердің бірі – ертегі. Бұл да миф пен аңызға ұқсас, адам өмірін де, не хайуанат дүниесінде болуға лайық әр алуан қызық, кейде ғажайып оқиғаларды ойдан шығарып, дамыта әңгімелейтін көркем хикая.

Драма – күрделі жанр. Драмаға өткір тартыс, шиеленіс, өмірдегі қарама-қайшылықтар тән. Драмада адам өміріндегі маңызды, өнегелі жағдай бейнеленуі керек. Драмадағы әрекет бір жүйені құрайды.

Тартыс пен характер – драматургия жанрының негізі болып табылады. Драмалық шығармадағы тартыс - қарама-қарсы ниеттегі қаһармандар бойындағы ішкі және сыртқы әрекеттерімен тығыз байланысты. Кез-келген драмалық шығармада тартыс пен мінездің қызметі ерекше.

Драмадағы жағдай – кең ұғым. Қаһармандары өмір сүріп отырған қоғамның тынысы, ортаның жай-жапсары, заманының ағысы, кейіпкерлерінің атқаратын іс-әрекеті – барлығы осы жағдайға байланысты дамиды. Драманың сипатын кейіпкерлердің арасындағы тартыс арқылы көруге болады. Ғалым А.Байтұрсынұлы: «Тартыстың өзі басты-басты үш тарау болып бөлінеді: 1) мерт, яки электекті тартыс [трагедия], 2) сергелдең, яки азапты тартыс [драма], 3) арамтер, яки әурешілік [комедия]. Тартыс күйге ән-күй қосылса, тартыс зауықты деп аталады. Тартыс сөз қу тілді болса, қулықты деп аталады; қисыны қызық болса, күлдіргі тартыс болады; сиқыр мазмұнды тартыс сиқырлы деп аталады», - деп көрсеткен.

Тұжырым. Жанр - даму үстінде болатын категория. Әрбір тарихи дәуір әр түрлі жанрдың түп негізін сақтай отырып, оның

табиғатына өз ерекшеліктерін енгізеді. Эпос, болмысты белгілі бір ауқымда, көлемде, уақыт пен кеңістік аясында, оқиғалар шеңберінде береді. Лирика жеке адамның ішкі дүниесін, сезім-күйінің өзгеруін, мұң-қиялын, көңіл ауанын, қайғы-қуанышын ашып көрсетеді. Драма – күрделі жанр. Драмаға өткір тартыс, шиеленіс, өмірдегі қарама-қайшылықтар тән.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992.
2. Қожекеев Т. Сатиралық жанрлар. – Алматы, 1983.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы, 1997.
4. Жанр сипаты. Жинақ. – Алматы, 1971

ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМА. ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР

Мақсаты: Лирикалық туындының ерекшелігі, лирикалық кейіпкер түрлері туралы мағлұмат беру.

1. Лирикалық шығарманың ерекшелігі.
2. Лирикадағы ақындық «мен»
3. Лирикалық кейіпкер

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: лирика, ақын, ақындық «мен», лирикалық кейіпкер, лирикалық қаһарман, лирикалық тұлға.

Әдебиеттану ғылымының басты мақсаты – адамзат мәдениетінің ерекше құбылысы – сөз өнерінің тереңіне бойлау, тану. Сөз өнерінің басты ерекшелігі болмысты адамға көркемдік-танымдық тұрғыда жеткізу. Поэзия сөздің тереңдегін, көркемдік құпиясын, бейнелілік қуатын ашады. Лирикалық шығармада автор өзіне, өз сезіміне бойлайды, өзінің сезім кеңістігінде болады. Сыртқы әлем автордың дербес қабылдауы арқылы көрінеді. Яғни «авторлық субъективизмнің» басымдығы байқалады. Орыс сыншысы В.Белинский лирикалық шығарманы «субъектілік патшасы» деп атаған. Лирикалық шығарма – автордың өзіндік ой-сезімінің, көңіл-күйінің монологі. Қоршаған ортаның барша құбылысы автордың дербес қабылдауы арқылы танылады. Сондықтан да лирикада көңіл-күй мәселесі басты орында. Сөздің мағыналық, дыбыстық, интонациялық, ырғақтық қасиет-сапалары лирикада ерекше мәнге ие. Лирикалық шығармада лирикалық кейіпкер болады. Лирикалық кейіпкер немесе ақын сыры «мен» арқылы ашылады. Әрине, лирикалық кейіпкердің тұлғасы кейде автордың өмірбаяндық деректерімен, көңіл-күйімен ұштасып та келетін сәттері болады. (Мәселен, Махамбет, Дулат, Абайдың заман жайлы айтқандары).

Академик З.Қабдолов: «Лириканы тақырыбына қарай топтап талдау оны жазған ақынның шығармашылық бітімін пайымдау үшін айырықша мәні бар нәрсе: оның әр түрінен ақынның бір қырын тануға болады», – деген.

Лирикалық кейіпкер автор болмысынан терең. Лирикалық шығармада автордың сезімі, қуанышы мен реніші, ойы мен шаттануы, сүйіспеншілігі мен торығуы, тебіренісі мен толқынысы

жырланады. Өткен ғасырдың 20 жылдары ресей әдебиеттануына «лирикалық бейне» терминін енгізген ірі әдебиет теоретигі Юрий Николаевич Тынянов (1894-1943) болды. Лирикалық шығармалар ақынның қоршаған орта, қоғамдық шындық туралы толғаныс-сезімдерін, оны танып-бағалауын, жалпы көңіл-күйді таныту тәсілдеріне қарай бірнеше жанрларға бөлінеді: ән-өлең, арнау, толғау, романс, элегия, сонет, гимн, сатиралық лирика. Шығыс поэзиясында газал, қасыда, рубай, бәйіт.

Ән-өлең сөздері әнмен айтуға арналған лирикалық туынды. Әуелде халық әдебиетінде (шлдехана, бесік жыры, той бастар, сыңсу, қоштасу, естірту, жоқтау), кейін жазба әдебиетінде орын алған (Біржан, Ақан, Мәди, Естай, Қорлан әндері).

Толғау қазақ, қарақалпақ, ноғай елдерінде де бар (Б.Әбілқасымов). Ол кең тараған қоғамдық-саяси лирикалық түр. Толғау «толғаныс», «толғану» дегенді білдіреді. Бұл сөздің ойға, сезімге қатысты екендігін аңғартады. Сондықтан толғаудың өзін ойға құрылған толғау, сырға құрылған толғау деуге болады.

Ой толғауларда жырау заман, қоғам жайлы, мораль, этика мәселелері туралы толғап, сөздерін ақыл, афоризмге құрады. Сыр толғауларда толғаныс, сезім, эмоция алдыңғы орында болады. Мұнда жыраудың «мені» де кездеседі. (Қазтуған «Алаң да алаң, алаң жұрт»).

Сонет - лирикалық өзгеше бітімді, белгілі бір қалыптасқан өлшеммен жазылған түр. Сонеттің тақырыбы қуаныш, қайғы, өмір, махаббат, Отан туралы болады.

Эпиграмма – қандай да бір адамды немесе қоғамның ұнамсыз құбылыстарын зілді түрде әжуалайтын шағын өлең.

Романс – музыкалық қайта жасаудан туған лирикалық өлең, оның жанрлық белгілері әуендік интонация, синтаксистік кеңдік, тармақ деңгейіндегі сөйлемдердің аяқталуы. Эпитафия – мадақтау, пародия, немесе сатиралық сипаттағы қабір тақтасына жазылатын өлең. Стансы – медиатативті (терең толғаныс) түрдегі бірнеше тармақтан тұратын шағын элегиялық өлең.

Эклога – табиғат аясындағы тұрмыстық жағдайды көрсететін баяндау немесе диалог формасындағы лирикалық өлең.

Мадригал – лирикалық-махаббат мазмұнындағы шағын өлең-мадақтау. Лирикадағы әр түрлі эмоционалды көңіл-күйді танытатын тұлғаны лирикалық кейіпкер дейміз. Бұл әрі қарай «лирикалық мен», «лирикалық субъект» деген терминдермен де алмасып отырады.

Лирикалық кейіпкер эпикалық шығармадағы баяншы, әңгімешілерден бөлек. Олай болатын себебі, баяндаушының ішкі әлемі, күйі туралы біле бермейміз. Лирикалық кейіпкер дүниетаным, рухани-өмірбаяндық, сезім толғанысы, тілдік мәнер жағынан ақынмен ажырағысыз бірлікте болады. Сондықтан да лирикада авторлық психологиялық ахуал басым болады. Лирикалық көңіл-күй ақынның басынан өткерген немесе соған ұқсас басқа субъектінің көңіл-күйімен астасып жатады. Лирикалық қаһарман ақынның өмірге деген көзқарасының бір сипатын танытады. Лирикалық қаһарман мен автор арақатынасын межелеген кезде сол қаһарманға деген заман, уақыт әсерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Міне, осы жағдаяттардың жиынтығы ақынның болмысын, ішкі дүниесін ашуға жәрдемдеседі. Сондықтан лирикалық туындының эмоционалды сипаты терең. Лириканы оқу арқылы автордың немесе лирикалық кейіпкердің басынан өткен күйді танып, түйсіне аламыз. Яғни, ақынның сезімі оқырманның да сезінген, басынан кешкен күйге айналады.

Тұжырым. Лирикалық шығарма – автордың өзіндік ой-сезімінің, көңіл-күйінің монологі. Лирикалық шығармалар ақынның қоршаған орта, қоғамдық шындық туралы толғаныс-сезімдерін, оны танып-бағалауын, дербес көңіл-күйін танытады. Лирикалық кейіпкер ақын болмысының бір қырын, сипатын ашады. Поэзияда суреттелген ұғым туралы түсінік берілмейді, ол туралы бейнелі ой, көркем сурет жасалады. Поэзиядағы бейнелі сөздер айнала қоршаған дүниені көркем тануға көмектеседі. Қазақ поэзиясында болмыстағы құбылыстар халқымыздың дүниетанымына жақын, әдет-ғұрпы мен философиясын, эстетикасын білдіретін ұғымдармен өрнектеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1997
3. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. -Қарағанды, 2004
4. Кәрібаева Б. Қара өлең және лирика. Алматы, 2001
5. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты. Алматы, 1997

КӨРКЕМ ТУЫНДЫНЫҢ СЮЖЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Мақсаты: Көркем туындының сюжеті мен фабуласы, сюжет түрлері туралы мағлұмат беру.

1. Сюжет пен фабула
2. Сюжеттің түрлері
3. Туындының сюжеттік құрылымы

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: сюжет, фабула, композиция, сюжеттік даму, сюжеттік байланыс, эпилог, пролог.

Көркем шығарма – автордың идеялық-эстетикалық ұстанымынан туындайды. Көркем туынды сыртқы орта жағдайын, оқиғаны баяндау арқылы берсе, ал ішкі дүниені ой, толғаныс (экспрессивтік форма) арқылы бейнелейді. Соның нәтижесінде оның ішкі және сыртқы жағы айқындалады. Шындығында бұл абстрактілі түсінік, негізінде туындының формасы мен мазмұны бір-бірінен ажырамайтын компоненттер.

Көркем шығарманың архитектурасы кейіпкерлермен, олардың іс-әрекетімен, бір-бірімен қарым-қатынас динамикасымен, жалпы, сюжетқұрылым мәселесімен тығыз байланысты. Әрине, көркем туындының құрылымы түгелдей сюжетке тәуелді деу дұрыс бола бермейді.

Кейбір шығармада фабуладан тыс тұратын баяндау эпизодтарының мәні ерекше болады. Сондықтан да болар әдебиеттану ғылымында сюжетологияға қатысты пікір алшақтықтары көп болған. Көркем туындыдағы сюжетті талдаудың кенеісі, талдау тәсілдерінің күрделенуі, тақырып дамуының ассоциативтілігі сюжеттің өзіндік салмағын өзгерте бастады. Кейде әдеби шығарманы талдау барысында сюжеттің байланысы, шиеленісуі мен шешімі мүлдем басқа сипатқа ие болып жатады. Себебі, қазіргі оқырман автор ұсынған сюжеттік жүйе мен оның шешімін түгелдей қабылдай да бермейді.

Фабула – бұл латынша-әңгімелеу, баяндау, айтып беру-көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау. Біз шығарманы алғаш оқығанда оның жалпы фабулалық желісін тез қабылдаймыз. Ал, сол шығарманы қайтадан оқитын болсақ, шығармада суреттелген әрбір әрекеттің, оқиғаның, құбылыстың

мәніне тереңдеп үңіле бастаймыз, соның нәтижесінде санамызда сюжет жайлы түсінік пайда болады.

«Сюжет» нақты бір заттық мәнге ие бола алады. Яғни сюжет – авторлық мақсат та, фабула-сол мақсатқа жетудің құралы. Егер фабуланы әңгімелеп беруге болатын болса, сюжеттің көркемдік мәнін шығармада көрінетін авторлық баяндау ерекшеліктері ғана жеткізе алады. Кейде жазушы пайдаланған даяр фабула сюжетке айналған кезде көркемдік өңдеуге ұшырайды. Біріншіден, мұндай даяр фабулалар өмірдегі, нақты оқиғаларға негізделген шығармаларда жиі кездесуі мүмкін. Екіншіден, бір жазушының жасаған фабуласы екінші жазушының шығармасында мүлде жаңа сападағы сюжетке ұласып жатуы да ықтимал. Бір ғана фабула әр жазушының шеберлігіне байланысты әр түрлі сюжеттік сипатқа ие бола береді. Сюжет шығарма стилімен, көркем дүние құрылымның ортақ заңдылықтарымен тығыз байланысты. Демек, шығарманың көркемдік маңызы фабулаға емес, фабуланың шығармашылықпен игерілген көркемдік сипатының сюжетте тереңдетіле бейнеленуіне қатысты. Әдеби дәстүрде фабуланы құрайтын әр эпизод оны дамытуымен ерекшеленеді. Бұл тұста эпизодтың көлемі, оның шынайы болмыспен қатынасы мәнді емес. Эпизодтың мәні – сюжеттік құрылымды жасауында, көркемдік жүйенің ішінде өзіндік қарым-қатынас орнықтыруында.

Сюжетті шығармалардың мазмұнында көбіне күрделі қайшылықтар, өмірлік тартыстар желі тартып жатады. «Тартыс - (латынша – «конфликтус») – қақтығыс, айқас деген мағынаны білдіреді. Ол өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамға тән әр алуан көзқарастағы, идеядағы, сезім-нанымдағы, іс-әрекеттегі, мақсат-мүддедегі кереғар құбылыстардың өнер туындысында жинақталып, суреттелуі. Өнердегі өмірлік тартыс – көркем шығарманың идеялық мазмұнындағы үзілмес желі, арқау, керек десеңіз күллі өнер туындысына тіршілік беріп тұрған жүйке», - дейді З.Қабдолов.

Әдеби шығармадағы табиғи тартыс - оның сюжеті мен композициясының қозғаушы күші. Сюжетте қоғамдық тартысты қозғалыс үстінде, яғни дамуы, шешілуі арқылы көрсету қоғамдық даму тенденцияларын, оның заңдылықтарын түсінуге ықпал етеді. Көркем туындыға өзек болатын қоғамдық тартыс өткен дәуірлерден де алынуы ықтимал. Алайда, тартыстың түпкі мәні қаламгер өмір

сүрген кезеңдегі қоғамдық талап-тілектермен орайласып жатады. Сонымен бірге қаламгер өз бейнелеп отырған характерлер мен жағдайлар, адамдар арасындағы байланыстар мен қарама-қайшылықтардың шынайы сипатын ашып танытуда сюжеттің мүмкіндігіне сүйенеді. Осылардың бәрін бейнелеу шығармада алға тартылған проблемалардың мәнін ашуға, идеяға ықпал етеді. Сюжет желісіндегі образ-характерлер негізгі идеяға, негізгі оқиғаға байланысты бола отырып, өзіндік даралығын да сақтап қалуы шарт. Классикалық үлгідегі туындыларда күрделі де тұтастық сипатта көрінетін сюжеттің басталуы (экспозиция), байланысы (завязка), дамуы (ситуация), шарықтау шегі (кульминация), шешімі (развязка) сияқты бөлшектерден тұрады. Кей шығармаларда пролог пен эпилог кездеседі.

Сюжеттің басталуы – пролог - оның кіріспесі іспетті. Мұнда оқиға басталмас бұрын қоғамдық орта, алдыңғы іс-әрекеттердің өтетін кеңістігі суреттеледі. Экспозицияның ерекшелігі ол шығарманың сюжеттік желісіне тікелей ықпал жасамайды, оқиғаның басталуын, мезгіл мен мекенге меңзеу, деректік сипат, алдыңғы өтетін оқиғаның себебін көрсетеді.

Сюжеттік байланыс – кейіпкерлер арасындағы әрекеттің басы, тартыстың басталуы, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның әуелгі туындау себебі, олардың өзара байланыса бастауы. Байланыс экспозициядағыдай емес, шығарманың сюжеттік желісіндегі өмірлік тартысқа тікелей ықпал жасайды, оқиғаның әрі қарай дамуына жол ашады.

Сюжеттік даму - шығарма мазмұнында үлкен мәнге ие. Мұнда оқиғалар да, кейіпкерлер де молырақ көрініп, олардың арасындағы байланыстар мен қарама-қайшылықтар анықтала түседі. Негізгі оқиғалар желісі қалыптасып, кейіпкерлер болмысы барынша ашылады.

Шығармада суреттелген сюжеттік дамудың ең жоғарғы шиеленіс биігіне жеткен тұсы - шарықтау шегі деп аталады. Бұл тұста кейіпкерлер жүйесі де айрықша танылып, мінез-сипаттары жан-жақты ашылады. Шығарма сюжеті әбден анықталып, ондағы шешуші мәселе тереңдей түседі.

Шешім – шығарма сюжетінің шешуші кезеңдерінің бірі. Суреткердің өзі суреттеп отырған өмір құбылысын жинақтауы, аяқтауы. Кейіпкерлер арасындағы қарама-қарсы тай-таластардың,

күрделі тартыстардың бітуі, түрліше тағдырлар тартысынан туған нақты нәтиже, түйін.

Эпилог - шығармада көрінген әрекет, оқиғалардың ең ақырғы шешімінің бейнеленуі. Эпилог кейде туындының сюжетіне кіріге, мезгілдес берілсе, кейде шығарма аяқталып, белгілі бір уақыт өткеннен кейінгі оқиғадан хабардар етеді. Бұл оқырманды қызықтырады, себебі қаламгер әрі қарайғы кейіпкер тағдырынан ақпарат береді.

Тұжырым. Сюжет – көркем шығармадағы оқиғалар жүйесі, уақыт-кеңістік қатынасындағы өзгеріп, дамып отыратын кейіпкерлердің әрекеті. Қаламгердің туғызған оқиғасы шығарманың негізгі сюжеттік арқауын құрайды. Сюжетке негіз болатын оқиға мифологиядан, тарихи жағдаяттардан алына отырып, өзгертіледі, толықтырылады. Сюжеттің мазмұндық диапазоны ерекше. Онда адамның қоршаған ортамен, жаратылыспен, өзге адамдармен қатынасы, әрекеті, тартысы, мінез-құлқы, болмысы ашылады. Сюжетте қоғамдық тартысты қозғалыс үстінде көрсету қоғамның даму заңдылықтарын түсінуге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. -Алматы, 1997
3. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. -Қарағанды, 2004

КӨРКЕМ ТУЫНДЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мақсаты: Көркем туындының композициясы, басты компоненттері туралы мағлұмат беру.

1. Композицияның ерекшелігі.
2. Композицияның түрлері
3. Туындының композициялық құрылымы

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: композиция, композициялық даму, лирикалық шегініс, оқшау эпизодтар, көркемдік аңдату.

Композиция - әдебиеттану ғылымындағы маңызды теориялық ұғым. Композиция – көркем шығарманың құрылысы. Көркем шығармада негізінен адамдардың өзара қарым-қатынасы, әрекеті көрінеді. Композиция – шығарманың сюжеттік-баяндауыштық жағымен бірге, оның бейнелілік бітімін, характерлер сипатын толық қамтитын ұғым.

Композиция – латынша «құрастыру, қиыстыру» деген мағына береді. Композиция тек формаға ғана емес, мазмұнмен де тікелей байланысты. Сонымен қатар көркемдік түрлердің орналасуы, ара қатынасы, яғни шығарманың мазмұны мен жанрынан өрбитін туындының құрылысы. Композиция шығарманы біртұтас дүниеге айналдыруға ықпал етеді.

Композиция пішіндік бөлшектерді тұтастырып, идеяға бағындырады. Композиция өзіндік мазмұнға ие, оның құралдары мен тәсілдері суреттелген құбылысты қайта жаңғыртып, мәнін тереңдетеді.

Композиция – шығарманың сюжеттік – баяндаушылық жағымен қоса, оның образдық бітімін, характерлер сипатын да қамтитын ұғым. Әдеби қаһарман белгілі бір дәрежеде өзге кейіпкерлермен композициялық салыстырулар жасау арқылы да ашылады. Әдебиеттің түрлі тектері мен түрлеріне қатысты композициялық заңдылықтардың айырмасы болады. Мәселен, поэзиялық шығармаларда композиция бөлшектерінің қатарына шумақ, тармақтар жатады. Драмада басты рөлді диалог атқарады, сипаттау мен мінездеулер қысқа ремаркаға (авторлық түсіндіру) сыйғызылады. Кез келген жанрдағы туындыдағы шынайы көркемдік

композиция құрылымына сөз араласқанда ғана игеріледі. Ал, көркем шығармадағы сөз дегеніміз – автордың дербес тілі, стилі.

Композицияның ішкі міндетіне көркем ой мен сезімнің үздіксіз қозғалысын реттеу жатады. Ол үшін композицияның әрбір бөлшегі бір-бірімен тығыз байланыста болуы шарт.

Шығармадағы әр эпизод фабуланы оқиға шешіміне қарай жылжытып отырады. Осыдан оның шығармадағы рөлі анықталады. Әңгімеші немесе автор суреттеліп отырған эпизодтың фабулаға қатысты-қатыссыздығын өзі анықтайды. Эпизодты ұйымдастыруға қатысатын кейіпкерлер әрекеті мен заттық әлем белгілі бір автор ұстанымымен байланысты. Кей сәтте фабулалық тұрғыда кейбір оқиға, элементтер артық болуы да мүмкін. Алайда, оның әрқайсысы суреттелетін оқиғаның тұтастығына ықпал етеді. Фабулалық оқиғалар жалпы және нақты болады. Кейіпкердің өмірі жайлы, бастан кешкені туралы оқиға, басқа біреулердің сөзін араластырмай, «өз жағынан» айта отырып, автор кейіпкердің жағдайы туралы кейбірін қалдырып, кейін таңдап алып пайдалануға ерікті. Кейіпкерінің өмір жолынан ең бір мәнді тұстарын нақты таңдап, соны барынша толық баяндайды да, аралық оқиғалар қысқа беріледі. Эпизодтың тізбектей берілуінен шығарма құрылымының тұтастығы шығады. Көркем шығарма кеңістігінде баяндаудың бірнеше түрлері бар. Бірінде автор жалпы әңгімелеу түрінде, кейіпкерлердің өзіне тән ерекшеліктерін өз атынан баяндап береді. Екіншісі кейіпкерлердің өздерінің баяндауы, өз характерлерін өздері ашуынан тұрады. Әрине, көркем мәтіндегі әрбір эпизодтың дәлелдемесі (мотивировка) болады.

Эпикалық шығармада жиі кездесетін композициялық бөлшектердің бірі лирикалық шегініс - эпикалық шығарма авторының ойы мен сезімінің шығармада тікелей көрінуі.

Кейде лирикалық шегініс арқылы жазушы кейіпкерлер мен олардың әрекетіндегі ең маңызды деген тұстарға оқырман назарын аударуға, әсерлілігін арттыруға, кейіпкерлердің алдыңғы өмірі, әрекеті туралы кеңірек мәліметтер беру үшін де жүгінеді. Кейде бір кейіпкерлерге бағытталған лирикалық шегініс басқа бір кейіпкердің ой-сезімімен астасып жатуы мүмкін.

Кейде автор лирикалық шегіністі өз шығармасының сипаты мен міндетін хабарлау мақсатында пайдаланады.

Оқшау (кірме) эпизодтар – шығармада баяндалатын негізгі оқиғаға тікелей қатысы жоқ көріністерді атайды. Кейде оқшау

эпизодтарда лирикалық шегініс сияқты шығарманың идеясын, пафосын түсіндіру үшін пайдаланылады.

Көркемдік андату – жазушы алда болатын оқиғаны барынша терең түсіндіру үшін оны алдын-ала соған ұқсас көріністер арқылы аңғартатын тәсілді айтамыз.

Пейзаж – шығармада табиғат көрінісінің бейнеленуі. Пейзаж шығарманың тұтас идеялық-көркемдік мәніне қызмет ету үшін де, сондай-ақ шығармадағы жекелеген көріністерге, оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты да қолданыла береді. Пейзаж оқиғаның эмоциялылығын тереңдетіп, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен жан дүниесін жете тануға жәрдемдеседі.

Интерьер – шығарма кейіпкерлерінің тұрмыс-тіршілігіне қатысты түрлі заттар мен құрал-жабдықтардың бейнеленуі. Интерьер көбінесе белгілі бір кеңістік аясында жекелеген кейіпкерлердің хал-ахуалын, тұрмыс-тіршілігін беруде қолданылады.

Сонымен, композициялық бөлшектер мен сюжеттік дамудың кезеңдерін реттеп тұратын ұғым – шығарманың композициясы. Композиция - шығармадағы барлық бөлшекті тұтастырып, бас-аяғы жинақы шығарма тудырып, оны негізгі идеяға бағындырады.

Тұжырым. Композиция – шығарманың сюжеттік – баяндаушылық қырын, образдық бітімін, характерлер сипатын қамтитын ұғым. Композицияның міндетіне шығармадағы әрекет пен көркем ой-сезімдердің үздіксіз қозғалысын реттеу жатады. Композицияның әрбір бөлшегі бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы, 1992
- 2.Нұрғалиев Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003
- 3.Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. -Қарағанды, 2004
- 4.Тюпа В.И. Аналитика художественного: Введение в литературоведческий анализ. М., 2001.

ӘНГІМЕНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақсаты: Әңгіменің жанрлық ерекшелігі, композициясы, кейіпкерлері туралы мағлұмат беру.

1. Әңгіме жанрының ерекшелігі.
2. Әңгіменің композициясы
3. Әңгімедегі кейіпкерлер болмысы

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: эпикалық түр, әңгіме, композиция, кейіпкер.

Эпика – баяндауға негізделген тек түрі. Әңгіме – кара сөзбен жазылған шағын көркем туынды. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады. Әңгімеде бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға баяндалады. Әңгіме көлемі шағын болғанымен, қаламгер үшін нағыз шеберлік мектебі. Оның сюжет желісі бір арналы, ықшам келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Мұнда оқиғаны тәптіштеп баяндауға, ұзақ суреттеуге орын берілмейді. Әңгіме ықшам суреттеулер арқылы көп жайды аңғартады.

Зерттеуші З.Қабдолов: «Әңгіме шағын көлемді эпикалық түрдің айрықша асыл үлгісі... Әңгіменің ең елеулі ерекшелігі – жинақтылығы...», -дейді. Шағын жанрда кейіпкердің сюжетке қатысуы негізінен бір желіде болады. Қаламгер шығарма құрылымындағы баяндау ситуациясын шектеулі уақытқа құрады да, оқиға да, кейіпкердің мінезіндегі өзгеріс те көзге бірден шалынып отырады. Әңгіменің бұл сипаты оның тақырыбынан-ақ аңғарылады. Мәселен, Б.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі әлеуметтік екі тап арасындағы жікті көрсетуге құрылған. Оқиға Асан мен Үсеннің ауылдан көз жазып қалуынан басталады. Жарлының баласы Үсен көшкен ауылдың жұртынан керек-жарақты тауып, балық та аулайды, құсты да ұстайды. От жағып, ас та әзірлейді, ауылды да табады. Бұл қаламгердің шығармашылық дүниетанымын да айқындап тұр. Өзінің саналы ғұмырын балаларды өнер-білімге, кәсіпке бейімдеп, еңбекқорлыққа тәрбиелеуге арнаған ағартушы шығармаларында жастарды жақсылыққа жақын болуға үндейді, сол ғибратын мысалдар арқылы дәйектейді. «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде де еңбекке қырсыз, өмірге икемсіз

бай баласы мен саналы, өмірге икемді, еңбекке күштар кедей баласын салыстырады. Сол арқылы әке тәлімін, еңбек-кәсіпке бейім болған Үсен бейнесін айқындайды. Осы бір күндік қысқа эпизодтық оқиға арқылы автордың идеясы айқын көрінеді.

Көркем прозаның осы шағын түріне жазушылардың айрықша көңіл аударуы заңды. Әңгіменің мағыналық сыйымдылығы жазушының өз идеялық, эстетикалық бағыт-бағдарын айқындауға, өзінің стиль қалыптастырып, суреткерлік шеберлігін жетілдіруге қолайлы. Әңгіме – көркем прозаның ең ықшам түрі болғанымен, жеңіл түрі емес. Себебі, шағын оқиға желісі, бірді-екілі кейіпкер ұғымды, жинақы сюжетті құруға тиіс.

Қаламгер С.Сейдімбектің «Қақпаншы» әңгімесінде қария қақпан құрудың өз ерекшелігін әңгімелейді. Әсіресе, суыр аулаудың қиындығын айтып: «Осы ауылдың балалары құлақшын деп қиылған соң амал жоқ, болмаса кеудесінде жүрегі бар кісінің қол көтерер аңы емес-ау! Ойпырмай, қақпанға тақалғанда алақанымен көзін басып шырылдайды дейсін. Құтты жетім баладай сай-сүйегінді сырқыратады ғой. Бұрынғылар суырды адамның азғыны деп отырушы еді, айтты-айтпады әйтеуір аң деуге аузың бармайтын бір кереметі бар!» деп қыңжылып отыратын», - деп баяндалады. Сағын ақсақал аңшылықты өнер деп танығанымен, оның өз орны болу керектігін ескертіп отырады: «... Оңтайы келгенді бытырлатып ата беру менің де қолымнан келеді. Бірақ обал ғой. Мәйегіне уыз байланбаған құралайды шырылдатып енесінен айырған пенде, әй, түбі оңбайды ғой, оңбайды! - деп қыңжыла басын шайқап қояды».

Қаламгердің бұл қысқа әңгімелерінің мәні терең. Мұнда қазақ халқының тұрмысында орныққан салт-дәстүрлерінің философиялық мәні ашылады. Қаламгер шығармасында көркемдік ойды деректілікпен толықтырып отырады. Шағын әңгіменің сюжетінде бұрыннан келе жатқан аңшылық дәстүрдің болмысы көрініс беріп, шығарма мазмұнын кеңейте түскен. Әңгімедегі Сағын ақсақал аңшылықтың қыр-сырын терең білетін кәнігілігімен қоса, осы өнердің оң-терісін саралап отырады.

Жоғарыда талданған әңгімелер шағын болса да, кең, еркін баяндауға құрылған. Бұған шығармалардағы оқиғалардың жаратылыс аясында өтетіні, кеңістікті мол қамтуы да әсер еткен. Әңгімелердегі ауыл, мезгіл суреті, кең дала, ұшқан құс пен жүгірген аң шығарма сюжетіне мол пішін беріп тұр.

Тұжырым. Әңгіме – эпикалық жанрдың шағын түрі. Жанрдың шағындығы әңгімеден идеяның айқындылығын, мазмұнның жинақылығын талап етеді. Мұнда кейіпкерлер де аз қатысады. Сөйте тұра, әңгіменің мәні терең, идеялық-эстетикалық болмысы тұтас болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы, 1992.
2. Тұрысбек Р. Ұлт мұраты және руханият.-Астана, 2008.
- 3.Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. -Қарағанды, 2004
4. Омарова М. Қазіргі қазақ прозасы туралы // www.qazaqadebieti.kz

ХИКАЯТТЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақсаты: Хикаяттың жанрлық ерекшелігі, композициясы, кейіпкерлері туралы мағлұмат беру.

1. Хикаят жанрының ерекшелігі
2. Хикаяттың композициясы
3. Хикаяттағы кейіпкерлер болмысы

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: хикаят, орта эпикалық түр, композиция, сюжет желісі, кейіпкерлер жүйесі.

Хикаят – орта көлемді эпикалық түр. Мұнда біршама көлемді оқиға, адам өмірінің, болмыстың кезеңді құбылыстары кеңірек, дамытыла суреттеледі. Сондықтан әңгімеге қарағанда, хикаят көлемді, сюжеті де күрделі болады.

Хикаят жанры - бірнеше шағын оқиғалар жинақтала суреттелетін, кейіпкердің бүкіл өмірі емес, маңызды бір-екі кезеңін қамтитын, тізбекті сюжеттен тұратын туынды. Повесть кейіпкерінің белсенділігі белгілі бір дәстүрі берік қалыптасқан өмір жолын таңдаудан байқалады.

Зерттеуші Қ. Жұмалиев: «Баяндау арқылы қара сөзбен жазылған көлемі орташа шығармалар ұзақ әңгіме (хикаят) деп аталады. Романмен салыстырғанда, ұзақ әңгімеде эпизодтар аз және алған оқиғаларының көлемі де шағын болады», - деген.

Жанр теориясына байланысты зерттеулерде повесть жанрының қыр-сырын ашуға да назар аударылғаны белгілі. Осыған орай әр түрлі жанрлар дамуындағы «құбылулар», белгілі бір жанрдың белсенділігі немесе бәсеңдеуінің себептерін, хикаяттың жанрлық сипатын айқындауға арналған талпыныстар жасалды. Дегенмен, хикаят жанры туралы ғылыми еңбектерге шолу жасау барысында жанр тарихы мен поэтикасын зерттеудегі алға басушылыққа қарамастан, повестің жанрлық табиғатын зерттеудің әлі де жолға қойылмағандығын мойындауымыз қажет. Қарама-қайшылыққа толы, кейде бірін-бірі жоққа шығаратын ой-тұжырымдардың повесть жанрының басқа жанрлармен, атап айтқанда әңгіме және романмен ұқсастығы мен айырмашылығына, хикаяттың жанрлық мүмкіндіктері мен табиғатына байланысты туындап отырғанын байқадық. Бұндай әр түрлі көзқарастардың пайда болуына әдеби

үдерістегі өзгерістер, әдеби тектер мен жанрлардың бір-біріне «кірігуі», бірін-бірі мазмұн, пішін жағынан байытуы, 70-80 жылдардағы повесть жанрының қарқынды дамуы түрткі болды.

Зерттеушілер М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Е.Лизунова, Ш.Сәтбаева, Р.Бердібаев, Р.Нұрғали, Ш.Елеуқенов, М.Базарбаев, Х.Садықов, Б.Майтанов, А.Ісімақова тәрізді әдебиеттанушылардың ғылыми-зерттеу еңбектерінде әдеби жанрлардың туу, қалыптасу жолдары, қазақ повестерінің типологиялық белгілері қарастырылған. Бірақ, бұл мәселелердің романға қатысты аспектіде ғана алынғандығын байқауға болады.

Орыс, қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынындағы хикаят жанрына байланысты әр қилы ой-тұжырымдарды қорыта келсек, хикаят – эпикалық тектің жанры. Бұның өзі повестің жанрлық табиғатының эпикалық екенін білдіреді. Сондай-ақ, «шығарма көлемі – жанр көрсеткіші бола алады» және «Повесть көлемі жағынан әңгіме мен романның арасындағы жанр, оның көлемін нақтылау мүмкін емес, сондықтан ол жанрлық белгі болып табылмайды», - деген кереғар пікірлердің әрқайсысындағы шындық салмағын таразылай отырып, мынадай байламға келеміз: Повесть – эпикалық тектің «орташа көлемді» жанры. «Орташа көлемді» деген сөзді тырнақшаға алу себебіміз, «көлем» сөзі – шығарманың парақтар санына, қалыңдығына емес, көтерген мәселесінің мазмұнына, оның бейнелеу ерекшелігіне байланысты алынып отыр. «Жалпы, кез-келген көркем туынды секілді повеске де бір өлшеммен қарауға болады. Мұнда жазушының стильдік ерекшелігі, көркемдік құралдарды құбылтып пайдалануы, әр түрлі көркемдік ізденістерге баруы әбден орынды. Соның нәтижесінде орта көлемді эпостық шығарма повесть дүниеге келмек».

Әдебиет қашан да ұлттық-азаматтық сана-сезім мен ұлттық мораль қалыптастырушы гуманистік қасиеттің жаршысы міндеттерін атқарады. Шын мәніндегі әдеби шығарма игі ниетті халықтарды бір-бірімен таныстыратын дәнекер. Осы тұрғыдан келгенде нағыз көркем туынды эмоциялық әсерлі сезім сыйлаумен қатар, сол ұлттың ұлағатын, азаматтық-адамгершілік игі дәстүрлерін, тамаша қасиеттерін жеткізетін қоғамдық-философиялық ойдың көркем формасы екені мәлім. Біз қаламгер шығармаларынан көкейіңе жылылық, жүрегіңе жақындық әкелетін өзгеше бір қасиетті сезінеміз. Бұл жазушы стиліне тән орнықтылық, даралық сипат болса

керек. Қаламгерлер психологиялық процестерді суреттеген кезде тек сезім күйлерді бірінен кейін бірін кезектестіріп қоя бермейді, сезім қозғалысын көптеген күрес-тартыстардың нәтижесінде, көпқырлы ішкі күрестердің аясында береді. Зерттеуші Д.С.Лихачев: «Жазушы қолданған барша көркемдік тәсілдер адамды терең бейнелеуге көмектеседі», - дейді. Өз кезінде стиль мәселесі әдебиеттану ғылымында қызу пікір тудырған. Ол жөнінде әр түрлі пікірлер болған. Орыс әдебиеттанушылары В.М.Жирмунский, П.Н.Сакулин, М.Б.Храпченко, А.Н.Соколов, Г.Н.Поспелов, А.В.Чичерин, Л.И.Тимофеев, В.В.Виноградов, В.А.Ковалев осы ұғымның теориялық жағын дәйектеп берді.

Табиғат тақырыбы сонау көне замандағы мұралардан бастап өзінің орнын тапқан. Ол сан қырлы сипатта көрінеді. Баяндау мәтінінде құрылымдық, сюжет жасаушы және қосалқы мотивтер бар. Кең мағынасында мотив әдеби бағыт пен жазушы шығармашылығындағы қажеттілік пен түйсікті, әсер мен сезімді, тұжырым мен идеалды, тұрақты идеяны білдіреді. Адам мен табиғат проблемасы орыс қаламгерлері М.Горький, Л.Андреев, М.Булгаков шығармаларында жетекші орынды иемденген.

Қазіргі әлеуметтік-мәдени аядағы адамның өмірі басты назарда. Себебі адам өмір сүрген қоғам сан салалы.

Қазіргі қазақ хикаяттарында жазушылардың белгілі бір философиялық жүйелерге қатысты өзіндік концепцияларын ұсына білгендігі аңғарылады. Бұл әсіресе адам мен қоғам, адам мен әлем арасындағы қарым-қатынасқа, адам болмысының мәнін, өмірдегі орнын бағамдауға байланысты экзистенциялық концепцияларынан анық аңғарылады. Және бір ерекшелігі қаламгерлер адам және әлем концепциясын тек баяндаумен емес, кейіпкерлері арқылы ұсынады. Сондықтан да хикаяттарда көбінесе дүниетаным шеңбері кең, өмірдің мәнін философиялық тұрғыдан түсінетін кейіпкерлер көп ұшырасады. Мысалы, қаламгер О.Бөкейдің хикаятындағы Аспан өлім табалдырығы алдында өткенді таразыға салып, өмірдің парқын түсінеді.

Өлімге дайындалған Аспан енді өзі үшін емес, өзгелер үшін өмір сүру керектігін ұғынады. О.Бөкей хикаяттарындағы кейіпкерлерді бір-бірімен жалғастыратын ортақ қасиет – қандай қиын-қыстау күн туса да, жаны мен арының ақтығын сақтап, адамдығын жоғалтпауы, рухының биік болуы. Оларды толғандыратын ойлар – адам

табиғатының жұмбақтығы әрі қарапайымдылығы, рухани құндылықтар мен адам өмірінің мәні.

Хикаят оқырманын ойландырады. Әрине, бұдан эпикалық шығармадағы философиялық бастаулардың мәні елеусіз деген қорытындыға келуден әсте аулақпыз. Осы тұрғыдан алғанда аталмыш жанрлардан хикаяттың айырмашылығы оның аналитикалық, талдағыштық сипатында. Хикаят белгілі бір дәуірдің, заманның карама-қайшылықты проблемаларын анықтап, сол карама-қайшылықтың дамуы мен шешілу үдерісін, оған қатысатын кейіпкерлердің рухани болмысындағы карама-қайшылықтардың себебін, мәнін анықтау арқылы талдайды. Яғни романда әлеуметтік-психологиялық талдаудың ауқымы кең болса, повесте психологиялық талдаудың элементтері басым болып келеді. Аналитикалық сипат хикаяттың негізгі қасиеті.

Зерттеуші Ә.Әзиев «Қазақ повесі» атты еңбегінде әңгіме мен повестің, роман мен повестің іргелес және айырмашылық тұстарын ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. «Повестің жанрлық ерекшеліктерін анықтаудың қиындығы оның роман мен әңгіме ортасындағы «аралық жанр» болғандықтан, өз белгілерін солардың көркемдік құрылымына «сіңіре» алатын қасиетінде». Бұдан шығатын қорытынды: аталмыш жанрлардың айырмашылықтарын ашып айтудың қиын екенін атағымыз келеді. Шығарма белгілі бір жанрда жазылғанмен, онда кейде басқа жанрдың да белгілері ұшырасады. Сол себепті де хикаят жанрының роман поэтикасына және әңгіме мен очеркке жақын тұстарын да назардан тыс қалдыруға болмайды.

Бүтін бір дәуірді, заманды бейнелейтін романдан өзгешелігі, хикаят кейіпкердің белгілі бір өмірлік кезеңін көрсететін жеке, кейде өте маңызды оқиға, эпизодтарды суреттеумен шектелуі мүмкін. Хикаят романдағыдай кейіпкердің туғанынан қайтыс болған шағына дейінгі бүкіл өмір жолын бастан-аяқ түгел суреттеп жаппайды. Сол үлкен өмірдің белгілі бір кесегін лайықтап қана алады және кейіпкер өмірінің дәл бір осы үзінде оның тағдыры тұтас күйінде және әр қырынан көрінеді. Мысалы, Жазушы О.Бөкей «Қар қызы» хикаятында өз кейіпкерлерін ар сынынан өткізу үшін өмір мен өлім тәрізді шекаралық жағдайға «тастайды». Табиғаттың алай-дүлей мінезімен бетпе-бет келген, суыққа тоңған үш жігіт «Қоңқай асуынан» адамгершілік сыналар асудан өтіп, әрқайсысы өмірдегі өз жолын табады. Автор кейіпкер характеріндегі өзгерістерді өлім мен

өмір белдескен күрес үстінде атқарып ашып тастайды. Айыруға белгілі бір жол сапарын алып, ондағы оқиғаны суреттеу арқылы жазушы кейіпкер тағдырының күрт өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Осыған үндес ситуацияны Ә.Кекілбаевтың «Күй» хикаятынан аңғаруға болады. Туындыда көркем уақыт пен кеңістіктің объективті және субъективті түрлері ерекше қарым-қатынасқа түседі. Объективті кеңістік пен уақытты шығарманың оқиғалық шеңбері деп түсінсек, субъективті кеңістік пен уақытты осы оқиғаға қатысушы кейіпкерлердің сезімдік әлеміндегі «ішкі қозғалыс», яғни бір кеңістіктен екіншісіне емін-еркін өтуі мен осыны эмоциялық деңгейде қабылдау ерекшелігін танимыз.

Қазіргі қазақ повестерінде тарих пен бүгінгі уақытты қабыстыра отырып, қоғамның адамгершілік-рухани бейнесін тереңдеп ашуға бағытталған тенденция белең алды. Сонымен бірге, қаламгерлердің тарих пен қазіргі уақыт философиясын ұғынуға деген күштарлығы көркем шығармашылықтағы мифологияға деген қызығушылықты туындатты.

Бүгінгі замандағы өзекті мәселелерді жалпы адамзаттық тұрғыдан шешу қажеттілігі көркемдік ойлау көкжиегін кеңейтті. Осы себептен де, суреткерлер мифке, фольклорға мойын бұрды. Әдеби тәжірибе көрсеткендей, миф, аңыз, әпсаналардың эпикалық тектің көлемді жанрларына қарағанда повестерде жиірек қолданылады.

Қазақ әдебиеттануында жатсыну мәселесіне зерттеушілердің назар аударуы құптарлық жайт. Бүгінгі таңда маңызды болып отырған осы мәселенің қайнар көзі сонау ауыз әдебиеті үлгілерінде жатқандығы анық. Желмаясымен құтты мекен іздеген Асан қайғы мен өз ортасынан сытылып шығып, мәңгілік өмір іздеген Қорқыттың арман - тілегі осы жатсыну мәселесімен ұштасып жатыр. «Жалғыздық қасіреті, адам болмысындағы жатсыну – әлемдегі жазушылар мен ғылымдардың кейінгі уақытта назарын аударып келе жатқан ауқымды мәселе. Біздің ғылымда бұл проблема көп уақыт дұрыс бағаланбай келген кезең – жалпы дүниетанымдық мәселеге тек материалистік тұрғыдан келу үстем болып тұрған кеңестік дәуірге дөп келеді».

Көркем туындыда халық өмірінің ұлттық бейнесі, психологиясы көрінеді. Қаламгердің ұлттық, көркемдік ойлау ерекшелігі оның бүкіл шығармасының ішкі рухынан сезіледі. Жазушының рухани жан дүниесіне сәйкес оның көркемдік әлемі жасалады.

Өмірді танып-білу, адамның табиғатын үңілу қоғамдық талаптың биігіне көтеріліп, өз айналасының ұлттық сипаттарын ашу, характерлердің жанды, нәзік сырларын тауып, қай тақырыпта жазса да, ол халқының бағалы мұрасына айналатындай болғаны жөн.

Зерттеуші М.Әуезов: «Ұлттық әдебиеттің өткен жолын зерттеу, түсіну арқылы «Қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгінгі пішінін тануға» болатынын ескертіп, «Белгілі заманның тарихи шарттары мен кәсіп дағдысынан туған салт-сана, сезім, тілек қандай еді Елдің өнер туғызған қиялы мен үлгілі сөз туғызған ақыл-шалымы, ішкі дүние байлығы қандай еді? Қазақ тілінде әрбір заманда шыққан сырлы сөздердің үлгісі қандай, мағына-маңызы қандайлық? Бір-бірінің ортасындағы тарихи байлам, тіркестік қайсы, әрбір жұрнақты туғызған себеп не?».

Әдебиет пен көркемөнердегі барлық өрнек, нақыштар, көркемдік бояулар түгелдей дәстүр болады екен деген ой тумауы керек. Ұлтқа, халыққа тән өзгешеліктер, айырым белгілер ең алдымен мазмұн, мән-мағына ретінде қаралуға тиіс. Өйткені басқалық, өзгешелік сол мазмұнға байланысты ғана байқалып танылмақ. Әрине, оның өзі белгілі форма, түр арқылы жүзеге асып жатады. Дәстүр, салт, әдет-ғұрып дегендер жаңағы мән-мағынаны, түбірлі, түпкі мазмұнды аңғартатын, байқататын белгілер сияқты. Бірақ соңғының өз мағынасы кең, ролі күшті, тек белгі болумен, форма болумен шектелмей мазмұнды, заттың, құбылыстың мәнін білдіретін реттері көп. Мұнда дәстүр мазмұнын да, сыртқы форманы да қамтиды. Дәстүрдің тез өзгеріп, не жойылып кете қоймауының басты себебі мазмұндық функциясының мол болуынан сияқты.

70-80 жылдары адам тұлғасы өзінің ішкі жан дүниесінің қарама-қайшылығымен суреттелген қазақ хикаяттары аталмыш жанрдың лирикалық сипатын тереңдете түсті. Сонымен қатар дәстүрлі эпикалық повестер де дамуын тоқтатқан жоқ. Бұның өзі қазіргі қазақ повестерінің жанрлық-типологиялық белгілерін анықтауда әдеби жанрлардың жалпы тектік қасиеттерінен туындайтын негізгі екі түрін бөліп көрсетуге болады: лирикалық және эпикалық. Лирикалық хикаяттардың қатарына лирика-эпикалық, лирика-философиялық; эпикалық хикаяттардың қатарына элеуметтік-психологиялық, элеуметтік-тұрмыстық, драмалық, повесть-очерк, автобиографиялық повестерді жатқызамыз. Сондай-ақ басқа жанрлардың қасиеттерін өз бойына «сіңірген» повесть-аңыз, повесть-миф, повесть-ертегі,

повесть-баллада» түрлері де казак әдебиетінде баршылық. «Туындының жанры осындай» деп үзілді-кесілді айту мүмкін емес, себебі кез-келген шығарманың «көркемдік әлемі» бар, ол ереже, қатып қалған қағидаларға бағына бермейді. Сондықтан повестің белгілі бір жанрлық түрін анықтауда оның мазмұндық сипатын, құрылымдық ерекшеліктерін т.б. идеялық-көркемдік компоненттерін назарда ұстауымыз қажет.

Ойлану, толғану, ойталқы түрінде келетін баяндауда уақыт жағынан сәйкестік болмайды. Сондықтан, ойталқыны «мезгілден тыс» баяндау формасы деп те атайды. Дегенмен көркем әдебиеттің даму тарихы кейіпкер мінез-құлқын оқырманға жақындата түсу үшін, бұл форманың ірі түрін жасап шығарды. Мұндай форма ой-толғаныстың мазмұнын ғана беріп қоймайды, оның тууының кезектілігін, табиғилығын, ішкі байланыстарын да береді. Сөйлемдер арасындағы логикалық байланысты уақыт жағынан кезектілікті білдіретін жалғамалы байланыс ауыстырады. Сөйтіп, эпикалық қашықтық оқиға мен әңгімелеу арасындағы қатынастың кеңістік және мезгілдік сипаттарын анықтап, соған сәйкес сөйлеу формаларының өзгеріп, түрленуін қамтамасыз етеді.

Тұжырым. Хикаяттың жанрлық белгілеріне оның қоғамдық өзгерістердің себеп-салдарын кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіне үңілу арқылы түсіндіруге ұмтылатын субъективтік сипатын, көркем әдебиеттің басқа да жанрларының, фольклорлық жанрлардың қасиеттерімен қатар, әдеби тектердің қасиеттерін де өз бойында «біріктіре» алатын әмбебаптығын, әрі талдауға, әрі жинақтауға бейімділігін жатқызуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері.-Алматы, 1992.
2. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. -Қарағанды, 2004
3. Есембеков Т. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы, 2009.

РОМАННЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақсаты: Романның жетекші жанр ретіндегі ролін, жанрлық ерекшеліктері мен құрылымын ашу. Романдағы өзге жанрлардың ықпалын, романның құрылымдық ерекшелігін ашу.

1. Роман жанры туралы түсінік
2. Романның жанрлық ерекшелігі
3. Романның құрылымдық ерекшелігі

Негізгі ұғымдар: роман, романдану, құрылымдық категория, эпикалық ракурс, мотив.

Роман жанрының тарихи тағдыры жайлы әр тарапты, қайшылықты пікірлер көптеп айтылды. 1936 жылы неміс жазушысы, эпикалық романның шебері Т.Мани «прозалық қасиет, түйсіктілік, сыншылық, сол сияқты қаламгерлердің қолданған құрал-тәсілдері, оны еркін және шұғыл көрсете алуы, оқиғаны берудегі кеңдік қазіргі кездегі көркем әдебиеттің іргелі, басты түрі болуда», -деген. Ал бұған қарама-қарсы пікірді одан ертерек О.Э.Мандельштам айтқан: «роман аяқталған, біткен жанр» («Конец романа» - «Романның ақыры», 1922). Роман туралы тұжырымдарда ол туралы өткен жүз жылдықта айтылған пікірлер әр қилы. Егер классицизм эстетикасында роман төменгі жанр деп саналса, романтизм дәуірінде ол «күнделікті болмысты танытатын, сонымен бір мезгілде «әлемнің айнасы», «автор мен кейіпкердің көңіл-күйін еркін көрсете алатын» жанр деп танылды.

Романтизмнің эстетикасы мен сынында байқалғандай, романды дәстүрлі эпоспен салыстыру Гегельде айқындала түсті: «Мұнда эпостағыдай әлем барша байлығымен, жап-жақтылығымен, өмірлік хал-ахуалымен, дүниені тұтас көрсетуімен, сол сияқты оқиғаны эпикалық кеңдікпен суреттеуімен ерекшеленеді».

Зерттеуші М.Бахтин XVIII ғасырдағы жазушылар Г.Филдинг пен К.М.Виландтардың тұжырымдарына сүйене отырып, «Эпос және роман (Романды зерттеудің әдіснамасы туралы)» – («Эпос и роман (О методологии исследования романа)» (1941) мақаласында романның кейіпкері «дайын, өзгермейтін тұрғыда емес», қалыптасушы, өзгеруге бейім, өмір арқылы тәрбиеленетін түрде

көрінеді; бұл бейне эпикалық та, трагедиялық та мағынасында «қаһармандық» емес, роман кейіпкері өзіне жағымды, жағымсыз, жоғары және төмен, күлкілі және байсалды сипаттарды біріктіре алады», - дейді. Сонымен қатар роман «қазіргі жағдайға бейімделмеген, дайындықсыз адаммен «жанды қатынасты» суреттейді. Ол басқа жанрларға қарағанда, болмыстың орнығуын жедел, терең, мәнді көрсете алады. Ең бастысы роман (Бахтин бойынша) адамда анықталған мінез-қасиеттермен қатар, әлі жүзеге аспаған мүмкіндіктерін, дербес әлеуетін ашуға қабілетті: «Романның басты ішкі тақырыптарының бірі кейіпкердің тағдыры мен оның жағдайының сәйкеспеуі болып табылады, адам мұнда «өз тағдырынан асып түседі немесе өзінің адамшылығынан төмендейді».

Роман жанрының кеңдігі адамның барша болмысын, өмірлік биік мақсаттарын, дағдарыстары мен тұйыққа тірелуін, өмірді жатсынуын, болмысқа үйлесімсіздігін, сол сияқты адамның әлеуметтік ортаға тәуелсіздігін, дербестігін көрсете алады. Осы ретте М.Бахтин «Романда жаңа, өзіндік проблема бар: ол үнемі қайыра ойлау, қайыра бағалау. Бұл жанрда «алғашқы сөз жоқ, ал соңғы сөз әлі айтылмаған» шынайылық қоршаған дүние болып табылады. Ғалым «роман дамудың неғұрлым жоғары сатысына дайын жаңа, күрделі, тұтас адамды жасайды», - деген.

Роман жанры өзінің даму белестерінде қоғамдағы өзекті мәселелерді кең арнада суреттеуімен ерекшеленеді. Қазақ әдебиеті тарихында роман жанры өркендеген ХХ ғасырдың алғашқы кезеңінен-ақ, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің шынайы суретін беруімен, кейіпкерлердің алуан жүйесін қалыптастыруымен алдыңғы лекке шықты.

ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өрістеген роман жанры қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді сипаттаумен қатар, жеке адамның трагедиясы, драмалық әрекет, адам мен қоғам арасындағы әр түрлі тәсілдерді мол пайдалана алды. Өзінің сюжетінің кеңдігімен, суреттелетін оқиғаларының ауқымдылығымен, құрылымының күрделілігімен роман жанры басқа жанрлардан ерекшеленеді. Ондағы сюжеттік-композициялық ерекшеліктер де көптеген зерттеушілердің назарын аударды.

Романда өмір шындығын көрсететін оқиғалар мен әлеуметтік мәселелер, жеке адамдар тағдыры кең бейнеленеді. Автор роман оқиғасын дәлелді, көркем баяндай келе, шығармаға өзек болған

әрекеттерді, кейіпкерлерді кең суреттейді. Қазіргі жанрлар теориясында романның басқа жанрлардан ерекшелігі айқындала түсуде. Басқа жанрлардың арасынан өзінің тұрақтылығымен танылған роман жанры, бүгінде құрылымдық, көркемдік жағынан толысты. Романның жанр тудырушы факторлары – сюжеттік-композициялық жүйе, уақыт пен кеңістік, баяндау, кейіпкерлер – шын мәнінде бұл жанрдың көркемдік құрылымын жан-жақты ашып берді. Көркем мәтін – тұтас құрылым болса, оның ішінде роман – көпүнді тілдік құбылыстардың жиынтығы. Яғни, роман – көркем түрде ұйымдасқан, әр түрлі әлеуметтік көпүнділік арқылы заттық-танымдық өмірді суреттейтін жанр.

Жалпы, роман жанры авторға шындық өмірді еркін, кең арнада, әр түрлі тәсілдермен бейнелеуге мүмкіндік береді. Мұнда эпикалық, драмалық, лирикалық сипаттар үндесіп, мәтіннің түрлі компоненттері (баяндау, суреттеу, диалог, лирикалық шегініс, портрет т.б.), көріністері мейлінше мол суреттеледі.

Романдағы кейіпкерлердің орналасу реті оның ситуациясын қалыптастырып, өзіндік ерекшелігін танытады. Олардың бірнешеуі алдыңғы кезекке шығып, автор назарындағы негізгі мәселені жан-жақты шешуге қатысады. Осыдан келіп, бұл кейіпкерлер өзінше бір мөлтекорта (микросреда) құрайды. Олар сол ортада бір-бірімен араласып, әрекеттер атқару үстінде өздерінің ой-мақсаттарын, істерін ортақтастырады. Әрі өз ішінде сюжетке қозғау салып, әр түрлі қарым-қатынастарға түседі. Егер олардың ой, әрекет үндестіктері болса, ешқандай тартысқа түспей, ортақ желіде көрініп отырады. Ал, карама-қайшылық байқалса, драмалық ситуация туындайды.

Тұжырым. Романның кеңістік жағдайындағы мүмкіндігі жазушының онда неғұрлым көбірек мәселені қамтуына, сол ортаны неғұрлым тереңірек суреттей алуына байланысты. Мұны уақытқа байланысты да айтуға болады. Романдағы уақыт кейбір кейіпкердің әбден ашылып, бойындағы бар қасиеттердің түгелдей көрінуіне жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы. - Алматы: Ғылым, 1976.
2. Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. - Астана, 2002.
3. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. - Алматы, 1996.
4. Рақымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. - Алматы, 1997.
5. Хамзин М. Қазіргі қазақ романы. - Алматы, 2001.

ӘДЕБИ БЕЙНЕ

Мақсаты: Көркем бейненің идеялық-эстетикалық мәні, түрлері туралы мағлұмат беру.

1. Әдеби бейненің жасалуы
2. Әдеби бейне түрлері
3. Әдеби бейне және авторлық ұстаным

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: әдеби бейне, жинақтау, даралау, мінездеу, романтикалық бейне, реалистік бейне, эпикалық, драмалық бейне, прототип.

Бейне, образ көркемдік шындыққа тән болғанымен, өмірлік негізде жасалады. Сондықтан да бейне ақиқат өмірдегі кеңістік, уақыт, қоғам мен құбылыстардан алшақ кете алмайды. Бейне шынайы өмірден бастау алғанымен, көптеген шарттылықтар арқылы одан ажырап, көркем туындыдағы «қиядан туған» әлемге көшеді. Әдебиетте адам бейнесін жасаудың тәсілі алуан түрлі. Ол сөздегі суретпен ғана бітпейді, көркем бейне жасауға қажет өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады.

Жинақтау дегеннің өзі-әдеби тип жасау әрекеті. «Типтендіру деген суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүние танымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәуірге сай талғап-тануы, таңдап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырған көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралуы болып табылады», - дейді академик З.Қабдолов.

Әдеби бейне, образ – жиі қолданылатын әдебиеттану ұғымы. Оны кейіпкер, персонаж, характер, тип деп те атайды. Персонаж – әрекет иесі, субъект. Характер – дербес болмысы анықталған бейне. Тип- жинақталған бейне. Кейде оқырман күнделікті өмірдегі адам мен әдеби қаһарманды бірдей ұғым ретінде қабылдайтыны бар. Бұл жағдай әсіресе, әдеби бейненің өмірдегі прототипі болғанда ерекше байқалады. Алайда, прототип пен әдеби қаһарман бір ұғым емес. М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбайды тарихтан белгілі Құнанбайдың таза көшірмесі деп түсінуге болмайды. Өйткені, әдеби бейнеде қаламгер концепциясы жинақталады да, соған орай көркем бейне жасалады. Сонымен бірге авторлық

позицияға байланысты кейіпкер халықтық қаһарманға айналуы, қаламгердің көркемдік жүйесіне байланысты да болады.

Мінез – адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы. Осы мінездің өзін жазушы әр түрлі тәсілмен жасайды. Мысалы: бірі-тура мінездеу, бірі-жанама мінездеу.

Мінездеу, жанама мінездеу, адамға тән сүйініш, күйініш, сезімдерді суреттеу, адамның өз сөзін (монолог), немесе өзгемен сөйлесуін (диалог) келтіру-осылардың бәрі жеке тұрған нәрселер емес. Керісінше бірін-бірі толықтырып, бірінен-бірі туындап жатқан дүниелер. Сонымен бірге адамның ішкі бітімімен қатар сырт келбеті (портреті) де адам образын ашуға қызмет етеді. Портретте адамның ең бір ерекше сипаты нақты, қысқа суреттеледі. Ол әрі қарай адамның мінез-болмысын тануға жалғасады.

Образдың түрлерін белгілеудің бірнеше (әдістік, тектік, тәсілдік) факторлары бар. Көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде, образ екі түрлі болады: романтикалық образ, реалистік образ. Әдеби тек тұрғысынан образ үш түрлі: эпикалық, лирикалық, драмалық. Ал, жасалу тәсілдері жағынан: юморлық, сатиралық, фантастикалық, трагедиялық, комедиялық, қаһармандық бейнелер деп жіктеледі. Романтикалық бейне – әдебиеттегі адам бейнесінің байырғы түрлерінің бірі. Бұл образдың алғашқы үлгілері көне әдебиетте, әсіресе мифте, ертегіде көрініс берген. Романтикалық бейне болмыста кездеспейтін қиял-танымға негізделеді.

Реалистік бейне – әдебиеттегі адам бейнесінің ең шынайы түрі. Реалистік бейне ұғымы өмірлік шындыққа негізделген, эстетикалық-тәрбиелік мәні зор, қоғамдық сипаты айқын, өз бойына жалшылық және дербес белгілерді қатар дарытқан бейне. Ол сонымен бірге қоғамдық, көркемдік дамуға байланысты ұдайы өзгеріп, жетіліп отыратын шыншыл бейне.

Әдеби тек тұрғысынан образдар эпикалық, лирикалық, драмалық болып үш топқа бөлінеді. Аталған образ түрлерінің қай-қайсы да адам болмысын жан-жақты танып, ашып көрсетуді мақсат етеді. Сол себепті, образ бойында бүкіл адам баласына ортақ құбылыстардан бастап, өмірдің кейбір сәттері мен жеке адамға ғана тән сезім-күйлер қамтылады. Эпикалық бейне – жазушының авторлық баяндаулары мен кейіпкер сөзі арқылы жасалатын образ. Портрет пен мінездеу,

диалог пен монолог, түрліше сезімдер мен характертерді суреттеу секілді көркем бейне жасаудың көптеген амал-тәсілдері эпикалық образ үшін маңызды.

Лирикалық бейне – өлең-жырлардағы ақынның бейнесі, оның ішкі бітімі, сыры мен ой-сезімі. Мұнда, эпикалық образдағыдай ұзақ, мол сурет, жан-жақты ашылған адамның кейіп-келбеті, әрекеті көрінбейді. Лирикалық бейнеде белгілі бір эмоция, сезім басым болады.

Драмалық бейне – кейіпкердің өз сөздері мен іс-әрекеттері арқылы бейнеленетін образ. Драмалық образдың басты бір ерекшелігі оның сахнада сомдалуы. Сондықтан, драмалық бейненің ашылуына оның мінезі, сырт кейпі, сөйлеген сөзі, қимыл-әрекеті қатысады.

Юмор – өмірдегі күлкі шақыратын іс-әрекеттер мен кейіпкер болмысын ашатын жанр. Ғалым Т.Қожекеев: «Сатира, юмор дегеніміз адам баласының алуан түрлі сезімдерімен, қабілет-қасиеттерімен, әлеуметтік тұрмыс күйімен, қоғамдық ортасымен тікелей байланысты. Сатира, юмор – әрі көңілді, әрі зілді, қуаныш-ренішке бейім өнер», - дейді. Күлкі жоқ жерде юмор да жоқ. Юморда зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр жатады.

Фантастикалық бейне – қиялдан туған қаһарман, адам образының ерте замандардан келе жатқан көне түрлерінің бірі. Халықтың сөз өнерінің ең байырғы түрлерінің бірі – ертегі десек, ертегіде қиял-ғажайып сипаттағы кейіпкерлердің мол кездесетіні мәлім. Фантастикалық бейне адамға ғажайып оқиғаларды, жасампаз әрекеттерді танып-білуді, қиялдауды үйретеді. Трагедиялық бейне – әдебиетте тым ертеден келе жатқан адам бейнелерінің бірі. Трагедиялық образ ескі мен жаңа, адам мен қоғам, адамдық пен жауыздық арасындағы ымырасыз күрестен, бітіспес тартыстан, қайшылықтан туады.

Қаһармандық бейне – адамға тән небір тамаша сипаттардың жинақталуынан тұратын, өз дәуірінің асыл мұраттарынан туған тарихи тұлға. Әдебиеттегі қаһармандық – адамдық биік мақсаттар жолындағы өрлік пен ерлікті, қайсарлық пен қаһармандықты жырлау. Қаһармандық бейне – суреткердің ең биік идеясының көркем жинақталуы.

Тұжырым. Әдеби бейне – көркем туындыда әр түрлі әрекет үстінде, әр қилы мінез-сипатымен көрінетін тұлға. Әдебиетте адам бейнесін жасаудың амал-тәсілдері алуан түрлі.

Бейне түрлерін белгілеудің бірнеше түрлері бар. Олар көркемдік әдіс, әдеби тек, жалпы жасалу тәсілдеріне қарай жіктеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 1989.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы, 1992.
3. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Қарағанды, 2004.
4. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. – Алматы, 1995.
5. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс. – Алматы, 2006.

КӨРКЕМДІК СТИЛЬ

Мақсаты: Көркем стиль туралы түсінік бере отырып, стильдің көркем әдістен айырмашылығын, дара және жалпы сипатын ашу.

1. Стиль туралы ұғым.
2. Стильдің қалыптасуы
3. Стиль даралығы

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: стиль, поэтикалық категория, стиль даралығы, бейне жасау, көркем тіл.

Әдеби шығарманың ең басқы қабаты логикалық-мағыналық ұғыммен байланысты. Ең алдымен көркем туындымен танысқанда осы үстінгі логикалық мағынаны ашамыз. Ал, автордың поэтикалық идеясы, ойы одан кейін тереңнен беріледі. Ендеше көркем мәтінге аналитикалық талдау қажет. Алғашқы логикалық жүйе мәтін туралы кең ұғым бере бермейді. Оның астары тереңде жатыр. Егер туындыны жан-жақты, ықтиятты талдағанда ғана суреткер қолданған әрбір сөз көркем шығармаға, поэтикалық мәтінге айналады. Көркем шығарманы талдау тәсіліне арнайы филологиялық оқудың екі түрін жатқызуға болады. Олар: баяу оқу және мәнерлеп оқу.

«Баяу оқу» терминін 1910-1920 жылдары әдебиет сыншысы М.О.Гершензон (1869-1925) енгізген. «Баяу оқу» арқылы «сөздің ар жағынан қаламгерді көресіз», оқырман «баяу оқу арқылы дәм, түртүс, сезімталдық пен елестетудің күрделі динамикасын» сезе алады. «Баяу оқу» қазіргі мағынасында көркем мәтінге епудің бір әдісіне айналды. Осы оқу түрі арқылы «ретрограндық» (қайтымды) оқу, яғни мәтінді бірнеше мәрте қайталап оқу жүзеге асады.

Оқырман қайталап оқу арқылы қайыра ойлану, сөз мағынасына қайталап бойлау, ой елегінен өткізу мүмкіндігіне ие болады. Арнайы әдебиеттанушылық талдаудың өзі баяу оқуды айналып өтпеген. Көркем туындымен жұмыс жасау үстінде әдебиетші шығарманың кейбір бөлігін жазып алып, сюжеттік дамуды бақылап, кейбір детальдарды нақтылап отырған. Баяу оқу арқылы шығарманың жаңа мағынасына бойлай аласыз, кейбір ұғымдардың мәні тереңдей түседі. Сол арқылы оқырман да автордың ойына, танымына жақындай түседі. Жалпы, шығармашылық тарихында көркем шығарманың жазылу үстінде-ақ көпшіліктің назарына ұсынылып,

жақын адамдардың, топтың, жұртшылықтың алдында оқылуы кездескен.

«Мәнерлеп оқу» белгілі бір көркем мәтіндегі аса маңызды, ерекше бір ұғымды аса айқын айту дегенді білдіреді. Яғни, қаламгер идеясының негізгі өзегін, айтпақ ойын, пафосын тауып, танып жеткізу. Ақынның шығармасын тудыру үстіндегі шабытты мезетін, тебіренісін неғұрлым көркем, ажарлы етіп, сол ақынның толғанысына жақын етіп айтып беру қажет. Мәнерлеп оқудың өзіндік динамикасы, қозғалысы бар. Әрбір сөздің ренкін, түсін, бояуын қанық етіп айту, кідірісті дұрыс жасау, әрбір дыбыстың айтылу ережесін сақтау керек.

Әрбір көркем туынды адамға жанды поэтикалық ойды тудырады. Осы поэтикалық ой, сана, идея қаламгердің жаңа шығарма тудыруына негіз болады. Суреткердің көркем шығарма тудыруға деген шабытын, ұмтылысын В.Белинский «пафос» деп атаған. Ақын пафос арқылы өзінің сүйіспеншілігін, ықыласын, талабы мен дарын қуатын шығарма тудыруға арнайды. Сонда көркемдік болмысы терең, шынайы шығарма туады.

Қаламгер шығармашылығындағы ортақтық және даралық туралы мәселелерді стиль және көркемдік әдіс деп аталатын әдеби-теориялық ұғымдардан бастайды.

Стиль – жазуға арналған таяқша деген мағына береді. Стиль деген ұғым әдебиеттануда да, тіл білімінде де кездеседі. Әдебиеттану тұрғысынан қарағанда, стиль – жазу машығы, яғни жазушының, жеке шығарманың, әдеби бағыттың, ұлт әдебиетінің өзіндік сипатын танытатын образдар жүйесінің, көркемдік құралдарының тұрақты жиынтығы.

Стильдің өзге поэтикалық категориялардан, әсіресе, көркемдік әдістен басты айырмашылығы оның нақты жүзеге асқан үлгіде көрінуінде. Стильдік ерекшеліктер көркем шығарманың сыртқы пішінінен бастап, бүкіл болмысынан байқалады.

И.В.Гете: «Табиғатқа жай еліктеу, мәнер, стиль» деген еңбегінде: «Табиғатқа еліктеу нысанды (затты) дәл және жан-жақты зерттеу арқылы оның барлық қасиетін біліп алып, нақты сурет жасай алғанда адамзаттың ең үздік рухани сатыларының бірі - стиль қалыптасады», - деген.

А.Байтұрсынов: «Сөз талғауға қойылатын талаптар: сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл

көрнекілігі», - дей келе, «... өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек», - деп түйіндейді.

Әдебиеттануда стиль әдіс, ағымдармен бірге қарастырылған. Стильдің ерекшелігі: ол шығарманың сыртқы пішінінен бастап көрінеді; ол нақты жүзеге асады. Қаламгердің стилі белгілі бір тарихи дәуірдегі көркемдік ізденістермен, заманның әлеуметтік, эстетикалық талаптармен жалғасып жатады (З.Ахметов). Стиль образды, композицияны, тілді анықтайды (З.Қабдолов). Стиль белгілі бір дәуір әдебиетінде көрініп, ақын шығармаларындағы ортақ сипаттарды айқындайды. Мысалы:

Еділді алып - елді алды,
Енді алмаған нең алды?
Кетейін десең жерің тар,
Кетпейін десең кәпір бар
(Шортанбай).
Бұл барғаннан келмесем,
Өз еркіммен жүрмесем,
Жебеп-желеп жүре гөр,
Арқада қалған аруак

(Күдеріқожа).

Стиль белгілі бір дәуір әдебиетінен бастап, әдеби бағыт, әдістен, жеке қаламгер ерекшелігінен көрінеді.

Жеке стиль

Мың сәлем саған, мәңгі жолдас майым,
Сен жылда жас жігіт боп келген сайын.
Жер жібек, барқыт киіп, жасыл желек,
Бүркенеді үйенкі, терек, қайың

(С.Мұқанов).

Еркелеп, еркіндеп,
Дәл менің жарымдай.
Жарқылдап, күлімдеп,
Еркелеп келді май

(Қ.Аманжолов).

Сонымен, стиль - жалпы да, жалқы да құбылыс, ол барша өнерге тән. Стиль дәуір, бағыт, әдіс, қаламгердің шеберлігі мәселелерін

айқындайды. Стиль қоғамдық орта, әдеби даму үдерісі аясында үнемі жетіліп, дәстүр мен жаңашылдықты туғызады.

Тұжырым. Стиль – жазу машығы, яғни жазушының, жеке шығарманың, әдеби бағыттың, ұлт әдебиетінің өзіндік сипатын танытатын бейнелер жүйесінің, көркемдік құралдарының тұрақты жиынтығы. Стиль ұғымы түрлі деңгейде, яғни белгілі бір дәуірдегі әдебиет дамуының ерекшеліктерінен бастап әртүрлі әдеби бағыттар мен әдістерді, жеке қаламгер шығармаларына тән ерекшеліктерді, сондай-ақ жеке туындының ерекшеліктерін қамтиды.

Негізгі әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы, 1997
3. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. -Қарағанды, 2004.
4. Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі. – Алматы, 1966.
5. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. -Павлодар, 2007.

ЭССЕҢІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақсаты: Эссе жанрының сипатын, жанрлық табиғатын, көркемдік-құрылымдық ерекшелігін ашу.

1. Эссе жанры туралы
2. Эссенің құрылымдық ерекшелігі

Негізгі ұғымдар: эссе, парадокс, баяндау формасы, еркін композиция

Әдебиетте эссе жанры сөз өнерінде теориялық жағынан аздау зерттелген салалардың бірі. Эссе нақты бір ерекшеліктері орныққан толыққанды дүние болудың орнына, өз бойына философиялық, тарихи, сыни, өмірбаяндық, публицистикалық, моральдық, ғылыми-көпшілік сипаттарды қамтыған жанрішілік түр ретінде танылып келді. Оның негізгі түп тамырында көлемі жағынан шағындық, тақырыбының нақтылығы, субъектілік, еркін композиция, парадокске бейімдік, ауызша сөйлеу бағдары жатады. Сөздің тікелей сол сөйлеушіге арналуы эссенің өзіне тән белгісі бола отырып, оның қайта өрлеу дәуірінде туғанын айғақтайды. Антикалық дәуірдің эссеистік дәстүрін қабыптастырушы ретінде танылған Платонның «Диалоги» мен Теофрастың «Характеры», Сенеканың «Письма к Луцилию» мен Марк Аврелийдың «К самому себе» шығармалары сөздің тура мағынасында эсселік туындыларға жатпайды. Бұларда тікелей «менің» өз-өзіне қатынасы көрінбейді, тек жалпы адам туралы, оның болмысы, болуға тиісті мәселелер туралы айтылған.

Эссеистік ойдағы қайшылық (парадокс) өзінің дербестігімен, тек өзді-өзіне ғана тән болады. Монтень «Тәжірибелер» еңбегінде былай деген: «Менің кітабым осындай дәрежеде менің өзімнің кітабым арқылы жасалғаным секілді, мен арқылы жасалды. Бұл кітап өз авторынан ажырағысыз, ол менің негізгі еңбегімді құрайды, ол менің өмірімнің бөлінбес бөлшегі» («Опытъ», II, ХУІІІ, 593). Эссе бұл бітпейтін немесе соңы басталуымен сәйкесіп отыратын, дербестік (индивидуальность) өзіңнен шығып, өзіңе қайтып келетін ойды беретін шығарма. Осындай айналмалы қозғалыстағы ой әрбір монтендік тәжірибеде көрініп, трактаттағы секілді желілі, ілеспелі түрде өрбімейді. Ол жеке, өз тәжірибесінің аясынан тысқары кетеді.

Монтень әр түрлі елдердің дәстүр, салты туралы, оқылған кітаптардың мазмұны туралы айтады, алайда осының бәрі егер автор үнемі ойдың бастауына – бәрін түсініп, түйсінетін, бірақ ешнәрсеге апармайтын, тіпті өзіне де тең емес тұлғаның бейнесіне үнемі оралып отырмаса, үзік түсініктерге, сілтемелер мен үзінділердің жиынтығына айналып кетер еді. «... Ең тамаша деген авторлардың өзі бізді тұрақты, төзімді етіп көрсетуге тырысады. Олар қандай да бір жалпылама образ жасап, одан кейін соған қарап, нақты бір тұлғаны жасағысы келеді. Әр түрлі сәттерде біз басқаларына қарағанда, өз-өзімізден ажырамай қаламыз» (II, I, 293, 298). Сондықтан да Монтеньде тұлға өзін-өзі анықтайды, әрі ешқашан да соңына дейін анықталмайды: субъект ретінде ол өзін көбірек объект ретінде көрсетеді де, келесі сәтте қайтадан өзінің ұлғайған түрін объективтендіреді, тағы да оған соңына дейін бармайды. Эссе негізінен осындай ойларға құрылып, бір сәтте ойлайтын және ойландыратын сипатқа ие болады. Осыдан келіп қайшылық «парадокс» туындайды. Эссе трактатқа қарағанда неғұрлым нақты, неғұрлым шағындау тақырыпқа құрылады. Мәселен, Монтенде «О совести» («Ар туралы»), «О добродетели» («Қайырымдылық жасаушы туралы»), «Об именах» («Атаулар жөнінде»), «Об единении» («Оңашалану туралы») тақырыптары бар.

Эссенің табиғатын саралай келе, зерттеуші Қ.Ергөбек: «Авторлар анықтауына ден қойсақ, олардың қай-қайсысы да «эссе» деген жанрлық атауға тоқтағандай. Этимологиясына дендесек, «эссе» алғаш француз әдебиетінде өнер табиғатын саралайтын очерк райында пайда болған. Әрбір әдебиетке жанрлық атау ретінде еркін ене бастаған бұл сөздің қазіргі кезеңде қолданылу аясы барынша кең, мән-мағынасы мейілінше тереңдеген. Эссе көбіне қалам қайраткерлерінің ой-толғанысы деген аяда қолданылып жүр. Кейде притча, деректі шығарма, философиялық миниатюра, формасы шағын мемуарды да эссе атау ерсі болмай қалды. Оны айтасыз, соңғы кездері «роман-эссе», «эссе-повесть» аталатын қосанжарласқан жанрлық ұғымдар төбе көрсетіп жүр. Эссе сын-зерттеу еңбектерінде де қылаң бере бастады», – дейді. Шындығында да эссе жанрына көпқырлылық сипат тән.

Эсседегі «мен» үнемі анықтамадан алшақтап, тікелей бір заттың сипаттамасы ретінде көрінбейтіндіктен, оны басқа соған ұқсас деген жанрлардан, яғни, өмірбаяндық, күнделік, исповедьтен

ерекшелендіреді. Бұл үш жанрдың өзіндік айырмашылықтары бар: өмірбаян «менді» бұрын болған, өткен жағдайлардың аясында ашады; күнделік болып жатқан, осы шақтағы жағдайларды тізбелейді; исповедь (мінәжат) болашаққа бағытталып, соның алдында есеп береді, өзімен-өзі қалып, кешірім мен тәубе сұрайды. Осы үш жанрдың да элементтері эсседі көріне алады, бірақ эсседі «мен» тұтас, үздіксіз, баяндау тақырыбына түгелдей кіріккен түрде емес, баяндаудағы үзінді түрінде көрінеді: «мен» өзінен ерекшеленетіні соншалық, тіпті «мен» түрінде көрінбеуі де мүмкін. Оның көрінуі «оқиғаның сыртында» қалады, ол кенеттен бір заттан екіншісіне ауысады.

Романға тән сөйлесім тіліне бағдар ұстану, еркін мәнер эссеге де сәйкеседі. Дегенмен де роман автордан алшақтатып, шындықтың идеалды бейнеленуіне, ерекше кеңістік пен уақытқа әкетеді. Эссе бар мүмкіндігімен соңына дейін қазіргі шындықты көрсетеді, ал роман бұған тек көркемдік шарттылық мүмкіндік жасаған шекке дейін ғана бара алады. Эссе ешқайда алып кетпейді, керісінше, неғұрлым батыл ойларға, басты айналдырар фантазияға, таңғалдырарлық болжамға, алысқа бастайтын тұжырымға – өздері шыққан ішкі шындыққа, нағыз уақыт пен автор өмірінің аяқталмаған ситуациясына әкеледі. Сондықтан да қандай да бір аяқталған құбылысты оны жасаушыдан бөліп әкету эссеге жат. Эссе философиялық, беллетристикалық, сыни, тарихи, өмірбаяндық болады, бірақ негізгі мәселе сонда, ол осының бәрін бір мезгілде қамти алады. Бұл көрсетілген қасиеттер онда әр түрлі қатынаста беріледі: біреулері ілгері шығып, екіншілері кейін қалып жатады, алайда сезім аясындағы барша құбылыстар эссе шығармасының құрамына айнала алады.

Эссе өмірді суреттейтін әр түрлі қасиеттерді қабылдап, олардың біреуімен шектелмей, бірақ олардың шекарасынан асып отырады да, осы қозғалыс үстінде өзінің жанрлық, тіпті жанрдан жоғары табиғатын танытады.

Эссе өз «ішіне» орныққан шындық арқылы оны сезіну мен игерудің бар мүмкін формасын өзіне тартады. Көркем, философиялық, адамгершілік, тарихи мазмұнның бәрін эссе сыртына шығарып, оны тұйықтықтан алып шығады. Көркем образдар мен философиялық ұғымдар, тарихи фактілер мен адамгершілікті императив – осылардың бәрі сананың әр түрлі формалары арқылы қамтылады. Эссеистік жанрдың қайшылығы ол

жаһанды жүйенің біріне кірікпейді, эссе роман секілді көркем, трактатқа енбейді, керісінше, ол бұларды өзін құрайтын тәсілдер ретінде қабылдайды.

Эсседе талассыз, өзіндік динамикалы негізі бар, яғни адами әлемнің барлық тәсілдерін өзара тоғыстыра алатын негіз ашылады. Эссеистке жақсы әңгімеші, терең философ, таза жүректі әңгімелесуші, тәлімді ұстаз болу шарт емес. Әрі бір мезгілде осы барлық қасиеттер оған жеткіліксіз де. Ойдың күштілігі жағынан кәсіби философқа, көркем елестету жағынан – романист пен суреткерге, ашық ой бөлісу жағынан – күнделік пен исповедь авторына орын береді. Эссеист үшін бастысы – осы тәсілдердің органикалық байланысы, мәдени жан-жақтылық, осылардың бәрі оған барлығын бір орталыққа жинақтауға мүмкіндік береді.

Суреткер ойдан шығарылған образдар әлемінде, философ – ойдың, идеяның ортасында, публицист – қоғамдық-саяси идеялар әлемінде, күнделік авторы – ағымдағы оқиғалар мен көңіл-күйдің арасында өмір сүреді. Бұлардың бәрі жақын әрі мәнді мәселелерге жататын болса да, эссеистке жат. Эссеге жақыны – тұрмыс, ол қоршаған ортаға философиялық қашықтықтан қарайды, ал, алысы – өткен дәуір, көркемдік стильдер, философиялық идеялар. Бірі екіншісімен салыстырылады да, осыдан келіп эссе тұрмыстың әр түрлі деңгейіндегі егіздеулер арқылы ашылады.

Эссе жанрының осындай бірінен кейін біріне өту ерекшелігі, авторға әңгіме немесе мақала, роман немесе трактатқа қарағанда, қатаң талап қояды. Сюжеттік желіге кейіпкерлерін, оқиғаны, логикалық идеяны бағыттап отырып, суреткер немесе философ қалыптасқан шарттарға бағынады, соның ізімен жүреді. Ал эсседе үнемі әрбір пассаждан соң қайтадан жаңа шарттар пайда болып отырады.

Тұжырым. Эссеге үнемі жаңа ізденіс керек, оның өне бойында жанр қалыптасуының үздіксіз процесі жүріп отырады: тек пікірлер ғана емес, олардың түрлері: ғылыми немесе көркем, күнделікті немесе уағыздық түрлері туындайды. Әрбір ой немесе образдан соң, бәрі қайтадан басталады. Эссе жанрының табиғатына таза сөз өнері жатады. Эссе жазуға үйренудегі алғашқы сынақ сияқты, ол әлі не жазарын білмейтін, бірақ, бәрін айтқысы келетін бастама секілді. Бұл жанрдың кемелденген түрінде де осы ерекшелік сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұршайықов Ә. Автопортрет. - Алматы, 1977
2. Әлімбаев М. Көңіл күнделігінен. - Алматы, 1980
3. Шаймерденов С. Ағалар алақаны. - Алматы, 1987
4. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. 6-кітап. - Түркістан, 2006.

ӨМІРБАЯН ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақсаты: Өмірбаян жанрының ерекшелігін, жанрдың тарихи-мәдени, әлеуметтік мәнін, тұлға мәселесін ашу.

1. Өмірбаян жанрының ерекшелігі
2. Ғұмырнамалық шығарманың құрылымы
3. Баяндаушы бейнесі

Негізгі ұғымдар: өмірбаян жанры, тарихилық, деректілік, тұлға, естелік

Өмірбаянның ерекшелігін зерттеуші ең алдымен оны адамға бағытталған танымдық қызметтің нақты тәжірибесі ретінде ашады. Өмірбаяндық шығарманың заттық өрісі мәдениетті зерттеушінің көзқарасымен ықпалдасатын болашақ гуманистік құбылыс» ретінде нақты-тұлғалық мәселе (яғни, дерексіз емес, біреу туралы айғақ) болады. Бұл нақты тұлғалар да әрбір адам сияқты әлеуметтік-қоғамдық құбылыстарды бастан, ойдан өткереді. Біз бұл нысандарды тарихи деректер мен ескерткіштер бойынша танып, өзіміздің қабылдауымыз арқылы береміз.

Зерттеуші ғалым Л.Гинзбург: «Естелік, өмірбаяндық шығармалар адам туралы, оның өткен өмірі жөнінде тікелей әңгіме жүргізеді», - дейді. Зерттеуші XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде ғұмырнамалық жанрдың дамуы туралы айта отырып, оның бұрыннан-ақ бар екенін, алайда бертінде ғана жаңа бағыт алғанын айтады. Ал, зерттеуші С.Розанова: «Тарихи әдеби және өмірбаяндық мәліметтерге жанама құжат ретінде қызмет атқарған естеліктер, енді сөз өнерінің дербес жанры ретінде, жеке тұлғаны танып-білуде әдебиеттің өзіне ықпал ете бастады», - дейді. Тарихилық қандай да бір тарихи дәуір келбетін жанды суреттер, нақты адам тағдырлары мен мінез-сипаттары арқылы танытатын көркем әдебиеттің басты белгілерінің бірі. Тарихилық кең мағынасында өз заманын немесе ерте дәуірді суреттеген барша көркем шығармаларға тән. Мұны шығармада бейнеленген кезеңнің түрлі ерекшеліктерінің сақталуы әрі бұл әр дәуірдің көркем туындыларына ортақ деп түсінеміз.

Қазіргі әдебиетте тарихи тұлғаны таныту, оның өмір кезеңдерін, қоршаған ортасын, жеке мінез-болмысын суреттеуге деген

қызығушылық өсті. Оның басты себебі тәуелсіздік алғаннан кейін еңсемізді тіктеп, тарихқа қайта үңіліп, бар-жоғымызды түгендедік. Ақтандақтар ақиқаты ашылып, көмескі мәселелер айқындалды. Әдебиеттің түрлі жанрларында шынайы адам болмысын жасау өрістеп, бұл әсіресе, мемуарлық өмірбаяндық, публицистикалық салада белең алды. Бұл ретте, зерттеуші Қ.Әбдәулы: «Қазақ қаламгерлерінің тарихи тұлғалар тағдырын арқау еткен туындылары елімізге егемендігіміз, тәуелсіздігіміз оралғаннан кейінгі кезеңде де жарық көріп, оқырман назарына ұсынылды. Енді қазақ тарихының бір ғасырға жуық жазылмай, айтылмай келген ақтандақ беттері қазақ әдебиеті туындыларының арқауына айнала бастағандығы қаламгерлеріміздің шығармашылығына жаңаша серпін берді жаңаша мүмкіншіліктер ашты», - дейді.

XX ғасырдың төңкерістен кейінгі кезеңінде С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романынан кейін, бұл салада көптеген шығармалар туып, «Тамаша адамдар өмірі» сериясынан Ш.Уәлиханов, С.Сейфуллин, Қ.Сәтбаевтар туралы еңбектер жарық көрсе, қазіргі кезеңде тарихта өткен тұлғаларға байланысты ғұмырнамалық, публицистикалық жанрдағы туындылар жариялана бастады.

Өмірбаяндық шығарманың жанрлық ерекшелігі бар. Олар мыналар:

- мұнда баяндау бірінші жақтан жүреді;
- грамматикалық, стилистикалық және құрылымдық ерекшелігі болады;
- жазудың ментальді ерекшелігі сақталады.

Өмірбаяндық шығарма жеке тұлғаның мәдени-дербес туындысы ретінде субъективтік қабылдау мен пайымдардың назарға алынып отыратыны белгілі.

Өмірбаяндық шығармалардағы оқиғалар әр қилы мәдени құбылыстар тоғысында салыстырылады. Сыншы В.Белинский мемуарлық-өмірбаяндық баяндаудың үш түрін жіктеген. Олар: а) айғақтардың жетекші орында болуы; б) образдардың басты сипат иеленуі; в) өткеннің шынайы келбетін қалауынша өзгерту. Үшінші түрі өткен ғасырдың мемуарист прозашылары үшін өте маңызды болды. XIX ғасырда «мемуар» және «мемуарлық проза» деп жіктелген ұғым қалыптаспаған кезде, бұл тектес баяндауларға тарихи қадам жасау басым болды. Мемуарлық прозаға пікірлер өте

аз жазылды да, ол әдебиеттегі бір дерек ретінде ғана қарастырылды. Жалпы өмірбаяндық шығармалардың тууына кезеңдік тарихи оқиғалар, дәуірдегі елеулі жағдаяттар себеп болады. Яғни, өмірге еніп жатқан қаншама жаңалықтар, ескі мен жаңаның тайталасуы, оларды салыстыру аясында есте қалдыру, өзі және жақын адамдары үшін есте сақтауға деген ұмтылыс болады да, сондықтан жазуға деген ықылас туындайды.

Өткен ғасырдың мәдени ментальдік ерекшелігінің бір қыры архаикалық құрылымға терең назар аудару, өмірді, болмысты қабылдаудағы мифтік таным болып табылады. Бұған себеп болатын қазіргідей техногендік мәдениеттің аясында ұшқыр, жылдам өзгерістердің бастапқы негізіне ой жүгірту, өркениет дағдарысы кезеңінде бастапқы адами құндылықтардың мәніне бойлауға деген ұмтылыс болып табылады. Бұл адам баласында ерекше ойлау, толғану сезімдерінің тууына әсер етті.

Тұжырым. Өмірбаяндық шығарманың өзіндік жанрлық ерекшелігі сақталған. Олар: баяндау бірінші жақтан жүреді; грамматикалық, стилистикалық және құрылымдық ерекшелігі болады; жанрдың ұлттық-танымдық ерекшелігі орнығады. Өмірбаяндық шығарма жеке тұлғаның мәдени-дербес туындысы ретінде субъективтік қабылдау мен пайымдар назарға алынып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гинзбург Л. О психологической прозе. – Л., 1971.
2. Розанова С. Издаются мемуары. – вопросы литературы. – М., 1976. – №8, с. 249.
3. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы, 2004.

АВТОР ЖӘНЕ КӨРКЕМ МӘТІН ҚҰРЫЛЫМЫ

Мақсаты: Әдеби туындының мәнін, автор мен көркем мәтін байланысы мен баяндау түрлерін ашу.

1. Автор бейнесі
2. Автор-әңгімелеушінің көркем туындыдағы функциясы
3. Баяндау түрлері.

Негізгі ұғымдар: Автор бейнесі, баяндау, автор-әңгімеші, әңгімеші, баяншы, мазмұн.

Әдеби туынды – адам танымының жемісі. Әдебиет те басқа өнер түрі секілді қоғамдық өмірдің барша қырларын қамтиды. Көркем шығарма – әр қаламгердің өзінше қалыптастырған көркем әлемі. Әдеби шығармада суреттелетін оқиға шындық өмірдің көркем көрінісі екендігі белгілі. Орыс зерттеушісі В.М.Жирмунский: «Әдеби туынды бізге картина немесе музыкалық шығарма сияқты көркемдік-эстетикалық ләззат сыйлайды. Біз әдеби шығарманы оқығанда оны косымша құралдарсыз-ақ түсінеміз. Оған біздің сезім-күйіміз, қабылдауымыз, интуициямыз қатысады».

Көркем туындыларды өмірге әкелетін – автор. Автор жасаушы, шығарушы деген ұғымды береді. Автор жасаушы, баяндаушы объективті әңгімелеуші ретінде көрінеді. Яғни, әдебиеттануда автордың қатысуы автор, әңгімеші, баяншы арқылы айқындалады. Автор-жасаушы өзінің шығармасын тудырады. Оның көзқарасы, идеясы, дүниетанымы – сол туындының негізін құрайды. Қаламгер шығармасына қажетті материалды біртіндеп жинап, бүтін мәтін етіп жасайды. Автор-жасаушы бірден байқалмайды. Ол өзінің шығармашылық ерекшеліктерімен, даралығымен танылуы керек. Автор кейде шығармашылық үдерісте өзінің жасайтын мәтініне билігі жүрмей де қалады. Ол сюжет жетегінде көркем шығармасын өзі күтпеген жағдайда дамытады, аяқтайды. Ал, автордың көркем шығармада көрінуі күрделі. Оқырман әрбір шығарманы оқу үстінде, одан авторды іздеп отырады. Әрине, автор көркем мәтінге өзінің ұстанымымен, көзқарасымен тікелей қатысады. Ол шығарманың эпиграфында, кіріспесінде, басталуы мен аяқталуында, арнауында, авторлық ескертулерде қатысады. Сонымен автор-баяншы-әңгімеші

қатынасының ең жоғарысында көркем туындыны жасаушы автор тұрады.

Құрылымы жинақы аяқталған туынды жасау-қаламгердің шығармашылық мақсаты. Автор-әңгімелеуші өз кейіпкерінің бейнесіне еніп, олармен бірігіп те кетеді. Сондықтан автор олардың ой-сезімдік, білімдік, тілдік дәреже-деңгейлерінен асып, өзінше бөлектенбейді, солардың әлеуметтік ортасында бірге жүреді. Мұндай баяндаудың артықшылығы: бірнеше тараптан көрінеді. Біріншіден, кейіпкерді сипаттауға кең мүмкіндік туады, екіншіден, автор өзінің түсінік, көзқарасын оқырманға күштеп таңбайды. Ол табиғи жолмен, кейіпкерлер арқылы жүретіндіктен, оқырман ол жөнінде өзі байлам жасайды. Баяндауды бұлайша құру тәсілі шындықты бейнелеуге ықпал жасайды. Автор-бақылаушы оқиғаны тікелей бақылаушы көзқарасы тұрғысынан бейнелеу, баяндаудың шындыққа негізделген сипатын тереңдетеді. Автордың баяндаған жайттарын оқырман өз көзімен көріп отырғандай сезінеді. Бұл баяндауда оқиғалар көрнекі түрде ізбе-із көрсетіліп, оларға ара-тұра авторлық түсініктемелер беріліп отырады. Мұндай баяндауда уақыттың бірлігі бұзылмайды. Шығарманың кейіпкерлері оқиғаға тікелей араласады.

Автор бейнесінің әсіресе, прозалық шығармалардағы орны ерекше. Егер лирикалық шығармада лирикалық субъектінің көңіл-күйі сол субъектінің өзі арқылы жеке берілсе, драмалық шығармаларда іс-әрекетке қатысушы кейіпкерлердің өздері арқылы көрсетіледі. Ал, прозалық шығармаларда осылардың бәрін біреу баяндайды. Кейіпкерлерді сөйлетіп, оларды әр түрлі оқиғаларға қатыстырып отыратын автор сөзінен оқырман санасында автордың өз бейнесі туралы түсінік қалыптасады.

Шығармадағы автор бейнесі дегенде жазушының жеке басын түсінбейміз. Әрине, көркем шығарманы оны тудырушыдан бөліп тастауға болмайды. Себебі, жазушының жеке басының ерекшеліктері: өмірі, дүниеге көзқарасы, оқиға, құбылыстарға шығармашылық қатынасы оның туындыларында айтарлықтай із қалдырады. Алайда көркем шығармада қаламгердің жеке басы тасаланып, оның орнына алдыңғы кезекке шығармадағы автор бейнесі шығады. Өмірдегі жазушының орнына әңгімелеуші автордың бейнесі қалыптасады. Көркем туындыда автор бейнесінің көріну дәрежесі әр түрлі болады. Кейде ол шығармада барынша анық

көрінеді, яғни шығармадағы болып жатқан оқиға-құбылыстарға автордың көзқарасы анық байқалады. Ол бірде «жасырынып», кейіпкер бейнесінің «тасасында қалады».

Кейбір көркем туындыда автор шығарманың басқа кейіпкерлерімен бір қатарда тұрады, оқиғаға басқа кейіпкерлер ретінде қатысады. Мұнда ол шығармадағы басқа компоненттердің бірі ретінде қарастырылады.

Автор бейнесі – оқырман мен шығарманың арасын байланыстыратын дәнекер. Автор осындай аралық қызметті атқару үшін, өмірдегі оқиғаларды белгілі бір көзқарас тұрғысынан баяндауы керек. Оның сөзі, ойы, тынысы байқалып тұрады. Бірақ оның «сезілу» дәрежесі барлық көркем шығармада бірдей болмайды. Бұл қаламгердің баяндалып отырған жағдайға өзін қандай қашықтықта ұстауына байланысты. Яғни, бұдан шығатын қорытынды, баяндаушы – автор бейнесі әр уақытта шығармада болады. Оның мәнін нақтылай айтатын болсақ, ол – суреттеліп отырған жағдайға қатысты белгілі бір принцип, идея деген сөз. Ол шығармадағы бір әрекеттен екіншісіне жетелейтін сөз иесі. Ол – қаламгердің бүкіл қоғамдық-мәдени, интеллектуалдық, эмоциялық сапа-қасиеттерінің жиынтық бейнесі. Шығармаға өзек болатын өмір құбылыстарын сұрыптап алып, оған идеялық бағыт, бейнелілік беретін, бір сөзбен айтқанда, шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын қалыптастыратын жазушының өз бейнесі – автор бейнесі болады. Автор бейнесі автордың сөзінен байқалады. Автор сөзінің ар жағында жазушы немесе айтушы субъект тұрады. Осы тұрғыда көркем шығармадағы «баяндаушы адам» мәселесі туады. Прозалық шығармадағы баяндаушының композициялық негізгі үш түрі бар. Олар: үшінші жақ (ол) түріндегі әңгімелеуші автор; арнайы әңгімелеуші (бұл не шығарманың кейіпкері, не белгілі бір әңгімелеуші адам); бірінші жақтағы (мен) әңгімелеуші.

Үшінші жақтан әңгімелеуші шығармада баяндалатын жайттардан тыс тұрады. Алайда, бұл оның өзіндік дүниетанымы, көзқарасы болмайды дегендік емес. «Ол» түріндегі әңгімелеуші әңгімені объективті жүргізеді, арасында тек түсініктер ғана беруі мүмкін. Сол сияқты ол қандай да бір жолмен әңгімеге еніп, оған араласып та отырады. Бұл әсіресе, авторлық шегіністерде байқалып, оның рухани әлемі, қоғамдық-саяси мәселелерге көзқарасы ашылады. Бұған байланысты зерттеуші Б.Майтановтың қазіргі қазақ

прозасы авторларына қатысты (мәселен, Р.Мұқанова) айтқан ой-тұжырымдары бар. «Ол» баршаға ортақ жайттарды, бәріне қатыстылықты білдіреді.

Үшінші жақтағы автор – әңгімелеуші өзі жайлы ешқандай мәліметтер білдірмесе де, оның бар екені байқалады. Әңгімелеу бейтарап мәнде алынып, зат, көріністер толықтай, дәлелдене суреттеледі. Ондай баяндаудың тілі – әдеби тілдің ең жоғары үлгісі болады.

Бірінші жақтан әңгімелеудің ерекшелігі - баяндаудың субъективтілігімен, шындыққа ерекше жақын болып көрінуімен байланысты. Мұнда жеке адам ерекше сезіледі. Әңгімелеушінің өзі бейнеленуші болмыстың бір бөлігі ретінде алынады. Әрі оқиғаға қатысушы ретінде, әрі әңгімелеуші ретінде ол өзінің басынан өткендерін, көргендерін баяндайды. «Мен» тұлғасындағы әңгімелеуші өзіне екі қызметті біріктіретіндіктен (оқиғаға қатысушы және әңгімелеуші), көбіне өмірбаяндық шығармаларда кең қолданылады. Әңгімелеушінің мінездемесін беретін қосымша мәліметтер әңгімелеудің осы түрінде ерекше толық болады (Мәселен, С.Мұқановтың «Өмір мектебінде» жетім қалған бала Сәбит әрі әңгімеші, әрі сол оқиғаға қатысушы).

Әдебиеттану ғылымында баяндау тәсілі кең мағынасында қандай да бір оқиғаны белгілі бір субъектінің баяндауы арқылы оқырманмен арадағы байланысты орнықтыруын білдіреді. Баяндау тәсілі шығарманың құрылымына, идеясына ықпал ете отырып, екі мәселенің аясында көрінеді. Олар: әңгімеленетін оқиға туралы және әңгіменің айтылуы.

Баяндау кезінде әңгімелеуші оқырманмен тікелей немесе жанама қарым-қатынаста болады. Автор баяндау арқылы көркем туындының сюжеттік желісін, композициялық құрылымын белгілейді. Бұл өз кезегінде шығармадағы оқиғаның ретін, құрылымдық жүйесін, кейіпкерлері мен тілдік сипатын тереңдетеді. Эпикалық шығармалар оқиғаны, кейіпкердің әрекетін, тағдырын, өміріндегі әр түрлі жағдайлар туралы баяндайды. Яғни, эпикалық шығармалардағы баяндау оқиғаға қатысушы адамның диалогын, монологын, өз ара қарым-қатынасын көрсетеді. Ал, бұл баяндаулар автор және кейіпкер тарапынан жүзеге асады. Көркем туындыдағы баяндаулар шығарманың көлеміне қарай ұзақ та, ықшам да болады. Мұндағы баяндаушы суреттеліп отырған оқиға мен оқырманның арасын

байланыстырады. Әдеби шығармаға баяндаудың әр түрлі тәсілдері тән.

Тұжырым. Әдеби шығарманың өмірден орнын табу үшін қаламгердің оны жазып шығуы жеткіліксіз, сонымен бірге оны оқырман қабылдауы керек. Яғни қаламгер өз шығармасында оқырманның көкейіндегі мәселені тереңнен қозғап, әдеби шығармада бейнеленген өмірді әр оқырман өз өміріндей жақын қабылдап, «әдебиеттегі өмірге» жан-тәнімен араласып кететіндей, сана-сезіміне әсер ете алуы керек. Бұл мәселелер мазмұн мен пішіннің бірлігінен келіп жүзеге асады. Бұлар өзімен-өзі жеке-дара қалып қоймайды. Олар әдеби шығармада бейнеленген оқиғалардың, іс-әрекеттердің, сезім-күйлердің өне бойында көрініс тауып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы, 1996.
2. Майтанов Б. Сөз сыны- Алматы: Ғылым, 2002.
3. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс. – Алматы, 2006.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ БІРЛІГІ

Мақсаты: Көркем туындыдағы уақыт-кеңістік байланысын, оның әдебиеттегі мәнін ашу.

1. Уақыт пен кеңістік фабуласы
2. Сюжеттік уақыт пен кеңістік
3. Авторлық уақыт пен кеңістік
4. Кейіпкердің уақыты мен кеңістігі

Негізгі ұғымдар: хронотоп, авторлық уақыт, кейіпкер кеңістігі, мәтіннен тыс баяндау, ойталқы.

Көркем әдебиет белгілі бір дәуірдің, уақыттың аясында пайда болады. Сондықтан қоғамдық-әлеуметтік жағдайлардың өзгерісі, әрекет-оқиғалардың өтуі мен жылдамдығы көркем шығармаға да тән. Яғни, әдеби шығармадағы қандай да бір көркемдік әлем де белгілі уақыт пен кеңістікте өтеді. Кеңістіктен тыс өмір сүретін нәрсе болмайды. Кеңістік те, уақыт та бір-бірімен үндесіп отырады. Ал, оны жазушы қалай көріп, таныды, оның байқаған әлемі көркем туындыға қалай көшірілді деген мәселе – әдебиеттану ғылымындағы аса маңызды проблемалардың бірі. Кеңістік пен уақыт аралығында үнемі жалғасып отыратын күрделі байланыс бар. Автор өткен мен бүгінді бір шығарманың аясында тоғыстырады. Көркемдік кеңістік автор қиялында өзгеріп, жаңғырып, кеңейіп немесе тарылып отырады да, бүтін бір құралым жасайды.

Автор шығармашылық иесі ретінде адамзатты ойландырып, тіршілігіне із қалдырған жайттарды көркемдік дүниетанымынан өткізіп, белгілі бір уақыт және кеңістікке сыйғызады.

«Көркем әдебиеттің адамдарды, әлеуметтік топтарды, халықтарды байланыстыратын, бір-біріне жақындастыратын, ұрпақтарды жалғастыратын қасиеттері, қоғамдық әлеуеті бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды, өйткені сөз өнері – қоғамдық қарым-қатынастың өте белсенді және беделді түрі. Идеялар мен сезімдер, ниет пен ықылас арқылы көркемдік-эстетикалық ақпарат беріледі, таратылады және көпшіліктің игілігіне қызмет етеді. Әрине, әдебиеттің коммуникативтік қызметі бұлармен ғана шектеліп қалмайды».

Қазіргі қазақ әдебиеті барлық жанры жағынан кемелденіп өскен, дүниежүзілік мәні бар әдебиетке айналды. Төңкеріске дейін, негізінде, ауыз әдебиеті ғана дамыса, бұл күнде прозаның да, драматургияның да, поэзияның да үлгілі туындылары дүниеге келді. Әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының да жетістіктері айырыша мол. Соның ішінде ұлттық әдебиеттанудағы көркемдік уақыт пен кеңістік мәселесі жайлы зерттеу жүргізу, келелі пікірлер келтіріп, ойтұжырымдар жасау – өзектілердің қатарынан саналады. Әдебиет шығармасындағы уақыттың суреттелуі, зейінге алыну, қабылдануының өзгеше сипат-ерекшелігін түсіну үшін көркемдік уақыт пен кеңістік деген ұғым бірте-бірте қалыптасып келеді.

Ғалымдар бірқатар әдеби құбылыстарды «хронотоп» мәселесімен тығыз байланыста зерттейді. Аталған тақырып екі тұрғыдан – кең және тар ұғымда қарастырылады. Негізінен бұл мәселе орыс ғалымы М.Бахтиннің еңбектерінде тереңірек орын алған. Ғалым ұсынған теорияға сүйенсек, хронотоп, біріншіден, кеңістік пен уақыттың ажырамас бірлігі – нақты өмірді бейнелейтін және әдебиет игерген мәселені айғақтаушы, екіншіден, нақты шығармалардағы көркемдік әдіс ретінде тарихи шарттылық аясындағы кеңістік пен уақыт мәселесі тұрғысынан алынады. Яғни реалды уақыт – бұл уақыттың өмірдегі нақтылық қалпы. Реалды уақыт үздіксіз өтіп жатады және үнемі алға, біркелкі жылжиды. Ал әдебиет шығармасында уақыттың жылжуы оқиғаның суреттелуіне байланысты бірде жедел, бірде баяу болып, кейде тіпті үзіліп кетіп отыруы ықтимал.

Біздің сезінуімізде уақыт кейде ақырын, кейде жылдам ауысқандай болады. Ал тағы бірде уақиға аяғынан басталып баяндалса, жазушы уақытты кейін қарай жылжытып көрсетуі де мүмкін. Сонымен әдеби шығармада автордың, кейіпкерлердің, оқырмандардың уақытты қабылдау ерекшеліктері ескеріледі. Көркемдік уақыт әдеби шығарманың танымдық мүмкіншіліктерін, әсерлілігін арттыра түседі.

XX ғасырдың 60 жылдарынан басталған өзгерістер кезеңі өмірде де, өнерде де уақыт және кеңістік категорияларының күрделенуіне әкеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар ол ұғымдарды жан-жақты зерттеудің де қажеттілігін туғызды. Бұл жерде бір нәрсені басты назарда ұстаған жөн: қаламгердің нақты шындықты бейнелеу барысында жүгінетін уақыт пен кеңістігі бар, сондай-ақ оның

қиялында, көркемдік әлемінде салтанат құратын уақыт пен кеңістік ұғымдары бар.

Мұнда кеңістік хронотоп (мекеншак) категориясы құрылымдық элементінің бірі болып табылады да, ол кеңістік-уақыт бірлігін құрайды.

Көркем шығармадағы кеңістік пен уақытты зерттеуде көптеген зерттеушілер негізінен мынадай түрлерін атайды:

- Уақыт пен кеңістік фабуласы;
- Сюжеттік уақыт пен кеңістік;
- Авторлық уақыт пен кеңістік;
- Кейіпкердің уақыты мен кеңістігі.

Осыларға жеке тоқталып көрейік.

1. Уақыт пен кеңістік фабуласы. Автор өз туындысын жасарда ондағы кейіпкерлердің қалай әрекет ететіні, баяндаудың қалай жүретіні туралы үнемі ойланады. Сонда көркем шығарманың кеңістігі, туындыны әлемі, оның уақыттық параметрлері, баяндау тәсілі мен автордың қатысуы – осының бәрі «көркем шығарманың сюжетін» қамтиды. Біз әдетте шығарманың оқиғалық негізін сюжет деп айта береміз. Ал шындығында оқиғаның негізі, яғни сюжеттің сызбасы, негізі – фабула болады. Фабула – бұл латынша-әңгімелеу, баяндау, айтып беру-көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау дегенді білдіреді. Біз шығарманы алғаш оқығанда оның жалпы фабулалық желісін тез қабылдаймыз. Бұл қаламгердің шығарма сюжетіне ұсынатын бастапқы ой желісі, шығарма құрылымының сұлбасы. Фабуланың элементтері – сюжеттік ситуациялар, эпизодтар, Олар ұзақтығы, мәні жағынан әр түрлі болады. Олардың кейбірі шығарманың шағын бөлігін ғана қамтиды. Ал, кейбірі бірер сөйлем ғана болуы мүмкін. Ал, кейбір эпизодтар көркем мәтін кеңістігінің негізін қамтуы да мүмкін. Әдебиетте дәстүрлі түрде фабула элементтерінің орналасу тәртібі болады. көптеген көркем шығармалар кіріспеден немесе экспозициядан, прологтан басталады.

2. Сюжеттік уақыт пен кеңістік. «Сюжет» нақты бір заттық мәнге ие ұғым. Сюжет – авторлық мақсат та, фабула-сол мақсатқа жетудің құралы. Егер фабуланы әңгімелеп беруге болатын болса, сюжеттің көркемдік мәнін шығармада көрінетін авторлық баяндау

ерекшеліктері ғана жеткізе алады. Кейде жазушы пайдаланған дайын фабула сюжетке айналған кезде көркемдік жағынан өңделеді. Біріншіден, мұндай даяр фабулалар өмірдегі, нақты оқиғаларға негізделген шығармаларда жиі кездесуі мүмкін. Екіншіден, бір жазушының жасаған фабуласы екінші жазушының шығармасында мүлде жаңа сипаттағы сюжетке ұласуы да ықтимал. Бір ғана фабула әр жазушының шеберлігіне байланысты әр түрлі сюжеттік сапаға ие бола береді. Сюжет шығарма стилімен, көркем шығарма құрылымының ортақ заңдылықтарымен тығыз байланысты. Демек, шығарманың көркемдік маңызы фабулаға емес, фабуланың шығармашылықпен игерілген көркемдік сипатының сюжетте тереңдетіле бейнеленуіне қатысты. Сюжеттік уақыт пен кеңістік шығарма мазмұнын толық қамтиды. Автордың суреттейтін оқиғасы кейде белгілі хронологиялық шектен тыс та болады.

3. Авторлық уақыт пен кеңістік. Көркем уақыт әдебиеттану ғылымында негізінен екі аспектіде қаралған. Эстетикалық сана үшін уақыт ұрпақ, дәуір мен адамдар арасындағы байланыстың және көзғалыс пен дамудың, өзгерістің көрінісі. Алайда кейінгі жылдары осы екі бағыттың үндесуі байқалды. Егер кең түрде алсақ, кеңістік дегеннің өзі шартты. Себебі, көркем шығармада бейнеленген кеңістік көп жағдайда шығармашылық ойлауға, қаламгердің фантазиясына, көзқарасы мен дүниетанымына байланысты. Сондықтан, автор өзіне жақын дүниені өзінің қабылдауында кең немесе тар шеңберде береді. Осыған байланысты автор бір оқиғаны жеңіл, үстіртін, шолу түрінде, кейбірін терең, толық суреттеп жатады. Осы ретте кеңістік шеңбері ұлғаяды немесе тарылады. Мәселен, халқымыздың тұрмыс-салтын бір ғұрыптың орындалуы арқылы да, бірнеше түрін кең суреттеу арқылы да жеткізуге болады. Соған сәйкес кеңістікті толтыратын оқиға мен адамдар әр қилы болады. Көркем кеңістік шынайы дүние ретінде географиялық сипатты иеленеді. Автор өз шығармасындағы уақыт пен кеңістікті қалай берсе де құқылы. Бұл бір жағынан әрине, көркем туындының көлеміне де байланысты.

4. Кейіпкердің уақыты мен кеңістігі. Әдеби үдерісті нақты бір қоғамдық-саяси жағдайда қалыптасатын идеялық-көркемдік, эстетикалық фактордың, көркем сөз иелерінің шығармашылық күшінің нәтижесінде жасалатын құбылыс деуге болады. Яғни, әдеби

үдеріс-идеялық-көркемдік, дүниетаным, көзқарастар мен эстетикалық бағдарды айқындайтын фактор. Әдебиет те өнер секілді әлеуметтік құбылыс. Оның әлеуметтік маңызының шешуші сәті-біздің қабылдауымыз.

Қандай да бір әдеби туындының мәні оны оқу, түсіну үстінде ашылып, оқырманға жаңа, көркем дүниені тарту етеді. Әдеби шығармадағы көркемдік пен идея, сюжет желісі мен характерлер жүйесі оқырманға көркемдік-эстетикалық жағынан ықпал етеді, туындының мән-маңызын ашады. Қазіргі филология ғылымында көркем уақыт пен кеңістік проблемасын зерттеудің әлденше тәсілдері бар. Кеңістікті қарастыру негізгі үш бағыттан тұрады. Алғашқысы шетел әдебиеттануында кең таралған кеңістік формасымен бірлікте қарастырылады. Кеңістік формасының ерекшелігі бейнеленіп отырған оқиғаның мәні оның себеп-салдарлы байланысының ретімен емес, синхронды түрде, «кеңістік санасы» түрінде ашылады. Кейіпкердің уақыты мен кеңістігі өздері қатысатын әрекет аясында, өзге кейіпкерлермен әр тарапты байланысында көрінеді. Автор шығармасында кейіпкері қатысатын оқиғаны кең түрде де, сығымдап, оңтайландырып та береді. Соған орай баяндау, суреттеу, диалог, монолог түрлері қатысады. Уақыт пен кеңістік көркем шығармада ең алдымен автордың ойын анықтайды. Яғни кейіпкер әрекеті мен уақыт пен кеңістік бір-бірімен тығыз байланыста. Көркемдік уақыт өзіне кейіпкер, автор және оқырманды тарта алады. Кейіпкердің уақыты дербес, өзіне ғана тиесілі емес. Ол жалпы уақыт ағынының ішінде ортақ кеңістікте өтеді.

Тұжырым. Көркем шығармадағы мезгілдік қатынастар әңгімелеудің түрленуіне негіз болады. Олар ірі, орта және жалпы тұрғыда беріледі. Әңгімелеу ірі, орташа түрде алынса, мезгілдік шектелу дәрежесі түрліше болады. Жалпы түрде алынса, мезгілдің шектелуі жоғары дәрежеге жетеді де, оқиға мен баяндау уақыты бір-бірімен сәйкесіп жатады. Сондықтан әңгімелеуші оқиғалардан алыс тұрған сайын, оларды атап, түстеуге мәжбүр болады. Ірі тұрғыда әңгімелеу мен суреттеу деген сөз – болмысты жақын қашықтықтан шектеулі кеңістікпен бейнелеу деген сөз. Жақын қашықтық шағын аумақта болған жайды толықтырып, тәптіштей суреттеуге көмектеседі. Орта тұрғыдан баяндауда әңгімелеуші

оқиғадан едәуір қашықтықта орналасады, сондықтан ол біршама үлкен аумақты қамтиды. Баяндаудың өз алдына бөлек түрі ретіндегі суреттеуде оқиға жақын қашықтықтан алынады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрысбек Р. Ұлт мұраты және руханият. –Астана, 2008
2. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. –Астана, 2001.

ТРОПТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Мақсаты: Көркем шығарманың көркемдік тәсілдерін, тілдік айшықтарын меңгерту.

1. Көркем туындының тілдік айшықтары
2. Көркемдік амал-тәсілдер

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар: көркем туынды, көркемдік тәсіл, троп, теңеу, айқындау, ауыстыру, кейінтеу.

Көркемдік – поэзияның негізі. Поэзия ойдың көркем бейнесі болғандықтан, онда көркемдік құралдар мол кездеседі. Поэтика әдебиеттанудың көнеден келе жатқан салаларының бірі. Зерттеу нысаны әдеби туындыдағы бейнелеу құралдарының жүйесі.

Теңеу. Екі нәрсені немесе құбылысты салыстыру. Кейде айтылып отырған зат тұтас салыстырылса, кейде оның бір белгісі, бөлшегі ғана алынады. Сол сияқты кейде өзара табиғаты үйлес заттар салыстырылса, кейде салыстыруға бір-бірінен мүлдем алшақ ұғымдар алынады. Мысалы: “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” (Абай), “Алақандай ақ бәтес” (Мағжан), “Солдаттың етігіндей жаным сірі” (Қасым). Алғашқы теңеуде бір қарағанда теңеліп тұрған ұғымдардың арасында байланыс жоқ сияқты. “Қақтаған ақ күміс” сызатсыз, тегіс болатын болса, жас қыздың маңдайы да әжімсіз, мінсіз болады. Ендеше теңеліп тұран екі ұғым арасында үйлесімділік бар екен. Адамның алақанының жылуы мол болса, ақ бәтес тазалықтың бейнесі. Сонда “алақандай ақ бәтес” алдымен оның шағын ғана көлемін білдірсе, екіншіден қардай аппақ бәтесті бойжеткен көңіліне жақын тұтқан адамына сыйлайды. Сол сияқты “солдаттың етігіндей жаным сірі” деген тіркесті Қасым ақын соғыс тақырыбындағы өлеңінде алып отыр. Әрине, мұндайда жырларда кездесетін “арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты” деген дағдылы тіркестер қажет секілді. Алайда, от пен оқтың ортасында майдан кезген жауынгер үшін үстіндегі шинелі мен аяғындағы етігінен мықты зат жоқ. Тап осы әскери лирикада “солдаттың етігі” мықтылықты, төзімділікті бейнелеп тұр.

Теңеуге **ауыстыру (метафора)** жақын келеді. Негізгі айырмасы – метафорада салыстырылған екі нәрсе бірігіп, бір ұғымды береді, ал теңеуде екі нәрсе ұқсастырылады. Мәселен,

Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы (Абай).

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам (Сұлтанмахмұт).

Мен – тауда ойнаған қарт марал (Махамбет).

Алғашқы ауыстыруда өлең секілді дерексіз ұғым патшаға айналды. Сұлтанмахмұттың өлеңінде ақынның романтикалық тұлғасы аспанға өрлеген күнге баланды. Яғни, көз алдымызға ауыстырылған екі ұғымның біреуі ғана келеді (патша, күн, қарт марал). Метафорада ауыстырылған екі ұғымның біреуі ғана аталады. Ақын Төлеген Айбергеновтің «Туған жер» өлеңінде:

О, менің байтақ мекенім,
Жанымның қаршығасы сен.
Шырқағым келіп кетеді,
Жазбаған ән шығарсың сен.
Қызығың тербеуде мені,
Тарқамас той шығарсың сен.
Тулаған тар кеудедегі,

Тумаған ой шығарсың сен өлеңінде туған жерін «жанының қаршығасына», «жазбаған әніне», «тарқамас тойына», «тумаған ойына» алмастыра жырлайды.

Айқындау (эпитет) бір нәрсенің ерекшелігін айқындай түседі. Мысалы, қамыс құлақ, қой мойын, қоян жак, бөкен қабақ. Көбіне, айқындау теңеумен, ауыстырумен қоса қабат қолданылады. Мысалы:

Қаптаған қара бұлттай,
Қайнап біткен болаттай,
Мен – тауда ойнаған қарт марал.

«Қаптаған қара бұлт» – айқындау, «қаптаған қара бұлттай» – эпитетті теңеу. «тауда ойнаған қарт марал» – айқындау, «мен – тауда ойнаған қарт марал» – эпитетті метафора.

Символ – балама бейне. Мұнда негізгі ой, құбылыс сол балама бейне арқылы беріледі де, шарттылық басым болады. Ақын-қаламгерлер шығармаларының атауында да символдық ұғымды қолданады. Мәселен, Ә.Нұрпейісовтің романы «Қан мен

тер» деп аталады. С.Сейфуллиннің шығармаларында «асау тұлпар», «экспресс», «дауылпаз құс» секілді балама бейнелер аталады.

Аллегория – көркем тұспалдау деген сөз. Онда айтылып отырған нақты нәрсе түгелімен ауыспалы мағынада беріледі. Аллегория шешендік сөздерде, мысал өлеңдерде, толғау-термелерде, салт-дәстүрге байланысты өлеңдерде беріледі. Мәселен, мысал өлеңдерде адам қатыспайтыны белгілі. Оның орнына аң, құс, өсімдік алынып, адамның әрекеті соларға телінеді. Олар адамша сөйлеп, ойлап, әрекеттер жасайды. Яғни, өздерінде жоқ қасиеттермен көрінеді. Аллегория мен символ кейде ұқсап жатады. Негізгі айырмасы символда тұтас мәтіндегі жекелеген ұғымдар ғана балама түрінде алынады. Ал, аллегорияда тұтас мәтін ауыспалы, жұмбақтау түрінде беріледі. Мәселен, халықтың жұбату өлеңінде «қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ» деп адамның ауыр қазасына жұбату айтады.

Бұдан басқа өлеңде қайталау түрлері мол болады. Олар сөз, дыбыс қайталауы, тармақтың басында немесе соңында келетін қайталаулар болады. Бұл тәсіл өлең тармақтарындағы ойды нақтылай, әсерлілігін тереңдете түседі. Қайталанған әрбір сөз, тіркес өлеңнің идеясын, эмоционалдық мағынасын тереңдете түседі. Мәселен, ұлт ақыны Мұқағалида:

Ығысыңдар, ей, таулар, ығысыңдар!

Орын сайла ортаңда жұмысым бар.

Ата болып не маған ұрысыңдар.

Адам болып немесе ығысыңдар, - деген өлең жолы бар. Мұндағы “ығысыңдар” деген сөз үш рет қайталанып, өлеңге лептілік, үстемелік дарытып тұр. Ал, К.Ахметованың “Сарыөзек сағыныш” жырында “сары” сөзінің мәнді қайталауын жасаған:

Сары өзен. Сары тоғай. Сары қайың.

Сары өзек. Сары дала. Сары уайым.

Сарытап сезімдерге сабау болып,

Сары ішік шабытымды жамылайын. Сол сияқты,

Төгіл, шуақ!

Даланың көркін құрап,

Желмен ойнап желбіре,

Желпің, құрақ! - дегенінде ақын К.Ахметова дәстүрлі он бір буынды өлеңді 4,7,7,4 буындарына бөліп тастап, өлеңнің интонациялық ырғағын өзгерткен.

Абай әлеміне еркін еніп, өлең дәстүрін лайықты жалғастырған қазақ ақындары (Шәкәрім, Мағжан, Сұлтанмахмұт т.б.) көркемдік-рухани дүниелерді терең толғаса, ұлттық поэзияның ұлы мұраттарын бар қырынан ашқан Ә.Тәжібаев, Т.Әбдірахманова, С.Мәуленов, Ғ.Қайырбеков, М.Әлімбаев, М.Айтхожина, Ф.Оңғарсынова, А.Бактыгереева, О.Сүлейменов, Қ.Мырза Әлі, Қ.Бұғыбаева, М.Шаханов, Т.Медетбек, Ж.Әбдірашев т.б. ізденістері қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейтіп келеді.

Тұжырым. Поэзия ойдың көркем бейнесі болғандықтан, онда көркемдік құралдар мол кездеседі. Поэтика - әдебиеттанудың көнеден келе жатқан салаларының бірі. Зерттеу нысаны - әдеби туындыдағы бейнелеу құралдарының жүйесі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы, 2001.
2. Қабдолов З. Арна. Зерттеу, сын-эссе. Алматы, 1988.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы,
4. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Астана, 2003.
5. Жүсіп Қ.М. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Павлодар, 1999.

ТАПСЫРМАЛАР

ӨЗДІК ЖҰМЫС ТАҚЫРЫПТАРЫ

Өздік жұмыстары белгілі бір тақырып бойынша оқулықтармен, анықтамалықтармен, сөздіктермен жұмыс істеу, тілдік талдаулар жүргізу барысында тапсырмалар мен жаттығуларды орындау, сөздік қор, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы шығармашылық жұмыстар түрінде жүргізіледі.

Студентті ғылыми жұмысқа бейімдеу бағытында ғылыми көзқарастар мен анықтамаларды қысқаша тұжырымдап, өзіндік ой қорытындысын жасау мақсаты да негізге алынады.

1. Әдебиеттанудың даму тарихы.
2. Қайта өрлеу дәуіріндегі әдебиеттану
3. Әдебиеттің танымдық міндеттері
4. Көркем образ
5. Көркемдік шешім
6. Поэзия және проза
7. Реалистік әдіс
8. Автор және кейіпкер
9. Әдеби қаһарман
10. Әдебиет – сөз өнері
11. Ахмет Байтұрсынов. «Әдебиет танытқышы».
12. Қазіргі әдебиеттанудың дамуы
13. Аристотель. «Поэтика»
14. Әдеби ағым
15. Көркем мәтін құрылымы
16. Сюжет пен композиция
17. Көркем шығармадағы баяндау түрлері
18. Уақыт пен кеңістік
19. Стиль түрлері
20. Жазушы және шығармашылық
21. Әдеби процесс
22. Қаламгер өмірбаяны
23. Поэтика ұғымы
24. Стилистика. Көркем лексика
25. Өлең құрылысы

Әдістемелік нұсқаулық. Студенттер өздік жұмыс тапсырмаларын орындау кезінде дәріс пен практикалық сабақтарда алған білім-дағдыларын қолданады. Яғни, теориялық пайым-түсініктерді ескере отырып, тапсырмаларды өз бетінше талдап, мәтіндер арқылы дәйектейді. Берілген көркем мәтіндерді оқып, талдайды. Мәтіндердің идеясын, сюжетін талдап, кейіпкерлеріне салыстырмалы мінездеме береді. Аудиториялық сабақтың мазмұнына кірмеген қосымша материалды меңгереді.

АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Сыншыл реализм
2. Құбылтудың түрлері
3. Эпопея туралы түсінік
4. Портрет, прототип, мінездеу.
5. Әңгіме жанры
6. Тақырып пен идея
7. Символизм, футуризм ағымдары
8. Комедия, драма, трагедия.
9. Әдеби жанр
10. Роман жанры
11. Әдебиеттану ғылымының негізгі салалары
12. Дәстүр мен жаңашылдық
13. Сюжеттің компоненттері
14. Оқшау эпизодтар
15. Өлең жүйесі
16. Мазмұн мен пішін.
17. Модернизм туралы түсінік
18. Натуризм мен сентиментализм
19. Романтикалық поэма.
20. Көркем өнер түрлері
21. Социалистік реализм әдісі.
22. Бейне. Бейненің түрлері
23. Типтік бейне жасау, мінездеу тәсілдері.
24. Хикаят жанры
25. Драма жанры
26. Элегия және баллада
27. Эссе жанры
28. Ғұмырнамалық туындылар
29. Лирикалық кейіпкер
30. Автор және баяншы

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Стиль мен ағым
2. Ажарлаудың түрлері, аллитерация және ассонанс
3. Әдебиеттану ғылымының қосымша салалары
4. Өлең жүйелері.
5. Көркем әдебиет
6. Образ бен характер. Жасалу жолдары
7. Ұйқас. Оның түрлері
8. Портрет (дербес, топтама, психологиялық түрлері)
9. Драмалық образ
10. XX ғасырдың басындағы әдеби теориялық ой-пікірлер
11. Лирикалық «мен»
12. Силлабо-тоникалық өлең жүйесі
13. Қаһармандық бейне
14. Жанр туралы түсінік
15. Сөз өнерінің ерекшелігі
16. Новелла жанры
17. Классицизм ағымы
18. Символ және аллегория
19. Мысал жанры
20. Аралас жанр
21. Жанама кейіпкер
22. Автор және баяншы
23. Хикаят жанры
24. Эссе жанры
25. Диалогия, трилогия, эпопея

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. -А., 1996
2. Мақпұров С. Әдебиеттануға кіріспе. (Хрестоматия). А., 1991
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. -А., 1991
4. Қабдолов З. Сөз өнері. -А., 1991
5. Ахметов К. Әдебиеттану әліпшесі. -А., 2000
6. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. -Қарағанды, 2004
7. Лотман Ю.М. Структура художественного текста. -М., 1970.
8. Введение в литературоведение. -М., 2002.
9. Хализев Е.В. Теория литературы. -М., 2002.
10. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. -А., 1973.
11. Әуезов М. Әдебиет тарихы. -А., 1991.
12. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. -А., 1986.
13. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. -А., 2000.
14. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс.-Алматы, 2006
15. Аймұхамбетова Ж. Мифтің поэтикадағы қызметі (Қазіргі қазақ поэзиясы арқауында). -Алматы, 2010.
16. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. -Алматы, 2000
17. Майтанов Б. Сөз сыны. -Алматы, 2002
18. Ісімақова А. Асыл сөздің теориясы. - Алматы, 2009
19. Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті (генезис, типология, поэтика).-Астана, 2005
20. Алпысбаев Қ. Поэзия парасаты. -Алматы, 2006
21. Қасқабасов С. Жаназық. -Астана, 2002
22. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық.-Астана, 2002
23. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет.-Астана, 2002
24. Аймұхамбет Ж. Миф. Мифология. Мифопоэтика.-Астана, 2016
25. Әскербекқызы Ж. Көркемдік өріс. -Алматы, 2008

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ ЖОСПАРЫ

№ 1 сабақ

Тақырыбы: Әдебиеттану ғылымы, негізгі салалары

Мақсаты: Әдебиеттану ғылымы, негізгі салалары туралы айту

Сұрақтар:

1. Әдебиеттану ғылымының зерттеу нысаны
2. Әдебиет тарихы, сыны, теориясы

Тапсырма:

А) Әдебиеттанудың басты мақсат-міндеттерін айқындап, негізгі салалары туралы айту

Ә) Әдебиеттанудағы басты ғылыми мектептер

Б) Лирикалық шығармаларға талдау жасау

№ 2 сабақ

Тақырыбы: Өнер түрлері, олардың өзіндік ерекшеліктері

Мақсаты: Өнер түрлерін салыстыра отырып, талдау жасау

Сұрақтар:

1. Көркемөнер туралы негізгі ұғымдар
2. Көркемөнердің түрлері, ерекшеліктері
3. Көркемөнер және әдебиет

Тапсырма:

А) Шағын мәтіндерге талдау жасау

Ә) Әдеби туындылар мен бейнелеу, мүсін, сәулет өнер шығармаларын салыстырындар

№ 3 сабақ

Тақырыбы: Әдеби ағым-бағыттар

Мақсаты: Әдеби ағым-бағыттардың даму арналарын айқындау

Сұрақтар:

1. Әдеби бағыт, әдіс, мектеп, топ.
2. Классицизмге тән сипат
3. Сентиментализм
4. Романтизм, реализм, модернизм

Тапсырма:

- А) Романтизм бағытындағы көркем туындыға талдау.
- Ә) Реализм бағытындағы көркем туындыға талдау.

№ 4 сабақ

Тақырыбы: Тақырып пен идея

Мақсаты: Көркем мәтіннің тақырыбы мен идеясына талдау жасау

Сұрақтар:

1. Автор және көркем шығарма
2. Тақырып, шығарма, идея
3. Проблема және авторлық шешім

Тапсырма:

А) Шағын көлемді туындылардағы тақырып пен идеяны айқындау

№ 5 сабақ

Тақырыбы: Әдебиеттегі тек пен түр

Мақсаты: Әдебиеттегі тек пен түрді айқындау, мысалдау арқылы дәйектеу

Сұрақтар:

1. Әдебиетті текке бөлу
2. Әдеби түр

Тапсырма:

- А) Әдебиеттің тегі мен түрін айқындау
- Ә) Лирика, әңгіме, повеске талдау жасау

№ 6 сабақ

Тақырыбы: Әдеби жанрлар

Мақсаты: Жанр түрлерін ажырата отырып, әрқайсысына талдау жасау

Сұрақтар:

1. Жанр мәселесі
2. Эпостық түр
3. Лирикалық түр
4. Драмалық түр

Тапсырма:

- А) Кең көлемді эпостық түрдің ерекшелігін ашу
- Ә) Лирикаға тән сипаттарды айқындау
3. Драма жанрының ерекшелігін айқындау

№ 7 сабақ

Тақырыбы: Лирикалық шығарма, лирикалық кейіпкер

Мақсаты: Лирика жанрының ерекшелігін ашып, лирикалық кейіпкер мәселесін айқындау

Сұрақтар:

1. Лирикалық жанрдың басты сипаты
2. Лирикалық кейіпкер
3. Ақындық «мен»
4. Лирикалық тұлға

А) Тапсырма: Абай, Мағжан, Сұлтанмахмұт т.б. ақындардың лирикаларына талдау жасау.

№ 8 сабақ

Тақырыбы: Көркем туындының сюжеттік құрылымы

Мақсаты: Көркем шығарманың сюжеті мен фабуласын айқындау

Сұрақтар:

1. Сюжет пен фабула
2. Көркем шығарманың сюжеті
3. Пролог, эпилог

Тапсырма:

А) Көркем шығарманың (Ы.Алтынсарин, Ғ.Мүсірепов) сюжетіне талдау жасау.

№ 9 сабақ

Тақырыбы: Көркем туындының композициялық құрылымы

Мақсаты: Көркем туындының композициясы, басты компоненттері туралы мағлұмат беру.

Сұрақтар:

1. Көркем шығарманың композициясы
2. Композицияның басты компоненттері
3. Композицияның мәні

Тапсырма:

А) С.Сейфуллиннің «Көкшетау», М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмаларының композициясына талдау жасау.

№ 10 сабақ

Тақырыбы: Романның жанрлық ерекшелігі

Мақсаты: Романның жанры, құрылымдық ерекшелігі туралы талдау

Сұрақтар:

1. Роман жанры туралы ұғым
2. Романның жанрлық ерекшелігі
3. Романның құрылымдық ерекшелігі

Тапсырма:

А) М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романдарына талдау жасау.

№ 11 сабақ

Тақырыбы: Әдеби бейне

Мақсаты: Көркем бейненің идеялық-эстетикалық мәні, түрлері туралы мағлұмат беру.

Сұрақтар:

1. Әдеби бейненің жасалуы
2. Әдеби бейне түрлері
3. Әдеби бейне және авторлық ұстаным

Тапсырма:

А) Көркем шығармадағы әдеби бейнені жүйелеу, мінездеме беру, портрет, тұлғалық бойынша талдау

№ 12 сабақ

Тақырыбы: Көркемдік стиль

Мақсаты: Көркем стиль туралы түсінік бере отырып, стильдің көркем әдістен айырмашылығын, дара және жалпы сипатын ашу

Сұрақтар:

1. Стиль туралы ұғым.
2. Стильдің қалыптасуы
3. Стиль даралығы

А) **Тапсырма:** Поэзиялық туындыларды талдау арқылы стиль мәселесін ашу.

№ 13 сабақ

Тақырыбы: Эссе жанры

Мақсаты: Эссе жанрының ерекшелігі, құрылым жүйесі туралы талдау

Сұрақтар:

1. Эссе жанры

2. Эссе жанрының құрылымы
3. Эссенің баяндау формасы

А) Тапсырма: Қаламгерлер жайлы эссемен танысу

№ 14 сабақ

Тақырыбы: Өмірбаян жанры

Мақсаты: Өмірбаяндық жанрдың ерекшелігіне, тарихи-мәдени, әлеуметтік мәніне талдау.

Сұрақтар:

1. Өмірбаян жанры
2. Ғұмырнамалық шығарманың құрылымы.
3. Баяндаушы бейнесі

А) Тапсырма: С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романын талдау

№ 15 сабақ

Тақырыбы: Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік бірлігі

Мақсаты: Көркем шығармадағы кейіпкер болмысын, жасалуын, оның ортамен байланысын ашу арқылы уақыт пен кеңістік, адам ұғымдарының мәнін айқындау.

Сұрақтар:

1. Көркем туындыдағы кейіпкер бейнесі
2. Уақыт және кеңістіктің кейіпкермен байланысы
3. Көркем шығарма және қоғамдық орта

А) Тапсырма: Шағын жанр бойынша талдау, кейіпкерлерді жүйелеу

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Композиция мәніне қай сөз сәйкеседі

- А) сюжет
- Ә) тақырып
- Б) архитектуроника
- В) персонаж

2. Фрагмент деген не?

- А) арнау
- Ә) экспозиция
- Б) үзінді
- В) эпилог

3. Контекст дегеніміз

- А) қосымша мәтін
- Ә) мәтін аралығы
- Б) мәтіндегі сөздер аясы
- В) мәтіндердің өзара байланысы

4. Драмалық шығармаға тән ұғымдарды атаңыз

- А) мәтін, баяншы
- Ә) мәтін, ремарка
- Б) мәтін, тарау
- В) мәтін, баяндау

5. Символ дегеніміз

- А) түпгүлға
- Ә) нақты бейне
- Б) балама бейне
- В) прототип

6. Хронотоп ұғымы

- А) уақыт және қоғам
- Ә) уақыт және мекен
- Б) уақыт және кейіпкер
- В) уақыт және автор

7. Көркем образ

- А) әдебиетке;
- Ә) барлық өнер түріне;
- Б) эпикалық шығармаға;
- В) бейнелеу өнеріне тән

8. Деректілік пен публицистикалық сипатты қамтитын жанр

- А) әңгіме
- Б) очерк
- В) мемуар
- Г) повесть

9. Мәтіннің негізгі нұсқасын орнықтыратын әдебиеттанудың саласы

- А) библиография
- Ә) текстология
- Б) деректану
- В) әдебиеттің теориясы мен тарихы

10. Белгілі бір проблеманы жан-жақты, дербес қарастыратын ғылыми басылым

- А) антология
- Ә) альманах
- Б) монография
- В) оқулық

11. Ең көне жанр түрі

- А) новелла
- Ә) миф
- Б) романс
- В) роман

12. Әдеби шығармада ішкі ортаның бейнеленуі

- А) фабула
- Ә) портрет
- Б) интерьер
- В) пейзаж

13. Автор дегеніміз

- А) шығармадағы оқиғаның субъектісі
- Ә) көркем шығарманы тудырушы
- Б) әдеби мәтінді түсіндіруші
- В) шығармадағы бас кейіпкердің прототипі

14. Қайсысы дыбыстық бейне

- А) метафора
- Ә) ассонанс
- Б) инверсия
- В) эпитет

15. Пафос дегеніміз

- А) шығармадағы көркем-эмоционалдық күш
- Ә) шығармадағы басты әрекет
- Б) шығармадағы логикалық ұғым
- В) шығармадағы көркем бейнелер

16. Көркем шығармадағы әрекетті бейнелейтін ұғым

- А) идея
- Ә) ситуация
- Б) экспозиция
- В) кеңістік

17. Уақыт түрі

- А) фольклорлық
- Ә) идеялық
- Б) сюжеттік
- В) тақырыптық

18. Өлең тармақтарының соңы

- А) рифма
- Ә) стопа
- Б) цезура
- В) клаузула

19. Өзінің субъектілік, сыни-бағалаушылық пікірін айтатын

- А) текстолог

- Ә) әдебиет сыншысы
- Б) деректанушы
- В) әдебиет тарихшысы

20. Бір дәуірде өмір сүрген ақын-қаламгерлердің белгілі бір жанрдағы шығармаларын топтастыратын ұжымдық жинақ

- А) энциклопедия
- Ә) хрестоматия
- Б) антология
- В) альманах

21. Көркем бейнені жасау тәсілдері қайсысы:

- А) әдеби бейне, образ
- Ә) мінездеме, психологиялық талдау
- Б) кейіпкер, персонаж
- В) пейзаж, характер

22. Туындыда автордың идеясын жүзеге асыруда басымдық танытатын кейіпкер

- А) кейіпкер
- Ә) бас кейіпкер
- Б) түптілға
- В) жанама кейіпкер

23. «Нарратология» ұғымының баламасы

- А) сюжет пен идея
- Ә) автор мен мәтін
- Б) баяншы мен әңгімеші
- В) оқырман мен мәтін

24. Өмірдегі ұнамсыз жайларды, мінездерді әшкерелеп, келеке ететін жанр

- А) сатира
- Ә) сонет
- Б) ән өлең
- В) өлең

25. Типтендіру дегеніміз:

- А) өмір дерегін пайдалану
- Ә) көркем жинақтау
- Б) көркем даралау
- В) түптілғаны негіз ету

26. Ремарка сөзінің мағынасы

- А) өлшем
- Ә) түсіндірме
- Б) байланыс
- В) әрекет

27. Эпикалық баяндау тән жанр түрі

- А) драма
- Ә) ода
- Б) новелла
- В) сатира

28. Антитеза дегеніміз

- А) жағымсыз сипаты басым характерді көрсету
- Ә) характерді, әрекетті, композициялық элементтердің қарама-қайшылығы
- Б) әлдебір құбылысты ең биік, асқақ түрде дамыта көрсету
- В) өлендегі бірдей дыбыстардың қайталануы

29. Көркем деталь дегеніміз

- А) баяндау
- Ә) кейіпкерлер диалогі
- Б) көркем шығармадағы белгілі бір нақтылық
- В) әрекеттің, кейіпкерлер бейнесінің өзгеруі

30. Жазушының баяндап отырған жағдаятқа қатысты эмоционалдық-бағалауыштық қатынасы

- А) пафос
- Ә) фабула
- Б) идея
- В) антитеза

31. Кульминация дегеніміз:

- А) қатарласа жүретін әрекет
- Ә) әрекеттің дамуы
- Б) әрекет қақтығысының шарықтау шегі
- В) қақтығыстың шешімі

32. Портрет-суреттеу дегеніміз:

- А) сырт келбеттің суреттелуі
- Ә) адамның ішкі әлемінің суреттелуі
- Б) өзге кейіпкерлермен салыстыра суреттелуі
- В) өзге кейіпкерлермен карама-қарсы суреттелуі

33. Статикалық портрет

- А) өзгермелі
- Ә) өзгеріссіз
- Б) сыртқы
- В) ішкі

34. Стильдің қай түрі аталған

- А) жеке
- Ә) салыстырмалы
- Б) бағыт
- В) әдіс

35. Диалогия дегеніміз

- А) дербес бір бөлімді
- Ә) дербес екі бөлімді
- Б) дербес үш бөлімді
- В) дербес төрт бөлімді шығарма

36. Деректі жанрға тән ерекшелік:

- А) нақты айғақтың молдығы
- Ә) жанама сюжеттің молдығы
- Б) автордың ойдан шығаруы
- В) көркем туынды

37. Көркем шығармадағы драматизм дегеніміз

- А) субъектілік көңіл-күйдің көрінісі

Ә) объектілік көңіл-күйдің көрінісі

- Б) карама-қайшылықты тартыстың көрінуі
- В) бір сарындағы көңіл-күйдің көрінуі

38. Көркем шығармадағы лиризм дегеніміз

- А) әрекет-оқиғаның молдығы
- Ә) сезім-күйдің, толғаныстың басым болуы
- Б) кейіпкерлер жүйесінің молдығы
- В) карама-қарсы әрекеттегі кейіпкерлердің молдығы

39. Канон дегеніміз

- А) қандай да бір нормаларды толық жүзеге асыратын үлгі, әрекеттің жүзеге асуының сәйкестілік нормасы
- Ә) қандай да бір әрекеттің сәйкессіздігі
- Б) карама-қарсы мәндегі әрекеттер
- В) бір жүйедегі әрекеттердің көрінуі

40. Хронотоп дегеніміз

- А) көркем шығармадағы уақыт-кеңістік бірлігі
- Ә) көркем шығармадағы уақыт бірлігі
- Б) көркем шығармадағы кеңістік бірлігі
- В) көркем шығармадағы сюжеттің өзара байланысы

41. Автор:

- А) бейне
- Ә) тип
- Б) шығарушы
- В) персонаж

42. Әдебиет теориясына қатысты ұғым

- А) жанама сюжет
- Ә) уақыт бірлігі
- Б) байланыс
- В) сабақтастық

43. Әдебиеттану:

- А) кеңістікке қатысты өнер
- Ә) уақыттық өнер

- Б) сөз өнерін зерттейтін ғылым
- В) әрекеттер жүйесі

44. Әдебиет пен өнерде пайда болғаннан бастап, жеке тұлғаның биік рухы, күшті сезім-күйі, асқақ болмысы айқын көрінетін әдіс:

- А) Романтизм
- Ә) Классицизм
- Б) Сентиментализм
- В) Модернизм

45. Көркем туындының атауы:

- А) идея
- Ә) тақырып
- Б) сюжет
- В) композиция

46. Автордың бейнелейтін құбылысқа деген қарым-қатынасы, ойы:

- А) идея
- Ә) ұстаным
- Б) тұжырым
- В) композиция

47. Суреткердің о бастағы ой өзегі:

- А) авторлық идея
- Ә) авторлық ұстаным
- Б) авторлық тұжырым
- В) авторлық баяндау

48. Көркем шығармадағы толғаныс, тебіреніс, ерекше көңіл-күй арқылы танылатын сипат:

- А) драматизм
- Ә) романтизм
- Б) лиризм
- В) сентиментализм

49. Көркем шығармадағы қарама-қайшылық, тартыс арқылы танылатын сипат:

- А) драматизм
- Ә) романтизм
- Б) лиризм
- В) сентиментализм

50. Драманы қазақша «айтыс-тартыс» деп атаған ғалым:

- А) әл-Фараби
- Ә) А.Байтұрсынов
- Б) М.Әуезов
- В) Қ.Жұмалиев

51. Адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын күрделі жанр:

- А) драма
- Ә) эпос
- Б) лирика
- В) идиллия

52. Тартыс пен характер негізін құрайтын жанр:

- А) идиллия
- Ә) эпос
- Б) лирика
- В) драма

53. Автордың өзіндік ой-сезімінің, көңіл-күйінің монологу:

- А) миф
- Ә) эпос
- Б) лирика
- В) драма

54. Халық жырларындағы ән-өлеңге жатпайтын жанр:

- А) сынсу
- Ә) қоштасу
- Б) бесік жыры
- В) мәтел

55. Шығармашылық тұлға:

- А) кейіпкер
- Ә) автор
- Б) персонаж
- В) субъект

56. Авторды «әуезелеуші», «толғаушы», «ақын», «сарындаушы»

деп атаған ғалым:

- А) әл-Фараби
- Ә) А.Байтұрсынов
- Б) М.Әуезов
- В) Қ.Жұмалиев

57. Шығармада көрінген әрекет, оқиғалардың ең ақырғы шешімі

- А) пролог
- Ә) эпилог
- Б) объект
- В) субъект

58. Лағынша «құрастыру, қиыстыру» деген мағынаны беретін

ұғым:

- А) сюжет
- Ә) фабула
- Б) композиция
- В) мәтін

59. Шығармада баяндалатын негізгі оқиғаға тікелей қатысы жоқ

көріністер

- А) оқшау эпизодтар
- Ә) фабула
- Б) хронотоп
- В) дискурс

60. «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» (2002) зерттеуінің авторы

- А) А.Байтұрсынов
- Ә) С.Сейфуллин
- Б) М.Әуезов
- В) Р.Нұрғали

61. Қоғамдық жағдай қалыптастырған адамның ішкі болмысы, психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы

- А) сана
- Ә) таным
- Б) мінез
- В) дағды

62. Әдеби тек тұрғысынан образ:

- А) екіге;
- Ә) үшке;
- Б) төртке;
- В) беске бөлінеді

63. Әдебиеттегі адам бейнесінің ең шынайы түрі

- А) реалистік бейне
- Ә) романтикалық бейне
- Б) символдық бейне
- В) драмалық бейне

64. Жазушының авторлық баяндаулары мен кейіпкер сөзі арқылы жасалатын образ

- А) эпикалық бейне
- Ә) романтикалық бейне
- Б) лирикалық бейне
- В) драмалық бейне

65. Кейіпкердің өз сөздері мен іс-әрекеттері арқылы бейнеленетін образ

- А) эпикалық бейне
- Ә) романтикалық бейне
- Б) лирикалық бейне
- В) драмалық бейне

66. Күлкі шақыратын іс-әрекеттер арқылы кейіпкер болмысын ашатын жанр

- А) сарказм
- Ә) лиризм

- Б) юмор
- В) сонет

67. Өмірдегі ымырасыз күрестен, бітіспес тартыстан, қайшылықтан туатын образ

- А) сатиралық образ
- Ә) лирикалық образ
- Б) трагедиялық образ
- В) юморлық образ

68. «Сөз талғауға қойылатын талаптар: сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі», - деген ғалым

- А) А. Байтұрсынов
- Ә) С. Сейфуллин
- Б) М. Әуезов
- В) Р. Нұрғалиев

69. «Қаламгердің стилі белгілі бір тарихи дәуірдегі көркемдік ізденістермен, заманның әлеуметтік, эстетикалық талаптарымен жалғасып жатады», - деген пікірді айтқан ғалым

- А) З. Ахметов
- Ә) Қ. Жұмалиев
- Б) Қ. Жүсіпов
- В) Қ. Ахметов

70. Еділді алып - елді алды,
Енді алмаған нең алды?
Кетейін десең жерің тар,
Кетпейін десең кәпір бар, - шумағының авторы

- А) Асанқайғы
- Ә) Қазтуған
- Б) Шортанбай
- В) Күдеріқожа

71. Еркелеп, еркіндеп,
Дәл менің жарымдай.

Жарқылдап, күлімдеп,
Еркелеп келді май
А) С. Мұқанов
Ә) Қ. Аманжолов
Б) С. Мәуленов
В) Ұ. Есдәулет

72. Қаламгердің жазу машығы, жеке шығарманың, әдеби бағыттың, ұлт әдебиетінің өзіндік сипатын танытатын бейнелер жүйесінің, көркемдік құралдарының жиынтығы

- А) стиль
- Ә) тіл
- Б) көркемдік
- В) шеберлік

73. «Сын» сөзінің грек тіліндегі мағынасы

- А) нақты ой айту
- Ә) пікір айту, диалог
- Б) талдау, талқылау
- В) талас, тартыс

74. «Сөз – жібек жіп, жыр – кесте» деген ақын

- А) Жанак
- Ә) Дулат
- Б) Абай
- В) Нарманбет

75. Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятындағы баяншы

- А) Көркемтай
- Ә) Қасым
- Б) Қасымжан
- В) Әбдірахман

76. Тарих ғылымы бойынша деректер мен айғақтарды, олардың түпнұсқаға қатынасын салыстыра зерттейтін сала

- А) мұрағаттану
- Ә) историография

- Б) библиография
- В) полеография

77. Белгілі бір сала бойынша ғылыми жүйеленген әдебиеттер көрсеткіші

- А) мұрағаттану
- Ә) историография
- Б) библиография
- В) полеография

78. Жазу тарихын, оның графикалық пішінінің шығу зандылығын зерттейтін сала

- А) мұрағаттану
- Ә) историография
- Б) библиография
- В) полеография

79. Бірыңғай көркем ұстанымдардың негізінде еңбектері арқылы өздерінің тұжырымдарын қалыптастырған әдебиетшілердің шағын тобы

- А) әдеби мектеп
- Ә) әдеби ағым
- Б) әдеби бағыт
- В) әдеби тәсіл

80. Романды «ұлы әңгіме» деп атаған ғалым

- А) әл-Фараби
- Ә) А. Байтұрсынов
- Б) С. Сейфуллин
- В) М. Әуезов

81. Қазақ ауыз әдебиеті туралы тұңғыш күрделі зерттеу еңбек әрі дәуір талабына сай мектеп, оқу орындарына арналған алғашқы оқулық

- А) әл-Фараби «Поэзия туралы»
- Ә) А. Байтұрсынов «Әдебиеттанымдық»
- Б) С. Сейфуллин «Қазақ әдебиеті»
- В) М. Әуезов «Әдебиет тарихы»

82. Зерттеуші М. Әуезов Абылай заманынан басталып, Абайға дейін созылған жүз жылдық дәуірді қалай атады

- А) тарихи жырлар дәуірі
- Ә) зар заман дәуірі
- Б) діни-ағартушылық дәуірі
- В) ағартушылық дәуір

83. XX ғасырдың басында қоғамдағы, әлеуметтік ортадағы әр қилы тартыс, дағдарыстардың салдарынан пайда болған философиялық-эстетикалық ағымдардың жиынтығы

- А) романтизм
- Ә) символизм
- Б) модернизм
- В) реализм

84. «Тирада» сөзінің мағынасы

- А) шоғыр
- Ә) шумак
- Б) ырғак
- В) пауза

85. «Ремарка» ұғымы қай жанрда қолданылады

- А) лирикада
- Ә) прозада
- Б) драмада
- В) толғауда

86. Пафос дегеніміз:

- А) қаламгердің шығармада көрінетін белсенді идеялық-эмоционалдық бағасы
- Ә) ақынның ішкі толғанысы
- Б) кейіпкерлердің өзара айтыс-тартысы
- В) автор-баяншының сөзі

87. Философиялық, тарихи, сыни, өмірбаяндық, моральдық, ғылыми-көпшілік сипаттарды қамтитын жанршілік түр

- А) лирика
- Ә) эссе

- Б) очерк
- В) фельетон

88. Естелік дегеніміз:

А) тарихи, әдеби және өмірбаяндық мәліметтерге жанама құжат ретінде қызмет атқаратын баян

Ә) қандай да бір тарихи дәуір келбетін жанды суреттер, нақты адам тағдырлары арқылы көрсететін ұғым

Б) Ойлану, толғану, ойталқы түрінде келетін баяндау

В) оқиғалар мен әлеуметтік мәселелер, жеке адамдар тағдыры кең суреттелетін жанр

89. Оқырман мен баяндаушы арасындағы байланысты белгілейтін тілдік негіз

А) суреттеу

Ә) монолог

Б) баяндау

В) диалог

90. Ақиқат өмірді танып-білу мен сараптаудан, бейнелеуден туатын тұтастық

А) мазмұн

Ә) портрет

Б) мәтін

В) эпизод

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Әдебиеттануға кіріспе пәні, салалары.....	5
Көркем өнер. Көркем әдебиет – сөз өнері.....	9
Әдеби ағым-бағыттар.....	12
Әдеби даму.....	18
Тақырып пен идея.....	21
Әдебиеттегі тек пен түр.....	25
Әдеби жанрлар.....	29
Лирикалық шығарма. Лирикалық кейіпкер.....	33
Көркем туындының сюжеттік құрылымы.....	36
Көркем туындының композициялық құрылымы.....	40
Әңгіменің жанрлық ерекшелігі.....	43
Хикаяттың жанрлық ерекшелігі.....	46
Романның жанрлық ерекшелігі.....	53
Әдеби бейне.....	57
Көркемдік стиль.....	61
Эссенің жанрлық ерекшелігі.....	65
Өмірбаян жанрының Ерекшелігі.....	70
Автор және көркем мәтін құрылымы.....	73
Көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт бірлігі.....	78
Троптың түрлері.....	84
Тапсырмалар.....	88
Өздік жұмыс тақырыптары.....	88
Ағымдық бақылау тақырыптары.....	90
Аралық бақылау тақырыптары.....	91
Пайдаланылатын әдебиеттер.....	92
Практикалық сабақ жоспары.....	93
Мақсаты: Көркем туындының композициясы, басты компоненттері туралы мағлұмат беру.....	96
Тест сұрақтары.....	99
Мазмұны.....	115

Қ.М. Байтанасова

ӘДЕБИЕТТАНУҒА КІРІСПЕ

Оқу құралы

Пішімі 60x100 1/16
Тығыздығы 80 гр./м². Қағаздың ақтығы 95%.
Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.
Көлемі 116 бет. Шартты баспа табағы 7



«Эверо» баспасында басылымға
дайындалды және басып шығарылды
ҚР, Алматы, Байтұрсынұлы к., 22.
тел.: 8 (727) 233 83 89, 233 83 43,
233 80 45, 233 80 42
e-mail: evero08@mail.ru